Өзінің «Күнделіктілік ұғымы жөнінде» мақаласында: күнделіктілік азды, көпті болмасын жеке дара құрылымдық ершелікке ие емес, бірақ белгілі бір әлеуметтік тап құрылымының құрамдас бөлігі болып табылады деп түсіндірген. Бір ғана тапты жеке қарастыруға болмайды, сондай-ақ күнделіктілік бүкіл қоғамның билік құрылымының бөлігі саналады [7; 24] деген. Сондай-ақ Н. Элиас алғашқылардың бірі болып қоғам мен жекелеген адамдарды бір-бірінен айыруға болмайтын, күрделі, әрі үнемі өзара байланыс, өзгеріс үстіндегі құрамдас аспекті [8] ретінде қарастырушы саналды. Әрине, Элиас идеясы өзінен кейінгі жаңашыл заман зерттеушілер талдауларынан өтіп біршама жоғары бағаланды; олардың ойынша, ғалым әлемдік гуманитарлық ғылымға дамушылықты күнделіктілік өмір деңгейінде тануды енгізе отырып; тәрбие, тану, еңбек, билік және оларды ретке келтіру, әрі түрлі институттармен бекуіндегі байланысын көрсетті деп санады. Мұндай тәжірибе осы уақыттан бастап әлеуметтік ғылымдарға бағыт-бағдар болды. Кезекте жеке адам және оның төңірегінде өрбіген өмір, яғни өзін-өзі ұстауы, ынтасы, сезімі, ішкі толғанысы, сөйлеу мәнері, мәдениеті және т.б. әлеуметтік нормалар үдерісін қадағалау мақсатында күнделікті өмір мысалында қарастырылды. Осы саланы өрбітіп дамытқан франкфурттық мектеп өкілдері мен американдық әлеуметтанушылар [9,10] болды. Тұтас қоғамды зерттеуден гөрі, нақты өмір жағдайындағы жеке адам толғаныстарын зерттеу неғұрлым өнімді, әрі шыншыл ақпараттарға қол жеткізетінін француз мәдениеттанушысы А. Лефевр өз жұмыстарында [11] жазған.

Сондай-ақ күнделіктілік тарихының жан-жақты дамуына американдық тарихи мәдениеттану және тарихи антропология саласының өкілі К. Гирц идеялары ықпал етті. Гирц таңсық мәдениет өкілдерін түсіну мақсатында этнографиялық мәліметтерді этнологиялық тұрғыдан талдау нәтижелері күнделікті адамның тыныс-тіршілігі тәжірибесі деп түсінген [12].

Өткенді зерттеу бойынша күнделіктіліктің ғылыми мүмкіншіліктерін алғаш айтқан француз зерттеушілері болды. Тарихты тек қана саяси-оқиғалық, экономикалық немесе соғыстар мысалында емес, жан-жақты тұтас қарастыру арқылы қалпына келтіру жөніндегі міндетке көңіл аударып, осы сияқты тарих-антропологиялық тәсілді өз жұмыстарының негізіне айналдырған М. Блок, Л. Февр, Ф.Бродель болды [1].

Ф.Бродель зерттеулерінде «күнделіктілік құрылымы» түсінігі төңірегінде және жоғарғыдағылардың мәдениеті төмендегілермен қалай қабылданатынына көп көңіл бөлінді. Сондай-ақ ол адами психология мен тәжірибенің «тауар-ақша», «қаржы», «сауда қарым-қатынасы» сияқты абстрақтық түсініктерге қарағанда, жалпы қоғам экономикасына ықпал етуші басты фактор екенін көрсете білді. Оның «Күнделіктілік құрылымдары» [13] атты еңбегі тарихи зерттеулерді қайта қарап, оқиғалық саяси тарихтан, экономикалық дамудың жалпы заңдылықтарынан тарихи-психологиялық, тарихи-демографиялық, тарихи-мәдени жақтарын зерттеуге өтуіне ықпал етті. Бродель ізбасарлары «Анналар мектебінің» екінші әрі жаңа толқыны оның әдістерін нығайту мақсатында адамдардың өмір сүру әдетінің олардың тұрмысы мен мінез-құлқымен байланыстылығының маңыздылығын алға тартты. Бродель зерттеулерінің ықпалы француз тарихнамасынан асып көптеген елдердің медиевистері мен ортағасыр мамандарының қолдауына ие болды. Енді жаңа бағытты ұстанушылар өз зерттеулерінде негізгі көңілді тек қана ұжымдық топқа ғана емес, жекелеген индивидтер құндылықтарына: санасына, өзін-өзі ұстау стереотиптеріне бөлді. Яғни, Бродель бойынша, «уақыт лебін» түсіну үшін адамның санасын, психологиясын, әлеуметтік өзін-өзі ұстау тәртібін зерттеу саналды. Сондықтан да «Анналар мектебінің» алғашқы өкілдерінің ізбасарлары, мысалы, Ресейде А.Я.Гуревич [14] еңбектері этнологиядан гөрі, әлеуметтік психологиямен сабақтастықта жазылған.

Неміс, француз зерттеушілерінен бөлек бұл бағытты «микротарих» деп түсіндіру Италияда орын алды. 1980 жылы К.Гинзбург пен Д.Леви басшылығымен «Микротарих» ғылыми саласы құрылды. Микротарихтық тәсілдің маңыздылығы, біріншіден, жекелеген, қарапайым адамдардың өмірін қайта қалпына келтіру (осы тұста күнделіктілік тарихымен сабақтасуы көрінеді); екіншіден, күнделіктілікті қайта қалпына келтіру бойынша әдіс ретіндегі маңыздылығы, мысалы, тарихта болмай қалған немесе кенеттен болған жағдайларды ашу [15]; үшіншіден, тарихи зерттеулерде автобиография мен биографиялар орнын жана көзқараспен түсіну, олардың тарихи үдеріс бейнесін қалыптастырудағы маңызды рөлін мойындау. Осы арқылы күнделіктілік тарихы «жеке өмір тарихымен» және «ауызша тарихпен» жақындай түседі. Осы тұста АҚШ-тың «Жаңа мәдени тарихының» тууы, яғни әлеуметтануда «жеке жағдайларды зерттеулерде» пайда болғаны еске түседі; төртіншіден, нақты айтқанда, микротарих әдеттегі тәжірибені ғана емес, сонымен қатар соғыс, революция, террор және

аштық сияқты экстремалды жағдайларды бастан өткеруді зерттеу нысанына айналдырған сала. Әрине, мұндай жағдайларға көңіл бөлу алдыңғы тарихшылармен ескерілгенмен, өтпелі, дағдарыс дәуірлерін күнделіктілік тарихының негізгі зерттеу назарына қойған микротарих болды.

Бродель мен микротарих өкілдері үшін өткенді жаңаша түсіну үшін «төменнен» («төменнен зерттеу тарихы») бастау керек болды. Мұндай тәсіл тарихи зерттеудің пәнін «кішкентай адам» етті, енді әр түрлі топ өкілдерінің тарихи зерттеу нысанына айналуына құқы болды. Макротарихи және микротарихи деңгейде болмасын күнделіктілік өмір үдерісі зерттеліп, өткендегі мен бүгінгі күн адамының ерекшеліктері анықталып, бұл тәсіл жоғарғы тап өкілдерін зерттеудің әдістерін өзгертті. Әрине, жоғарғы тап өмірі бұрында қызығушылық танытқанмен, «қатардағы» адам күнделіктілігі қолға алынғаннан бастап жаңа зерттеу кезеңіне өтті. Мұнда басқа зерттеу міндеттері қойылып, жоғарғы тап өкілдері мен оларға тәуелді «қатардағы» адамаралық байланыс тұрғысынан анықтау жұмыстарын іске асыру қолға алынды.

XX ғасырдың 80-жылдарында герман тарихшыларында «Тарихи антропологияны қалай түсінуге болады?» деген сұрақ төңірегінде әр түрлі көзқарас орнықты. Пікірталастардың ортақ тұжырымға келуіне 1983 жылдың наурыз айында Дюссельдорф университетінде өткен коллоквиум себеп болды, оқылған материалдар бойынша 1984 жылы «Тарихи антропология. Тарихтағы адам» деген атаумен жинақ жарыққа шықты [16]. ...Тарихи антропология бағдарламасын дамыту мақсатында бірнеше бағыт ұсынылды, біріншісі Фрайбург институтының өкілі Т. Ниппердеймен (Ю. Мартин басқарған), екіншісі Геттинген қаласындағы Макс Планка атындағы институт өкілі Ханс Медикпен (әлеуметтік этнологиялық тарих бағыты), үшінші бағытты Штутгарттағы Әлеуметтік зерттеулер институтының өкілі Август Ничке ұсынды. А. Ничке уақыт ішіндегі адамдардың өзін-өзі ұстау тәртіптерін зерттеу басты міндет деп, бағыт «өзін-өзі ұстау тәртіптерін тарихи тұрғыдан зерттеу» деген атауға ие болды. Штутгарттық мектептің зерттеу бағдарламасы бойынша «өзін-өзі ұстау тәртіптерінің» тиімді тұсына (салдарды), яғни нәтижесінде әлеуметтік өзгерістерге әкелетін жағына, көңіл бөлу бірінші орынға қойылды. Бір қызығы, аталған үш бағыттың ешқайсысы елдегі тарихшылар басын біріктіретін шын мәнісіндегі ықпалды бағытқа ие болмады. Жетістікке жеткен 80-жылдары қалыптасқан күнделіктілік тарихы болды. 80-жылдары елде жеке басының, отбасының, мекенінің өткен тарихын зерттеуге деген ынта, әуесқой тарихшылар тарапынан көтеріліп, кәсіби тарихшыларға қарсы дами түсті. Кезекте тарихи шеберханалар ұйымдастырылып, «ауызша тарихи» тәжірибе қолға алынды, яғни қария адамдардан өткен тарихты жазып алу кеңінен тарады. «Кішкентай адамның» өткені мен басынан кешкендеріне деген қызығушылық «Күнделіктілік тарихы», немесе «Төменнен зерттеу тарихы», деген атауға ие болды, сондай-ақ қоғам өмірінің демократиялану үдерісіне ықпал етті. Әрине, академиялық ғылымның өкілдері өз тарапынан «күнделіктілік тарихын» кәсіби тарихтың негізгі принциптерін жоққа шығару тұрғысынан ойлап табылған әрекет деп сынға алғанмен, нәтижесінде осы атаумен сол бағыт бойынша өз тұжырымдарын ортағы сала бастады [16].

Германияда «Күнделіктілік тарихын» ғылыми тұрғыдан өңдеуге ірі үлес қосқан Геттингендегі Макс Планка атындағы институттың қызметкері Альф Людтке. Оның зерттеу пәні — XIX–XX ғғ. герман жұмыскерлерінің тарихы. Яғни сол уақыттағы герман жұмыскерлерінің күнделікті өмірін бақылау арқылы шындыққа көз жеткізу, алға қойған сұрақтарға жауап алу. Автор зерттеу объектісіне алынған тақырып мысалында «еңбек», «соғыс», «билік» сияқты түсініктердің тарихтағы орнын зерттеудің жаңа әрі тиімді тәсілдерін және күнделіктілік тарихы саласының зор ғылыми мүмкіншіліктерін көрсетті. Осы жылдың соңына қарай «күнделіктілік тарихы» ел шеңберінен асып жан-жаққа тарала бастады. Осы сала тарихшылары Германиядағы ұлтшылдық феноменін зерттеу бойынша біршама жетістіктерге жетті. Тақырыпты ішінен ақтарып «қатардағы адамдар» көзқарасы арқылы (еркімен немесе еріксіз қатысушалар көзімен) Германиядағы фашистік диктатураны зерттеу қолға алынды. Германияда күнделіктілік тарихы өкілдері өзге елдермен салыстарғанда негізгі көңілді алыс емес уақытта болып кеткен, яғни XX ғасыр ширегіндегі, адамзат тарихымен айналысуға арнады [16].

Күнделіктіліктің антропологиялық тұрғыдан бағытталған салалармен жақын болып келетінін ескерген жөн, мысалы, микротарихаралық тығыз байланыс; уақыт өте Германияда күнделіктілік тарихы микротарих, менталдық тарих, мәдениет тарихымен бірігіп қызмет ету жолына түсті. Сонымен қатар өз шеңберін қажет немесе тиімді салалармен байланыстыру арқылы кеңейіп келеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Пушкарева Н.Л. «История повседневности» как направление исторических исследований. — [ЭР]. Режим доступа: http://www.perspektivy.info/.../istorija_povsednevnosti (дата обращения 13.06.2014).
- 2 Людтке А. «История повседневности» в Германии после 1989 года // Казус. — 1999. — М., — 1999. — С. 121.
- 3 Девятко И. Модели объяснения и логика социологического исследования. — М.: ИС РАН, 1996. — С. 93.
- 4 Фрейд З. Психопатология обыденной жизни. — СПб.: Азбука-классика, 2010. — 220 с.
- 5 Мотрошилова Н.В. Принципы и противоречия феноменологической философии. — М.: Высш. шк., 1968. — 128 с.
- 6 Ионин Л.Г. Понимающая социология. Историко-критический анализ. — М.: Наука, 1979. — С. 116.
- 7 Калинина О.С. Повседневная жизнь немецкого крестьянства: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. — Саратов, 2012. — С. 9.
- 8 Осипов Г.В., Митина С.М. Конфронтация социологических идей / Отв. ред. Г.В. Осипов. История социологии в Западной Европе и США. — М.: Норма, 2001. — С. 522.
- 9 Маркузе Г. Одномерный человек. — М.: Reft-book, 1994. — 368 с.; Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. — М.: Медиум, 1995. — 323 с.
- 10 Гарфинкель Г. Исследования по этнометодологии. (Мастера социологии). — СПб.: Питер, 2007. — 335 с.
- 11 Lefèbvre H. *Everyday Life in the Modern World*. — London: Penguin Press, 1971.
- 12 Гириц К. Интерпретация культур / Пер. с англ. — М.: Российская полит. энцикл. (РОССПЭН), 2004. — 560 с.
- 13 Бродель Ф. Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII. — Т. 1. Структуры повседневности. Возможное и невозможное. — М.: Прогресс, 1986. — 623. — С. 14.
- 14 Гуревич А.Я. Исторический синтез и «Школа Анналов». — М.: Индрик, 1993. — 328 с.
- 15 Schulze M. (ed.) *Sozialgeschichte, Alltagsgeschichte, Micro-Historie*. — Göttingen, 1994. — S. 65–80.
- 16 Кром М.М. Историческая антропология. — [ЭР]. Режим доступа: // countries.ru: [сайт]. URL: <http://www.countries.ru/library/anthropology/krom/> (дата обращения 13.06.2014 г.).

А.Н.Муқанова

История повседневности

В статье рассматривается относительно новое в исторической науке направление — история повседневности, появление которой — «историко-антропологический поворот» в гуманитарной мысли Запада. Центральной проблемой исследования является изучение возникновения направления «история повседневности», его истоков, структуры и содержания понятия «повседневность», предмета истории повседневности, методов изучения истории повседневности. В работе анализируются теоретические разработки основоположников данного направления и школы, разработавшей его основы. Также определены историографические проблемы и анализ основных теоретико-концептуальных положений по повседневности в работах западных ученых XX в.

A.N.Mukanova

History of Everyday Life

The article discusses about the relatively new in historical science direction, we are talking about the history of everyday life. The emergence of the history of everyday life, the so-called «historical-anthropological turn» in the liberal thought of the West. The Central problem of the study is to explore the emergence of direction «the history of everyday life», its origins, structure and content of the concept of «everyday life», the subject of the history of everyday life, methods of studying the history of everyday life. The work discusses the theoretical development of the founders of this field and the school developed the Foundation for the history of everyday life. And historiographical problems and analysis of the main theoretical and conceptual provisions of everyday life in the works of Western scholars of the twentieth century.

References

- 1 Pushkarev N.L. *The history of everyday life» as the direction of historical research*, [ER]. Access mode: http://www.perspektivy.info/.../istorija_povsednevnosti (date of 13.06.2014).
- 2 Ludtke A. *Kazus*, 1999, Moscow, 1999, p. 121.
- 3 Deviyatko I. *Models explanation and logic of sociological research*, Moscow, 1976, p. 93; Moscow: IS RAS, 1996, p. 93.
- 4 Freud Z. *Psychopathology of Everyday Life*, Sankt Petersburg, 1997; Moscow: Azbuka-classic, 2010, p. 220.

- 5 Motroshilova N.V. *Principles and contradictions of phenomenological philosophy*, Moscow: Vysh. shk., 1968, 128 p.
- 6 Ionin L.G. *Interpretive sociology. Historical-critical analysis*, Moscow: Nauka, 1979, p. 116.
- 7 Kalinina O.S. *The daily life of the German peasantry ...: Abstract of dis. ... candidate of historical sciences*, Saratov, 2012, p. 9.
- 8 Osipov G.V., Mitina S.M. *The confrontation of sociological ideas / Holes*, Ed. G. Osipov. *History of Sociology in Western Europe and the United States*, Moscow: Norma, 2001, p. 522.
- 9 Marcuse G. *Dimensional Man*, Moscow: Reft-book, 1994, p. 368; Berger P., Lukman T. *The Social Construction of Reality*, Moscow: Medium, 1995, p. 323.
- 10 Garfinkel H. *Studies on ethnomethodology. (Master of Sociology)*, Sankt Petersburg: Peter, 2007, 335 p.
- 11 Lefèbvre H. *Everyday Life in the Modern World*, London: Penguin Press, 1971.
- 12 Geertz K. *Interpretation of Cultures / Trans. from English*, Moscow: «Rossiskaya Politicheskaya Encycl.» (ROSSPEN), 2004, 560 p.
- 13 Braudel F. *Material civilization, economics and capitalism XV–XVIII*, Vol. 1: Structures of everyday life. Possible and impossible, Moscow: Progress, 1986, 623 p.
- 14 Gurevich A.Ya. *Historical synthesis and the «Annales school»*, Moscow: Indrik, 1993, 328 p.
- 15 Schulze M. (ed.), *Social history, history of everyday life, Micro history*, Göttingen, 1994, p. 80.
- 16 Chrome M.M. *Historical Anthropology* [ER]. Access mode: <http://www.countries.ru/library/antropology/krom/> (date of 13.06.2014).

ӘОЖ 94.574.3

Ж.А.Жұмабеков, Н.Ж.Ахметжанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: azmukhan@mail.ru)

Ұлытау өңірінің тарихи топонимикасы

Мақалада ескіден келе жатқан жер-су атаулары — халық жадының, ұлттық, тарихи сананың жарқын көрінісі, Орталық Қазақстанның ауқымды өңірлерінің бірі болып келетін «түркі әлемінің бесігі» — Ұлытау өңірінің топонимикасы зерттеліп, топонимикалық жүйесіне талдау жасалды. Қазіргі кезде еліміздің ономастикалық сұраныстардан туындаған, тарихи топонимика зерттеулері қарастырылды.

Кілт сөздер: тарихи, топонимдер, дәуір, этнонимдер, өлкетану, түркі әлемі, өңір тарихы.

Тарихи топонимдерге ерекше көңіл аудару бүгінгі күнгі еліміздегі ономастикалық ізденістерге деген сұраныстан туындап отыр. Топонимикалық атаулардың пайда болу тарихын анықтау, бір жағынан, отандық тарихымызды танып-білуге мүмкіндік берсе, екінші жағынан — өлке тарихын да жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туғызады. Географиялық атаулардың жиынтығын топонимия деп атайды [1]. Топонимиканың тарихпен байланыстылығы сөзсіз, халықтар өмір сүреді, қоныс аударады, ал олардың тау, өзен, көлдерге берген атаулары сақталып қалады. Бұл туралы белгілі орыс ғалымы С.Б.Веселовский былай деп жазады: «Топонимический материал, вследствие присущей ему живучести, «консервативности», как говорят ученые, является очень ценным, – более ценным, чем данные археологии, — материалом» [2]. Сол себептен де, кезкелген топонимикалық атаулар белгілі бір тарихи оқиғалармен немесе тарихи үрдіспен байланысты деп айта аламыз. Бірақ барлық топонимдердің тарихын анық көрсету мүмкін деу қателікке ұрындырады, олардың көбісінің пайда болуын тек жалпылама тарихи үрдістермен байланыстыруға болады. Осындай топонимдердің ішінде нақты тарихи оқиғаларға, тарихи тұлғаларға қатыстылары және т.б. болады, яғни ондай топонимдердің қалыптасуының нақты тарихи себептерін айта аламыз. Бұл тұрғыда топонимика тарих үшін құнды мәліметтер бере алады. Топонимикалық атаулар сол жерді мекендеген халық туралы, олардың тарихына байланысты түрлі фактілерді қалпына келтіруге, анықтауға мүмкіндік береді. Біздің мақаламызда топонимдерді зерттеу осы тұрғыда жүргізілмек.

Тіл ғылымы саласында топонимикалық зерттеулер де кеңінен орын алып, қоғамдағы қажеттіліктерді өтеуде өз қызметін атқарып отыр. Ал, бүгінгі күні топонимиканың қоғам үшін қажеттілігі сөзсіз. Тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасы бұрынғы отаршылдық дәуірінің түрлі сарқыншақтарын бойынан сыпырып тастап, жаңа егеменді қоғам қалыптастыруда.

Барлық елдерде бұрынғы замандардан бері қоршаған ортадағы объектілерді сөз арқылы белгілеу әдісі қолданылып келеді. Сол сияқты, барлық халықтарда тарихи үрдістердің топонимикалық атауларда сақталу заңдылығы да қалыптасқан. Ондай топонимдерден белгілі бір тарихи оқиға туралы немесе тарихта белгілі болған тұлға туралы мәліметті кездестіруге болады.

Кез келген өңірдің тарихы қазақ тарихының құрамдас бөлігі болып табылады және осы территорияларда қалыптасқан топонимикалық жүйе өлке тарихы үшін де, отан тарихы үшін де өте мол тарихи ақпарат береді деп есептейміз. Бұл тұжырым кез келген өлкенің топонимикалық жүйесіне қатысты және отандық ономастиканы зерттеуші-мамандардың пікірі де осыған саяды: «Белгілі бір аймақтың топонимиканы тарихи қалыптасады. Онда өткен дәуір топонимдері сақталады, сондықтан топонимдердің әр қабаты тарихи дәуірге, сол аймақта қоныстанған халық тарихына қатысты «қаттамаға» теңейді» [3; 62].

Сонымен бірге тарихи топонимдерді зерттеу өлкетану саласымен байланысты болып табылады және топонимикалық мәліметтер өлкетанудағы мәліметтердің негізгі деректік қорын құрайды. Өлкетану саласының маңыздылығы, тарихшы Х.М.Әбжановтың пікірінше, бүгінгі күнде ерекше мәселе болып табылады: «Отан тарихының өлкелік ерекшеліктерінен экономикадағы, әлеуметтік құрылымдағы, тілдегі, ділдегі, салт-дәстүрдегі бұрын барша қоғам қастерлеген, қазір ішінара сақталып қалған құндылықтар мен ұстанымдарды байқай аламыз» [4; 142]. Өлкетану саласының дамуы мен қоғамдық ерекшелігі де зерттеушінің көзқарасында «өлке тарихын жаңаша, ұлттық реңкі қанық мазмұнда жазу керек» деген пікірге ұштасады және де «өлкетану тезге салынбай, ұмытылған есімдерді жаңғырту, бұрмаланған атауларды түзеу, ойрандалған ономастиканы қазақтандыру алға баспайды, жүйесіздікке ұрынады» деп осы саланың маңызды міндеттерін алға тартады [4; 142,143]. Тарихи топонимдерді зерттеудің де осы міндеттерді жүзеге асыруда өз үлесін қосары сөзсіз.

Тарихи топонимика дегеніміз не? Бұл ғылым саласы, біздің ойымызша, белгілі бір жерлерде немесе кез келген жерлерде адамдардың өміріне, тұрмыс-тіршілігіне маңызды оқиғалар болып, олар тарихқа айналады. Тарихи топонимика саласының басты мақсаты – сондай топонимдерді анықтап, ол жерлерде болған оқиғаларды сипаттау. Біріншіден, топонимдердің атауында тарихи оқиғаның болғандығы туралы мәлімет беріліп тұруы мүмкін. Қарапайым мысал келтірейік: «Қалмаққырылған», яғни осы арада қалмақ әскерлерінің соғыста жеңіліс табу оқиғасы туралы мәлімет сақталып тұр. Мұндай топоним атауы белгілі тарихи тұлғалардың атымен де аталуы мүмкін. Мысалы, «Ағыбай өткелі» — бұл жерде Кенесары көтерілісінің белді батыры Ағыбай туралы мәлімет сақталған немесе «Құнанбай қонған» — мұнда белгілі тарихи тұлға Қарқаралы аға сұлтаны Құнанбай туралы мәлімет беріледі. Екіншіден, жер-су атауларынан тарихи оқиғалардың болғандығын анықтау мүмкін емес болады. Мұндай жағдайда әр түрлі тарихи деректерде кездесетін топонимдер мен сол жерде болған оқиғаларды анықтау қажеттігі туады. «Бұл үрдіс тарихи деректерді қайта сипаттауға айналып кетпей ме деген?» заңды сұрақ тудырады. Әрине, бұл осындай жағдайға алып келуі мүмкін. Бірақ, ол үшін тарихымыздың дерек қоры сұрыпталып, жан-жақты талдаудан өткізілген болса, онда тек аталмыш жер-су атауларын карта бетіне түсіру және тарихымызды картаның көмегімен түсіндіру мәселесі ғана зерттеушілерді толғандырар еді. Ал, әзірге Қазақстан тарихы тәуелсіз Республика болғаннан бері жаңадан жазылып жатқанын, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастауымен «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде ел тарихының деректерін жинақтау және ғылыми айналымға енгізу мәселесін алға қойылғанын ескерсек, тарихи топонимдерді зерттеу арқылы қазақ тарихының әлі де болса белгісіз немесе түсініксіз тұстарын анықтауға болады деп есептейміз.

Кез келген елдің өткені мен бүгінінің сабақтастығы оның жер-су атаулары — топонимдері арқылы көрініс табады. Қазақ елінің де жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Осы себепті де және еліміздің басынан өткен «сан қилы» заманда көптеген топонимдердің өзгеріске ұшырауына, ұмыт болуына байланыста да жер-су атауларын зерттеу бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қазақ ономастикасының жетістіктері мен болашағын зерделеген бағдарламалық жинақта да осы ой алға тартылған: «Бір жағынан, төткүл дүние ел мен жер, мемлекетті ең алдымен оның белгілі тұлғаларының есімдері мен жаһанға әйгілі жер-су таулары арқылы танытын болса, сондай-ақ ғылым мен білімді байыту көзі болса, екіншіден, ономастикалық мағлұматтар халқымыздың, өсер ұрпақтың ел жандылығын, өз еліне деген мақтаныш сезімін тербейтін, тәрбиелік рухани, мәдени маңызы аса зор фактордың біріне саналады» [5].

Ұлытау өңірінің территориясы Орталық Қазақстан өңірінде ең үлкен болып есептеледі. Ал, мұншама ұланғайыр территорияларда мыңдаған топонимдер орналасқан және бұл аудандар ежелден бері көшпелі тұрмыс-тіршілікке байланысты пайдаланылғандықтан, топонимикалық жүйесі өте бай

және ауқымды. Ұлытау территориясында орналасқан топонимдердің жүйесін анықтау қажеттілігі осындай себептерден де туындайды. Соңғы жылдары Ұлытау өңіріндегі Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл, Хан ордасы, Аяққамыр, Басқамыр, Болған-ана, Бескүмбез, Жұбан-ана, Ақ Мұстафа тағы басқа осы тәрізді тарихи-мәдени маңызы зор ескеркіштер Қарағанды мемлекеттік университеті ғалымдары тарапынан зерттеліп келеді [6].

Қарағанды облысы бойынша жүргізіліп жатқан топонимикалық зерттеулердің негізінде 9 ауданның топонимикалық сөздігін құрастыру жүргізілді [7]. Сөздікті құрастыру барысында атаулардың классификациясы мен типологиясын жасау қажеттілігі туындап, әрбір аудан территориясындағы атауларды төменгідей түрде 4 бөлімге жүйеленді: 1) елді-мекен атаулары (ауыл-қыстау); 2) сулы жер атаулары (өзен-көл, бұлақ-құдық, тоған); 3) таулы жер атаулары (тау-тас, құз-шатқал, сай-сала, шың, биік, дөң, қырат, белес, адыр); 4) ғұрыптық ескерткіштер атаулары (бейіт, күмбез, мола, кесене, зират, қорым, құлпытас).

Тарихи топонимика саласында зерттеу жүргізуде бірінші кезекте топтастыру мәселесін айқындауды қажет етеді. Қарағанды облысының топонимикасын зерттеушісі А.Жартыбаев: «Қарағанды өңірі топонимдерінің жүйесі күні бүгінге дейін өз алдына жеке зерттеу объектісі болмай келді», — деп жазады [8]. Топтастыру мәселесін анықтау арқылы тарихи топонимдерді жүйелеу мүмкіндігі туындайды және бұл зерттеу жұмысының толықтығы мен жан-жақтылығына жол ашады.

Қазақстан ғалымдары тарапынан түрлі топтастыру модельдері ұсынылып және қолданылып жүр. Бұл топтастырулардың негізгі принциптерін анықтап алмай, көтеріліп отырған мәселе өз шешімін таппақ емес.

Топонимика саласында алғашқы топтастыру нұсқасын жасаған А.Әбдірахманов болды. Оның топонимдік атауларды мазмұнына қарай бірнеше топқа біріктіріуі келесідей:

1. Адам есімдері бойынша аталатын географиялық объектілер (антропонимдер).
2. Ру атаулары бойынша аталатын топонимдер (генотопонимдер).
3. Халықтың атауын көрсететін топонимдер (этнотопонимдер).
4. Өсімдік атауы бойынша қойылған топонимдер (фитотопонимдер).
5. Жануарлардың атауы бойынша қойылған топонимдер (зоотопонимдер).
6. Географиялық объектілердің түр-түсін көрсететін топонимдер.
7. Объектілердің санын көрсететін топонимдер.
8. Белгілі бір уақыттарда болған оқиғалар бойынша аталған топонимдер.
9. Ұқастырылып қойылған топонимдер.
10. Географиялық немесе басқа да терминдер арқылы қойылған топонимдер.
11. Географиялық объектілердің сапасын, қасиетін және көлемін көрсететін топонимдер.
12. Басқа тілдерден енген және көне сөздерден қалыптасқан топонимдер.
13. Революциядан кейінгі әлеуметтік оқиғалармен байланысты қойылған топонимдер [9; 45–55].

Белгілі ғалым Т.Жанұзақтың ономастика мәселелеріне арналған еңбегінде Қазақстан топонимикасын топтастыру мәселесі айтылған. Онда автор атаулардың түрлерінің табиғи-тұрпаттық және территориялық-әкімшілік географиямен байланысты деп көрсете отырып, жер-су атауларын келесідей ретпен топтастырады:

- 1) гидрографиялық: мұхит, теңіз, өзен, көл, тоған, арық, құдық атаулары;
- 2) орографиялық: тау, шың, биік, төбе, асу, жазық, орман, тоғай атаулары;
- 3) микротопонимдер: шалғын, батпақ, жайылым, төбешік және елді мекен, ауыл, тұрақтардың атаулары;
- 4) астионимдер: қала атаулары [10; 43].

Сонымен қатар Т.Жанұзақ республика топожүйесінен монғол-қалмақ, араб-иран және орыс тілінен енген атауларды ерекшелейді [10; 43].

Бұл жерде Т.Жанұзақтың Қазақстан топожүйесіндегі лингвистикалық топтастыру принципі тарихи кезеңдеу үрдісімен сәйкес келеді. Мысалға, араб-иран тілінен енген атаулар қазақ тарихының ежелгі дәуіріндегі сақ тайпалық қауымдастығы мен ортағасырлардағы араб басқыншылығының Орта Азия мен Қазақстан территориясына жетуі кезімен байланысты болса, монғол және қалмақ атаулары Алтын Орда мемлекетінің құрылуы мен Қазақ хандығының Жоңғар хандығымен алма-кезек соғыстарын қамтитын кезеңдерге келеді. Ал, орыс тілді атаулардың жоғарыда келтірілген кезеңдер кейін пайда бола бастағаны Қазақстан тарихынан белгілі. XVIII ғасырдың бірінші ширегінен бастап орыс тілді атаулар Қазақстан топожүйесінің ажырамас атрибуты бола бастайды.

Топонимика саласын зерттеуші Е. Қойшыбаев Қазақстан территориясындағы топонимдердің құрамын, құрылымын, компоненттердің тіркесуін және тілдік бітімін ескере отырып, келесідей бес түрлі қабаттарды атап өтеді: «1) ежелгі тілдер элементтерін сақтап келе жатқан тым көне қабаттар (санскрит, үнді-иран тілдері элементтері: *тал, ар, бал, сар, гар, кан* және *-ын, -ін, -үн* қосымша түрлері); 2) шартты түрдегі түркі-монғол тіл бірлестігі элементтерін сақтап келе жатқан көне қабаттар (*ал, ала, бала, қар, шар, чар, көк, бай, тоғай* және *-ас, -ес, -аш* қосымша түрлері); 3) түркі тіл қабаттары немесе түркі тілдер семьясы құрамының ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (*й-шыл, ч-шыл, ж-шыл, дь-шыл* тілдер және *-ты, -сы* қосымша түрлері); 4) осы күнгі түркі тілдері ерекшеліктерін көрсететін қабаттар (қазақ, қырғыз, алтай, қарақалпақ, башқұрт, ұйғыр, түркімен, эзербайжан, өзбек және т.б.); 5) орыс тілі негізіндегі топонимикалық қабаттамалар, яғни, Э.М.Мурзаев айтуынша, «ең үстіңгі қабат» [11].

Бұл топтастырудан тарихи топонимикаға бірінші ұсынысты — ежелгі тілдер элементтері бар көне қабатты қабылдауға болады. Себебі ежелгі дәуірлерде қалыптасқан атауларды тек тілдік белгісінен ғана анықтауға болары күмәнсіз. Қазіргі кездегі тарихи топонимдердің ішіндегі кейбір атауларды жазбаша деректер арқылы мүмкін емес, ал тілдік белгісі арқылы олардың көне заманның мұрасы екені анықталары сөзсіз. Екінші кезекте, топтастыру принципі ретінде бесінші ұсынысты — орыс тілінен енген жер-су атауларын алуға болады. Себебі орыс тілді топонимдерді белгілі бір тарихи кезеңмен байланыстыра аламыз. Сонымен қатар Е.Қойшыбаев ономастика ілімінің үш саласын көрсетеді: «1. Топонимика — жер бетіндегі объектілердің тілдік құрамын, мән мағыналарын қарастыратын ілім; 2. Антропонимика — адам аттарының шығу тарихын қарастыратын ілім; 3. Этнонимика — ру, тайпа, ел аттарының шығу тарихын, құралу, ыдырау процестерін қарастыратын ілім» [11; 7,8]. Осы салалық көрсеткіштердегі антропонимика және этнонимика бөлімдері тарихи топонимикадағы топтастыру мәселесіне қолдануға болады деген ойдамыз. Мұндай мүмкіндікті белгілі ғалым Т.Жанұзактың тұжырымынан байқауға болады: «Этнонимиканың антропонимика және топонимикамен тығыз байланысты екенін нақтылы материалдардан көруге болады. Этнонимдердің басым көпшілігі — әуел бастағы антропонимдер (ру басы немесе сол рудағы беделді де белгілі адамдардың аттары). Топонимдерден, яғни жер-су аттарынан, ру, тайпа аттарының қойылуы сирек кездесетін құбылыс. Оған керісінше, жер-су аттарының ру, тайпа аттарынан қойылып отыруы жиі кездесетін, халық тарихына тән оқиға» [12; 78,79]. Сонымен қатар автор этнонимдердің лексикалық-семантикалық классификациясын жүргізіп, келесідей сегіз топқа бөледі:

- 1) тағы және үй жануарлары мен құстардың атынан: *киікші, бұғы, құлан (қыпшақ), шұбар айғыр, бұқа, кел бұқа, кет бұқа, бура, бұзау, тана, барақ, ителгі, күшік, бүркіт, қаз, қарға, қораз, торай* және т.б.;
- 2) табиғат байлықтары мен ауа райы құбылыстарының атауынан: *аспан, көктіңұлы, боранишы, қаржау, жаңбырлы, көкше, күн, танат, таңатар* және т.б.;
- 3) өсімдік әлемінің атаулары бойынша: *бидайшы, тарышы, бетеге, изен, шамбыл, орманышы, жаңғақбай, жидебай, қарағай, масақ* және т.б.;
- 4) әскери лексикадан: *жаулы, жорықшы, сүгірші, қарауыл, қырық мылтық, шанышқылы, батыр, балталы* және т.б.;
- 5) лақап аттар бойынша: *қосқұлақ, ошақты, арықтыным, қанжығалы, жарты, жетіру, қызылбөрік, қоңырбөрік, ожырай, ұзын, шимойын, шолақ* және т.б.;
- 6) географиялық атаулар мен қымбат металдардың аты бойынша: *жайық, еділ, сарытоғай, көкше, ақтас, қайнар, алтын, темір, болат, болатшы* және т.б.;
- 7) ру басыларының, көсемдерінің аты бойынша (бұл топ этнонимдер жүйесінде саны жағынан ең үлкен болып табылады): *абақ, айдабол, байғазы, байқұл* және т.б.;
- 8) әр түрлі лексикалық категориялардан: *базар, бозашы, екей, ерші, жетім, қазы, құл, құрама, қызай, молқы, олжашы, саба, тасжүрек, шегендік, мырза, жомарт* және т.б. [12; 306].

Тарихи топонимика үшін этнонимдердің маңызы жоғары. Қазақ халқының құрамында ежелгі дәуірден кейінгі ортағасырларда қалыптасқан ру-тайпа, тайпалық одақ, халықтардың атаулары сақталған. Ал, этнонимдік атаулар Орталық Қазақстанның топожүйесінен орын алып отыр. Ұлытау өңірінде қазақ, арғын, найман тәрізді этникалық қауымдастықтардың атауымен қойылған этнонимдер сақталған. Сондықтан да этнонимдердің этимологиясын анықтау тарихи топонимика үшін құнды материал болып табылады.

Зерттеуші А.Жартыбаевтың Қарағанды облысы көлемінде топонимикалық атауларды топтастыруы осы тақырыпқа тікелей қатысты және ол үлгі тарихи топонимиканың

классификациялық жүйесін қалыптастыру үшін маңызды болып табылады. Оның топтастыру жүйесі келесідей: «Біз ономаст-ғалымдардың классификациясына сүйене отырып, Қарағанды өңірі топонимдерін жалпы құрамы жағынан екі үлкен топқа бөлеміз: 1. Түркі тілдік топонимдік қабаттар. 2. Басқа тілдік топонимдік қабаттар. Түркі тілдік қабаттарды: а) көне түркі тілдік қабаттар; б) Байырғы қазақ тіліне тән қабаттастық (подпласт) деп жіктеп, басқа тілдік топонимдік қабаттарды ішінара төрт топқа бөліп қарадық: 1. Иран тіліне тән топонимдік қабаттар. 2. Араб тіліне тән топонимдік қабаттар. 3. Монғол тіліне тән топонимдік қабаттар. 4. Орыс тіліне тән топонимдік қабаттар» [8; 29]. Сонымен қатар тарихи топонимикадағы топтастыру мәселесі үшін ең маңыздысы лингвистикалық классификациялауды нақтылы тарихи кеңзеңдермен байланыстыру үрдісі зерттеушінің назарынан тыс қалмаған: «Хронологиялық тұрғыда түркі тілдік қабаттан соң иран тілдік және араб тілдік қабаттар келеді. Одан соң монғол, орыс тілдік топонимдік қабаттар орын алады. Ал бұл өңірдегі топонимдерінің негізгісі де, басым тобы да қазақ тіліне тән топонимдер. Облыс өңіріндегі монғол тілінен енген топонимдер негізінен орта ғасырға тән. Ал осы топонимдік қабаттардың ішіндегі ең жас, кейінгі қабаттағы топонимдері – орыс тіліне тән топонимдер. Қарағанды өңірі топонимдері құрамындағы топонимдік қабаттардың тарихи-хронологиялық тұрғыдан топтастырлуы негізінен осы тұрғыда қаралмақ» [8; 30].

А.Жартыбаевтың зерттеуі тарихи топонимика саласында топтастыру мәселесін біршама шешіп берді деуге болады. Тек тілдік топтастыру барысын хронологиялық принциппен байланыстыру барысында «түркі тілдік қабаттан соң иран тілдік және араб тілдік қабаттар келеді» деуі тарихшылар тарапынан едәуір күмән тудырады. Зерттеушінің түркі және араб тілдік қабаттары тарихтың ортағасырларымен байланысты болса, иран тілдік қабат бойынша бұл жорамал күйінде деуімізге ғана болады. Себебі көптеген зерттеушілер тарихтың ежелгі дәуірінен белгілі Қазақстан территориясын мекендеген сақ тайпаларын иран тілді деп дәлелдейді. Қалай дегенмен де, «түркі тілдік қабаттан кейін иран тілдік қабат келеді» деуіміз даулы мәселе.

Қазақ ономастикасын саралауға арналған соңғы еңбектердің бірінде қазақ онимдерінің лексикалық құрамына талдау жасалып, келесідей жүйелеу келтіріледі:

1. Орал-алтай тіл бірлестігіне тән қабат.
2. Араб-парсы тілдік қабаты.
3. Монғол тілдік қабаты.
4. Жалпы түркілік қабат.
5. Орыс тілдік қабаты [13; 50].

Ономастиканың теориясы мен тәжірибелік маңызын анықтауға арналған Г.Б.Мәдиева мен С.Қ.Иманбердиеваның зерттеу мәселелерінде топонимика саласының бірнеше топтастырулары көрсетілген. Оның ішінде тарихи топонимика саласына қатысты келесідей бөліністерді көрсетуге болады:

- Адам есімдері (антропонимдер, этнонимдер, генонимдер, элеуметтік жағдайына қарай адамдарды атау).
- Адамның рухани мәдениетін білдіретін атаулар (анимистік сенім, жергілікті рухты қасиет тұту, діни және мифологиялық көзқарастар).
- Әр түрлі тарихи оқиғалар т.б. [3; 65].

Ұлытау өңірінің тарихи топонимикасын зерттеу барысында алға қойылатын бірінші мәселе топтастыру болып табылады. Арнайы тарихи топонимика саласына арналған зерттеулердің болмауынан жалпы топонимика саласындағы топтастыру үлгілеріне шолу жасауға мәжбүр болдық. Қарастырылып отырған топтастырулардан тарихи топонимика саласына қолдануға мүмкін нұсқаларды пайдалануға болады деп есептейміз.

Тарихи топонимика саласы бойынша топтастыруда бірінші кезекте хронологиялық принципті ұстануымыз қажет. Себебі тарих кеңістік бойынша бірнеше кезеңдерден тұратын оқиғалар тізбегі екендігін ескеруіміз керек. Бұл жағдайда хронологиялық топтастыруға топонимикадағы тілдік (лингвистикалық) топтастыру біршама сәйкес келеді деуімізге болады. Мысалға, жоғарыда көрсеткендей, араб, парсы және моңғол тілінен енген топонимдер хронологиялық тұрғыдан ортағасырлық кезеңмен байланысты болып табылады. Ал, Қазақстан тарихының ежелгі дәуір тарихының кезеңіне шартты түрде үнді-иран тілдік элементтерін сақтап қалған топонимдерді немесе орал-алтай тіл бірлестігіне тән атауларды жатқыза аламыз.

Екінші жағынан, топонимика саласындағы этнотопонимика және генотопонимдерді зерттеу тәжірибесі де тарихи топонимика үшін маңызды. Халықтың немесе ру-тайпалардың атаулары да

белгілі бір тарихи кезеңдермен байланысты және мұндай топонимдерді хронологиялық тұрғыдан да, түрлік сипатпен де топтастыруға мүмкіндік бар. Мысалға, Ұлытау өңірінде орын алып отырған қазақ немесе арғын атаулары этнотопонимдер ретінде тарихи талдау жасауға мүмкіндік береді.

Үшінші кезекте, бұл тарихи тұлғалардың есімдерімен байланысты атаулар. Мұндай антропонимдік атаулар Қазақстан тарихының жаңа заман кезеңіне жатады. Әрине, Ұлытау өңірінде ортағасырлар тарихынан белгілі тарихи тұлғалардың есімдерімен аталатын топонимдер де бар (Едіге, Барак), бірақ көбінесе антропонимдік жер-су атаулары XVIII ғасырдың екінші жартысы — XIX ғасырда өмір сүрген адамдардың есімдері.

Қорытындылай келсек, тарихи топонимдерді топтастыруда бастысы хронологиялық принцип болмақ. Бұл тарихи зерттеулердің негізгі әдістемесі болғандықтан, кез келген тарихи зерттеулерде қолданылады. Топонимика саласында зерттеу жұмысын жүргізуде де осы принципті ұстану қажет. Отандық тарихмыздың өзекті мәселелерін зерделеуші-ғалым Х.Әбжанов Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабында Қазақстан аумағындағы руханияттың соңғы алты мың жылғы дамуы 12 кезеңге бөлінгенін атап көрсетеді [14].

Осы кезеңдеу бағытымен Ұлытау өңірінің тарихи топонимдерін топтастырсақ, келесідей төрт үлкен кезеңге біріктіруге болады:

1. Ежелгі дәуір топонимдері (б.э.д. I м.ж. – б.э. I ғ.): бұған орал-алтай, үнді-иран тілінен атауларды немесе сол заманның тарихынан мағлұмат беретін атауларды жатқызамыз.
2. Ортағасырлар кезеңінің топонимдері (II ғ. – XIV ғ.): бұған көне түркі тілінен сақталған, иран, моңғол тілінен енген және сол дәуірдің тарихи оқиғалары мен тарихи тұлғаларын айшықтайтын атауларды жатқызуға болады.
3. Қазақ хандығы дәуірінің топонимдері (XV ғ. – XVIII ғ.): бұл топқа қазақ елінің қалыптасуы мен дамуының тарихынан мәлімет беретін, қазақ халқын қалыптастырушы ру-тайпалардың және көсемдердің атымен аталған атаулар кіреді.
4. Жаңа заман топонимдері (XIX ғ.): мұнда қазақ тарихының Ресей империясына қол астына қарауынан бергі тарихымыздан көрініс беретін атаулар қарастырылады.

Ескіден келе жатқан жер-су атаулары — халық жадының, ұлттық, тарихи сананың жарқын көрінісі. Ұлытау өңірінің топонимикасы әр түрлілігімен ерекшеленеді. Өңірдің топонимикалық жүйесін талдау барысында атаулардың бірнеше түрлерін нақты көрсетуімізге болады.

Біріншіден, тарихи өткеніміздің белгісі болып табылатын 120 астам діни-ғұрыптық сипаттағы архитектуралық ескерткіштер белгілі бір жерге орналасқандықтан, топонимдік қызмет атқарып тұр. Мұндай ескерткіштердің хронологиялық шеңбері ерте ортағасырлардан XX ғасырдың бастапқы кезіне дейінгі аралықты қамтиды. Олардың ішінде ерте ортағасырлық дәуірге жататындары *Домбауыл дыңы*, *Қара дың*, *Қосұйтас* атаулары мазмұны жағынан аталмыш дәуірдің ескерткіштеріне жатқызылып отыр. Ә.Марғұланның жазуы бойынша, «тастан өріп жасаған биік дың архитектурасының жиі кездесетін жері — Орталық Қазақстан, оның ішінде Ұлытау ауданы. Бұл өлкеде онға тарта не бүтін, не бұзылып жатқан ескерткіш іргелері көрінеді» [15; 204]. Мұндай ескерткіштердің жасалу уақытына байланысты ғалым келесідей тұжырым жасайды: «Тастан дөңгелек үйлер, мұнаралар жасау Ғұн, Түрік қағанаты кезінде ерекше орын алған» және де бұл атаулардың өзі де сол ортағасырлар дәуірінен сақталып келе жатқаны да белгілі болып отыр: «Қыпшақ пен оғыздар төбесінде күмбезі бар ондай дөңгелек тас үйлерді «дың», «діңгек», «үй тас» деп атаған, ол сөздер қазақ пен түркімен тілдерінде сақталған» [15; 202]. Сонымен қатар оғыз-қыпшақ дәуірінің ескерткіштері де Ұлытау өңірінің топонимикалық жүйесін құрайды. Олардың ішінде ең белгілері *Болған ана*, *Белең ана*, *Талмас ата* болып табылады. Мысалға, Талмас ата кесенесі ескерткіш ретінде өмір сүруін тоқтатып, қазіргі күнде тек топоним ретінде сақталып отыр. Бұдан басқа, Ұлытау өңірінде моңғол дәуірінен сақталып қалған тарихи ескерткіштер де орын алып отыр. Олардың ішінде ең маңыздылары *Жошы хан кесенесі*, *Келінтам кесенесі*.

Екіншіден, Ұлытау өңірінде этнонимдік және генонимдік негіздегі 20 астам топонимикалық атаулар сақталған. Бұл топонимдердің қалыптасу кезеңі кейінгі ортағасырлардан XIX ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. Демек, бұл топонимикалық атаулар Ұлытау өңірі аталмыш кезеңдеріне сәйкес тарихи мәліметтердің дерек көзі бола алады.

Ұлытау өңірінде этнонимдік тұрғыда қалыптасқан топонимдер кездеседі. Топонимикалық зерттеу жүйесіне сәйкес мұндай атауларды этнотопонимдер деп атайды [9]. Белгілі ғалым А.Әбдірахмановтың «Қазақстан этнотопонимикасы» зерттеуі бүгінгі күнге дейін топонимдерден көрініс табатын этнонимдерді зерттеудің үлгісі болып табылады. Автор топонимикалық зерттеулердегі бұл

бағыттың негізін қалап, оның мән-мағынасын да ашып берді: «Топонимиканың кесек бір саласы – этнотопонимика, яғни ру, тайпа, халық аттарынан қойылған географиялық атауларды зерттеу бөлімі. Ал, этнонимдерден қойылған жер-су аттары *этнотопонимдер* делінеді» [16].

Ғылымда кезкелген халықтың этнонимін зерттеу маңыздылығы анық көрсетілген және де бұл ізденістердің нәтижесі халықтың этникалық құрамының шығу тегін, этногенез мәселесін анықтауға мүмкіншілік береді. Этнонимдер — тарих қатпарларының ажырамас бөлігі, халықтың пайда болуы, қалыптасуы тұрғысынан, түрлі тарихи үрдістерден мағлұмат беретін дерек. Сонымен қатар этноним халықтың дамуының түрлі сатысындағы қоғамдық қарым-қатынастарын немесе жекелей идеологиялық түсініктерін көрсетеді [17].

Этнолог-ғалым Я.В. Чеснов «этноним халықтың сипаты емес, атауы» деп тұжырымдап, этнонимді ғылыми зерттеуде терминнің жалпы есімнен жалқы есімге ауысын анықтау тарихи тұрғыдан басты міндет болып табылады деген қорытындыға келеді [18].

Топонимикалық мәліметтердің негізінде Вл.Гордлевский Кіші Азиядағы оғыз тайпаларының қоныстану ауқымын анықтау тәжірибесі тарихи тұрғыдан топонимдерді зерттеудегі әдістемесі ретінде қолдануға болатынын көрсетіп берді [19]. Бұл кез келген территориялардағы топонимдердің құрамындағы этнонимдік атаулардың негізінде осы өңірдегі ру-тайпалардың қоныстануын немесе орын ауыстыруының тарихын анықтауға мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Ұлытау өңірінде қазақ халқының құрамындағы белгілі ру-тайпалардың атымен аталатын және жалпы түркі-монғол ру-тайпаларының аттарымен аталатын жер-су атаулары бар [20; 38, 40–41, 69, 147–148, 122, 135, 151, 159, 198, 204, 207]. Этнотопонимдердің жүйесін қалыптастыратын болсақ, оларды бірнеше категорияларға бөліп қарастыруға болады:

1) бірінші топқа — ірі этникалық қауымдастықтардың атауларынан қалыптасқан жер-су атауларын жатқыза аламыз (*қазақ, қалмақ, маңғыт, ноғай, сарт*);

2) екінші топқа — қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың аттарынан қалыптасқан этнотопонимдерді жатқызуымызға болады (*арғын, алышын, жаппас, қанжығалы, қыпшақ, қоңырат, тама, шекті, шөмекей*);

3) үшінші топқа — ұсақ ру атауларынан қалыптасқан топонимдерді біріктіруге болады (*бағаналы, балта, жүзбан, малқара және т.б.*).

Бұл жүйедегі бірінші топқа жататын этнотопонимдердің қалыптасуының хронологиялық қабаттары нақтылы анықталмаған. Мұндай жағдайда этнотопонимдердің қалыптасу кезеңдерін тек жорамал ретінде көрсету мүмкін деп ойлаймыз. Мысалға, «қазақ» этнонимімен байланысты топонимикалық атаулар шамамен XV ғасырдан кейін қалыптасуы тиіс. Себебі «қазақ» терминінің халықтың атауы ретінде қолданылуы XV ғасырдың соңғы ширегінде XVI ғасырдың бас кезінде екені белгілі. Сол сияқты «қалмақ» этнонимімен байланысты жер-су атаулары XVIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығымен тікелей байланысты деген тұжырым жасауға болады. Және де бұған тарихи негіз де бар. Мысалға, Ұлытау өңіріндегі «Қалмаққырылған» топонимі сол дәуірдегі қайғылы оқиғаның куәсі. Сонымен қатар, академик Ә.Х.Марғұланның пікірі бойынша, «XVI ғасырдан бері қарай исламнан бұрынғы мәдениет мұраларын, оның ішінде тас мүсіндерді, тастан соққан сәулет істерін, халық эпосындағы ежелгі батырлардың аттарын ислам дінінің шеңберіне сыйғыза алмай, оларды «дінсіздіктің белгісі» деп, тек қалмаққа жаба беру әдет болғандықтан, шыққан нәрсе. Міне, осының нәтижесінде ислам дініне қиғаш келетін, тарих заманнан келе жатқан ежелгі кісі аттарын, исламнан бұрынғы мәдениет белгілерін тегісімен қалмаққа тапсырып, «қалмақ», «қалмақ тас», «қалмақ оба» деп атау халық ортасында әдетке айналған» [15; 449].

Сонымен қатар жазба деректер «қалмақ» терминінің Алтын Орда мемлекетінде Өзбек хан мен оның баласы Әз Жәнібек тұсында Дешті-Қыпшақ көшпелілерінің ислам дінін қабылдауы барысында қалыптасқанын да көрсетеді: «Бұл Сұлтан-Мұхаммед Өзбек хан өзінің елімен, ұлысымен құдайдың рахымы арқасында бақытқа жеткен уақытта, әулие Сейіт ата оларды жаратушының құпия жарлығымен және күдіксіз белгісі бойынша Мәуераннахр аймағына ертіп келді, ал әулие Сейіт атаға сенім білдірмей, адалдықтан бас тартқандар — сол жерде қалып, «қалмақ» деп атала бастады, бұл сөздің мағынасы «қалуға бұйырылған». Сол уақыттан бастап осы себеппен келген адамдар өзбектер деп, ал сонда қалғандары қалмақтар деп аталды» [21]. Сондай-ақ Жәнібек ханның бұйрығымен елдегі барлық пұтханалар қиратылса керек.

Бұл мәліметтерді ескерсек, Ұлытау өңіріндегі «қалмақ» сөзімен байланысты топонимдердің барлығы «қалмақ» этнонимінен туындаған деп айталмаймыз және олардың қалыптасу уақыт шеңбері де ауқымды болмақ.

Сол тәрізді «Маңғыт», «Ноғай», «Сарт» этнотопонимдерінің Ұлытау өңірінен орын алуы, олардың қалыптасу кезеңдері мен пайда болу себептерін анықтауды қажет етеді. Мысалға, «Ноғай» этнонимімен байланысты жер-су атауларын анықтауда М.Ж.Көпейұлының шежіре жинақтарында қызғылықты мәліметтер кездеседі. Автор бұрынғы уақыттарда Сарыарқа өңірін ноғайлар мекен еткені туралы: «Күн шығыс жағы ашық намаз оқитұғын, құбылаға төрі тура дәл келетін тас қорғандар бар, ол ноғайлының қалмақ қамаған күнге намаз оқу жасаған, тастан жасаған қорғаны екен деп айтады. Сарыарқада жары терең, суы аз өзендер сол заманда ноғайлардың егін салу үшін қазған арығы екен. Шідерті өзенінің аяғында Ақжар, Сасай деген жер бар, ноғайлылардың кент салып, тақ құрған Бұқар, Қоқан хандары сықылды орда жасатқан жері екен», — деп жазады [22]. Мүмкін, бұл ортағасырлардағы Алтын Орда дәуірін сипаттайтын аңыз болса, онда «Ноғай» атауы топоним ретінде сол уақыттарда қалыптасты деп жорамалдауға болады.

Ұлытау өңірінде таза қазақ руларының атаулары: «Арғын», «Алшын», «Тама», «Қанжығалы», «Қоңырат», «Қыпшақ», «Шекті», «Шөмекей» этнонимдерімен байланысты топонимдер бар. Бұл этнотопонимдердің ішінде «Арғын», «Қыпшақ» атауларымен байланыстыларының қалыптасуы негізінен Қазақ хандығының құрылуынан кейін жүрді деген жорамал жасауға болады. Себебі аталмыш рулар нақтылы осы территорияны Қазақ хандығының құрамында көшуіне дейін «Көшпелі өзбектердің мемлекетінде» немесе Әбілқайыр хандығының құрамында да мекен еткен болатын. Кіші жүз руларының аттарымен байланысты топонимдер ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қалыптасуы мүмкін деп болжауға болады. Осы уақыттарда Кіші жүз руларының Ресей әкімшілігімен қарама-қайшылығы басталып, олардың көпшілігінің Орта жүз территориясына қарай ығысуы басталды. Бұл арадағы «Қанжығалы», «Қоңырат» этнонимдерімен байланысты топонимдерінің қалыптасуы туралы нақтылы пікір айту қиын.

Сонымен қатар Ұлытау өңірінде кездесетін кейбір топонимикалық атаулардың этнонимдік негіздері бар екендігі туралы жорамалдар бар. Мысалға, С.М.Ахинжановтың қыпшақтардың тарихына арналған зерттеуінде «қимақ» тайпасының тағы бір қосымша атауы *уранкай* деген пікір білдіре отырып, осы жорамалды дәлелдеу барысында қимақтардың мекендеген территорияларындағы топонимдер – *Уранкай тауы*, *Уранхай өзені*, *Урунг-Чакыл* өңірі және т.б. қимақ тайпасының екінші атауы негізінде қалыптасқан деген пікір білдіреді [23; 123–131]. Ұлытау өңіріндегі *Жыланышық* өзенінің атауы да қимақ тайпасымен байланысты екендігін автор атап көрсетеді [23, 127, 128].

Жалпы алғанда, Ұлытау өңіріндегі этнотопонимдердің қалыптасу кезеңдері әр түрлі уақыт шеңберлерін қамтиды. Этнотопонимдердің қалыптасуылары да түрлі себептермен байланысты. Бұл мәселелер аталмыш өңірдің этнотопонимикасын әлі де болса жан-жақты зерттеуді қажет екендігін айқындайды.

Ұлытау өңірінің тарихи топонимдерінің зерттелуі бойынша бірнеше қорытындылар жасауға болады:

1. Ұлытау өңірінің тарихы, географиясын сипаттайтын негізінен әр түрлі мәселелерге арналған ресейлік зерттеулер мен деректерден орын алып келді (Кэстль, Назаров, Шмидт тағы басқалар);
2. Ұлытау өңірінің тарихи топонимикасы отандық тарихшылардың Қазақстан тарихының түрлі кезеңдері мен мәселелеріне арналған зерттеулерден кездестіруге болады (Марғұлан, Көмеков, Ахинжанов тағы басқалар);
3. Ұлытау өңірінің тарихи топонимдері қазақстандық топонимика саласының зерттеушілерінің еңбектерінде орын алып, көбінесе топонимдердің анықтамасы лингвистикалық және этимологиялық түрінде берілген (Әбдірахманов, Қойшыбаев, Жартыбаев, Омарбекова тағы басқалар);
4. Ұлытау өңірінің тарихи топонимдері туралы өлкетанушылық ізденістерден таба аламыз (Сейдімбек, Әмірқызы, Ахметов). Бірақ мәліметтер көбінесе естеліктер, шежіре деректерінің негізінде жазылып, жазбаша және мұрағат деректерімен салыстыруды немесе талдауды қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. *Суперанская А.В.* Что такое топонимика. — М.: Наука, 1984. — С. 3.
Мұхаммед Шайбани аз ғана уақыт ішінде, яғни, 1500 жылы — Бұхара, 1501 жылы — Самарқан, 1503 жылы — Ахсикент пен Ташкент, 1504 жылы — Әндіжан, 1505 жылы — Хорезм, 1507 жылы Герат, Астрабад, Гурганға да ту тігіп үлгерді. Басқыншының тегеурініне шыдай алмаған Бабыр соғыса-соғыса Кабулға кетуге мәжбүр болды.

1508 жылы осындай аласапыран кездері Хайдар Мырзаның әкесі Мұхаммед Шайбани кісілерінің қолынан қаза табады. Жетім қалған Хайдар мен әпкесін туыстары әуелде Бұхараға паналатқызады. Соңынан тәрбиешісі екеуін Бадахшанға аттандырады [5].

Хайдар Дулатидің өмірі мен есею, ер жету жолында Бабырдың орны бөлек. Әсіресе Мырза Хайдарға жасаған қамқорлығы туған әкесінің қамқорлығынан кем болмады. Жетімдіктің тауқыметін Бабырдың арқасында мүлде ұмытты. Ол Зафар қамалына Мырза ханға хат жазып, Мырза Хайдардың қауіпсіздігін ойлап Кабулға алдыртты. Болашақ қайраткер Бабырдың Кабулдағы сарайында үш-төрт жыл тұрып, сол замандағы ең үздік ұстаздардан білім алды. Бабыр тіпті мұғалімдердің қалай оқытып, білімді игертіп жатқанын назардан тыс қалдырмай, арнайы тексеріп, біліп, көз жеткізіп отырады. Өміріне өзек, ғұмырына азық, болашағына берік негіз қалаған білім негіздерін болашақ ғалым, міне, осы Бабырдың тікелей қамқорлығының арқасында алды [6].

Мырза Хайдар Кабулде, патшаның қасында жүргеніне үш-төрт жылдай болғанда, Жүніс ханның немересі Саид хан Бабырдан оны қайта-қайта өзіне сұрайды. Мырза Хайдардың да ханға ықпалы ауады. Ал Бабыр болса бөлесінің бұл әрекетіне ренжиді. Ренжіп тұрып рұқсатын береді. Бұл жайында Мырза Хайдардың өзі: «Саид хан бірнеше мәрте мені сұрап, патшаға адам жіберді. Ақырында патша қамығып, ренжіп тұрып, маған рұқсатын берді. Патшаның көңіліне қарауға тиіс болсам да балалық жасап оны аяқ асты еттім» [7; 302], — деп жазады.

Сұлтан Саид хан Қашқар елінің билік тағына отырған кезде, дәлірек айтсақ, 1514 жылы Хайдар Дулати осында келіп Қашқар билеушілерінің бірі болады. Сондай-ақ ол ханның мұрагері Әбу ар-Рашидтің ұстаз-тәрбиешісі болып тағайындалады.

Хайдар Мырзаның жасы отызға келгенде Саид хан оған орда мәжілісінде ұсыныс – пікір айтуына рұқсат етеді. Оның әр реткі мәжілістерде алға қойған ұсыныс әдіс-амалдарының ойламды, орынды әрі сенімді екеніне көзі жеткен хан бұйрық беріп, Мұхаммед Хайдарды бүкіл әскерлердің маңызды жұмыстарын басқаруға тағайындайды. Осы заман атауымен атағанда М.Х. Дулати қорғаныс министрі болады [3; 203].

«Тарих-и Рашидиде»: «Осылайша біршама уақыт өткен соң хан: «Сенің пікіріңе менде толық сенім пайда болды», — деді. Содан кейін барлық әскери істер мен мемлекет істерін маған сеніп тапсырды һәм бүкіл істерде менің қолыма шексіз билік, еркіндік берді және ханның жарлықтары мен үкімдері (пәрмендері) менің атыма жіберіліп отыратын. Сондай-ақ менің өз атыма ханның жеке хаты да келіп тұратын. Кашмир жорығынан қайта оралғанымда Тибетте ханның құзырына бардым. Мені ол оңашада да, көпшіліктің көзінше де «бауырым» деп атайтын» [7; 304] — дейді.

1533 жылы Саид хан қайтыс болды. Хан тағына отырған Әбу ар-Рашид (Әбдірашид) Дулат тайпаларының басшыларынан қауіптеніп, оларды қатты қуғынға ұшыратты. М.Х.Дулатидің немере ағасы Саид Мұхаммед мырза Дулатты өлтірді [8; 591–592].

Бұған өте ренжіген Хайдар Дулати алдымен Бадахшанға, сосын Үнді елінің әміршісі Бабырдың баласы Қамранға барып, 1539–1540 жылдары Аграда тұратын Бабырдың үлкен ұлы Құмайынмен бірге болады. 1541 жылы ол Бабыр ұрпақтарының көмегімен Кашмир елін жаулап алып, сонда дербес мемлекетіне өзі жеке дара билік жүргізеді. 1551 жылы М.Х.Дулати сондағы тағы тайпалардың бірімен шайқас кезінде мерт болады [9; 397–398].

Даңқты Бабырдың айтуынша [8; 592], М.Х.Дулати жан-жақты білімді адам болған. Сол кездегі саяси оқиғалар мен қайраткерлерді, сондай-ақ Қазақстан мен Орта Азия, Моғолстанның өткен тарихын, әсіресе Дулат тайпасының тарихын жақсы білген. 1541–1546 жылдары Кашмирде «Тарих-и Рашидиді» жазған. Ол хатқа түспеген дүниенің бәрі көмескіленіп, естен шығып, ұрпақ ауысқан сайын ұмытылып, мүлдем тарихи санадан өшіп кететінін өте жетік байқаған.

Мұхаммед Хайдар Дулати мемлекет қайраткері, қолбасшы болғандықтан, балаң жастан бастап өмірінің соңына дейін ұрыс, майдан алаңында атой салды. Ол бозбала шақта шайқасқа қатысып ерте есейсе, әскерге қолбасшылық етіп, соғыс өнерінің, әскери ғылымның, жауынгерлерге басшылық етудің, ұрыс жүргізудің қыр-сырын, сарбаздардың ұрыс жағдайындағы психологиясын соншама терең зерттеп, саралай білді [10].

Хайдар Мырза сурет салу ісімен айналысады, зергерлік, шеберлік, ұсталық өнерімен шұғылданады. Шеберлік ісінде ол бармағынан бал тамған ісмер сұлулық дүниесін жанымен сүйетін хас шебердің өзі болады. Қырнау, безеу, ою-өрнек өнерін тіпті асқаралы түріне жеткізіп, оны шын мағынасында сұлулық қазынасы — өнерге айналдырған. Онымен бірге Хайдар өзінің ойға жүйрік, майталман, сөзге шебер, ерекше саңлақ болуымен халық ортасында даңқты болады [11].

Мұхаммед Хайдарды оқыған Күншығыс ғалымдарының ол туралы жылы сөз айтпай қалған бірде бірі жоқ.

«Тарих – и Рашиди» – Хайдар Дулатидің есімін әлемге мәшһүр еткен ең басты шығармасы

Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих–и Рашиди» («Рашидтің тарихы») атты еңбегі екі дәптерден тұрады.

Бірінші дәптерде (кітапта) Моғолстанды және Қашқар елін билеген Шағатай ұрпақтарының әулеті тарихы баяндалады. Мұнда автор Тоғлық — Темір билік жүргізген кезден (1347–1348) бастап хан тағына Әбу ар-Рашид (Әбдірашид хан) отырған кезеңге дейінгі тарихи мерзімді қамтыған.

Екінші дәптердің (кітаптың) көлемі, біріншісіне қарағанда, төрт еседей көп. Бұл дәптер көбінесе дерлік ақынның өз көзімен көрген оқиғалар бойынша жазылған. Екінші дәптерді ғұмырнамалық шығарма деуге болады.

Екінші дәптер мемуарлық сипат ұстағанмен, онда сұлтан Саид ханның Моғолстандағы өкімет үшін күресі, оның 1514 жылы Дулат әмірлерінен жаулап алып, Моғолстан мемлекетін құрғаны, Шағатай әулетінің Моғолстанның бұрынғы аймағы — Жетісу мен Тянь — Шаньдағы өкімет билігін өз қолдарына алмақ болған әрекеттері, моғол хандарының Шайбани әулетімен және қазақ хандарының қарым-қатынастары әңгімеленеді. Шығарма XV–XVI ғасырларда Орта Азия, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Үндістанда болған тарихи оқиғаларды да қамтиды. Автор еңбегіне моғолдар

арасына кең тараған Дулат әмірлерінің аңыз-әңгімелерін, мемлекеттік ресми құжаттарды, әсіресе тарихшылар: Йакут, Жамал Қарши, Жувейни, Рашид әд-Дин, Казвини, Абд әр-Раззақ Самарқанди, Шараф әд-Дин Әли Йезидидің еңбектерін арқау еткен [8; 681–682].

Автордың айтуынша, шығарманы «Тарих-и Рашиди» деп атауға үш себеп басшылыққа алынған: «...Біріншісі, Тоғлық–Темір хан ислам дінін маулана Аршададдиннің ықпалымен қабылдады... Екінші себебі, Тоғлық–Темірге дейін-ақ исламды Барақ хан, одан кейін Кебек хан қабылдаған еді. Алайда осы хандар дәуірінде моғол ұлыстары ислам дінінен дұрыс жол таба алмады. Ал күдіретті де мәртебелі Тоғлық–Темір хан мен бақытты моғол ұлысы исламнан дұрыс жол тауып, ұлылыққа бет бұрды. Үшіншіден, қазіргі уақытта моғол ханы Әбдірашид хан болғандықтан, бұл тарих соған арналып, оның құрметіне құрастырылып отыр. Осы үш себептен бұл тарих «Тарих-и Рашиди» («Хақ жолындағылар тарихы») деп аталынды» [7; 41].

XVI ғасырдың соңынан бері Батыс және Шығыс елдерінің ғалымдары бірегей түпнұсқа ретінде пайдаланып келе жатқан «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде ғұлама ғалым көптеген бай мағлұматтармен қатар, Моғолстан туралы толық және нақты деректер қалдырған: «... Моғолстан деп аталатын аумақтың ұзындығы мен ені жеті-сегіз айлық жол болады. Оның шығыс шекарасы қалмақтардың жері — Барыскөл, Еміл және Ертіске тіреледі. Солтүстігінде Көкше теңіз, Бум Лиш және Қараталмен; батыс шекарасы Түркістан мен Ташкент және оңтүстігінде Фергана, Қашқар, Ақсу, Чалыш, Тұрфанмен шектеседі. Осы төрт шекаралас аймақтардың ішінен мен [Моғолстанның] оңтүстік аймағын көрдім. Ташкенттен Әндіжанға дейін он күндік жол. Әндіжаннан Қашқарға дейін жиырма күн, ал ол жерден Ақсуға шейін он бес күндік жол. Ақсудан Чалышқа дейін жиырма күндік, Чалыштан Тұрфанға дейін он күндік, Тұрфаннан Барыскөлге шейін он бес күндік жол. Барыскөл Моғолстанның шығыс шекарасы, барлық оңтүстік шекарасы салт атпен орташа жүріп отырғанда үш айлық жол. Жол бойында тоқсан бекет бар. Қалған үш жағын көрген жоқпын. Сол жаққа барып-келіп жүргендерден естідім, олардың айтуынша, ол шекаралар ұзындығы бұл айтылғаннан әлдеқайда үлкен әрі жеті-сегіз айлық жол құрайтын аумақтың көп бөлігі таулы өңір мен сайын дала болып келеді. Табиғатының көріктілігі мен әдемілігі соншама оны сипаттап жазуға менің шамам келмейді. Оның тауы мен даласында сансыз гүлдер өседі, олардың атауын да ешкім білмейді. Бұл гүлдер Моғолстаннан басқа жерлерде кездеспейді, сондықтан оларды ешкім жазбаған. Оның көптеген аймақтарында жаз айларында ауа райы қоңыр салқын болады. Адамдар бір-ақ көйлекпен жүре береді, оған басқа киімнің керегі болмайды, егер оның үстінен және киім киер болса, ыстық болмайды. Бірақ Моғолстанның кейбір аймақтарында ауа райы қоңыр салқыннан суықтыққа қарай ауысады.

Моғолстанда Жейһун сияқты, не соған жақын үлкен өзендер көп болған. Мысалы, Іле, Еміл, Ертіс, Шолақ және Нарын сияқты. Бұл өзендердің Жейһун мен Сейһуннан еш кемдігі жоқ. Олардың көпшілігі Көкше теңізге құяды. Көкше теңіз Моғолстан мен Өзбекстан арасын бөліп тұрған көл. Ұзындығы сегіз айлық жол, енінің кейбір жерлері шамамен отыз фарсах болатын. Қыс мезгілінде Көкше теңізде мұз қататын. Өзбектер мұздың үстінен өтіп, Моғолстанға баратын. Олар екі тәулік бойы жылдам жүріп отырып мұздың үстінен басып өтетін. Қыстың аяғында қайтқан кезде де дәл сондай жылдамдықпен мұздың үстінен жүріп өтетін. Бірақ қыстың аяғында бұл қауіпті болатын. Өйткені, көбіне мұз жарылып, жүз-екі жүз отбасы, одан да көп адам мұзға батып кететін. Оның суы тұщы болатын. Көкше теңізге құятын өзендер көп те, одан ағатын өзен аз. Ағатын өзеннің мөлшері оған құйылатын судың бір бөлігіндей ғана. Ағатын өзен Өзбекстан аумағынан ағып өтіп, Құлзумға құяды. Бұл өзеннің аты Атил деп аталады, тарихи кітаптарда [Атил, ал өзбектер арасында Идил деген атпен белгілі].

Моғолстанның тағы бір ғажайыбы — Ыстықкөл. Оған шамамен Көкше теңізге құйылатындай су құйылады. Ыстық көлдің айналасы жиырма күндік жол болады. Оның суы ешқайда тарамдалып кетпейді. Оның айналасын тау қоршаған. Оған құйылатын сулардың бәрі тұщы әрі тәтті болып келеді де, көлге қосылғасын ащы әрі кермектеніп кетеді. Онымен дәрет алудың да өзі қолайсыз. Егер суы көз бен ауызға тисе, ашытып күйдіреді. Тілге тисе, жағымсыз жағдай туғызады. Суы жағымсыздау болса да сондай таза әрі мөлдір болады. Мысалы, оны бір шыны кесеге құйсаңыз, оның түбінде ешқандай шөгінді тұнбайды. Ал, оның айналасындағы суларға келер болсақ, олар өте таза әрі тұщы. Маңында жұпар иісті шөптер, гүлдер, жеміс ағаштары өссе, оның даласында киік пен құстар жыртылып айырылатын. Моғолстанда мұндай табиғаты әсем, ауа райы керемет жерлер сирек кездеседі» [7; 402-403].

«Тарих–и Рашидидің» басқа мағлұматтардан ерекшелігі, мұндағы оқиғаның көбін автор өз көзімен көріп жазған. Және мұнда басқа түрлі тарихи жазулар сияқты ешбір шұбаландық жоқ, бұл тек белгілі бір дәуірді алып, соны әдемі тілмен айқын суреттеген.

Шығарманың екінші қасиеті — бұл қазақ тарихы туралы жазылған бірінші кітап. «Тарих – и Рашиди» негізінде жүз жыл ішінде (1450–1546) болған оқиғаны суреттейді. Бұл кез бұрынғы Алтын орда мен Шағатай ұлысының әбден ыдырап, оның орнына жеке хандықтар құрыла бастаған кез. Мұхаммед Хайдар «Тарих– и Рашиди» кітабында осы Шағатай ұлысы мен Алтын орданың қалай азып-тозғанын суреттеп, ол екеуінен тарап шыққан қазақ халқының саяси тіршілігін баяндайды [4; 95].

М.Х. Дулати қазақ қауымының ең алғаш ұйымдасуы туралы былай деп жазады: «Әбілқайыр хан Дешті–Қыпшаққа түгелдей билігін орнатқан кезде Жошы әулетінен шыққан кейбір тіміскішіл сұлтандар одан келер бір пәленің исін сезіп қалып, оны орнынан тайдырмақ болды. Керей хан, Жәнібек сұлтан сияқты кейбір сұлтандар мен басқалар аз ғана топпен Әбілқайыр ханнан қашып, Моғолстанға келеді. Сол уақытта Моғолстан хандығын билеу кезегі Есенбұға ханға жеткен еді.

Есенбұға хан оларды қатты құрметтеп, оларға Моғолстанның бір шетін бөліп берді. Олар осы жерден қауіпсіз жайлы қоныс тапты. Сөйтіп, тыныш өмір сүріп жатты.

Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін өзбектердің ұлысында алауыздық пайда болды. Әркім мүмкіндіктеріне қарай қауіпсіз хәм дұрыс өмір сүру үшін Керей хан мен Жәнібек ханды паналады, олар осылай күшін нығайтты. Басында өстіп елден қашып, олардан бөлініп жырылып қалып, біраз уақыт тарығып әрі сергелденде болғандықтан, оларды «қазақ» деп атады. Бұл лақап ат қазақтарға осылай таңылды» [7; 305–306].

«Тарих-и Рашидиде» қазақтың алғашқы хандарының көрші елдермен қарым-қатынасы кең көлемде сөз болады. Сондай-ақ мұнда Керей ханның баласы — Бұрындық хан, Жәнібек ханның баласы — Қасым хан, т.б. туралы құнды деректер бар: «Керей хан қайтыс болғаннан кейін хандық таққа оның ұлы Бұрындық хан отырды... Қасым хан Жәнібек ханның баласы болатын әрі әкесі сияқты барлық іс жағынан Бұрындық ханды тыңдап, соған бағынатын еді. Керей ханның Бұрындық ханнан басқа да көптеген ұлдары болған. Жәнібек ханның да Қасым ханнан басқа балалары бар-ды. Соның бірі Әдік сұлтан-тын. Жүніс ханның төртінші қызы Сұлтан Нигар ханымды Мырза Сұлтан Махмұд бин Сұлтан Әбу Саид мырза қайтыс болған соң, Әдік сұлтанға берді. Ташкент ойрандалған кезде Әдік сұлтан Шаһибек ханның әскерінен қашып шығып, қазақтарға кірді. Сұлтан Нигар ханым да оның соңынан ілесті. Әдік сұлтан көп ұзамай дүние салды. Содан Сұлтан Нигар ханымды Қасым хан некелеп алды. Әдік сұлтаннан кейін Қасым хан билікке қол жеткізді. Сөйтіп, Бұрындық ханға хандықтың атынан басқа ештеме қалған жоқ. Ең ақырында Қасым хан Бұрындық ханды қуып жібереді. Сонымен, Бұрындық Самарқанға кетіп, жат өлкеде өлді» [7;306].

«Тарих-и Рашидиде» ой бөлетін нәрсенің бірі — Қасым хан дәуіріндегі (1443–1520) қазақ халқының әлеуметтік шаруашылық күйі. Бұл мәселені Мұхаммед Хайдар көбінесе Қасым хан атымен байланыстыра айтады. Өйткені ол қазақ халқының өсіп-өнуіне үлкен қамқорлық еткен адамдардың бірі болды. Бұл жөнінде Хайдар Дулати былай дейді: «Саид хан да Ахсиге оралды әрі Ферғана уәлаятының қамалдарын бекемдеп, қазақтарға қарай бет алды. Ондағы ойы Ташкентті алуға тағы да қазақтарды көтеру болатын. Мен ол сапардан сырқаттануыма байланысты қалып қойдым.

Хан жолға шығып, Моғолстанның мәшһүр жері — Шуға (Жудке) келіп жетті. Қасым ханның сол уақытта жасы алпыстан асып, жетпіске таяп қалған кезі. Ал ханның қылшылдаған шағы болатын — жасы отызға жете қойған жоқ еді. Әзірше талай қажет деген жерге жаяу жүріп жететін. Қасым хан жасының ұлғаюына байланысты ханды қарсы ала алмайтынына кешірім өтініп, Жошы әулетінен тараған кейбіреулерінің жасы елу мен алпысты алқымдап қалған отыз-қырық сұлтанды, солардың ішінде Жаныш хан, Таныш хан, Мамаш хан, Жан Хайдар сұлтан, Қарыш сұлтан және тағы басқаларға тізе бүгіп құрметпен қарсы алсын деп бұйырды. Соның ішінде Жаныш хан мен Таныш хан жас жағынан [Саид] ханнан көп үлкен болатын. Олар тізе бүккен кезде хан орнынан тұрды. Қалған сұлтандардың бәрі де тізе бүккен уақытта хан өз орнына отырып, сәлемін қабылдады. Қасым хан [Саид] хан алдына келгенде жылы жүздесіп құрметтегені сондай, хан өмірінің соңғы сәтіне шейін оның кішіпейілділігін ұмытқан емес. Әрқашан сырласа қалғанда хан оны еске алып, «Алланың нұры жаусын оған»: Қасым хан асқан мәрт адам болған деп отыратын және онымен қалай танысқанын баян ететін-ді» [7; 308–309].

Мұхаммед Хайдар Қасым ханның тәрбие беретін кемеңгерлік ісін суреттеумен бірге, оның саясатқа жүйрік адам болғанын да баяндайды: «Қасым хан Дешті–Қыпшақты түгелдей өзіне қаратып алғаны соншалықты Жошы ханнан кейін ешкім де ол сияқты мұндай билікке қол жеткізген емес. Мысалы, әскерінің саны мың-мыңнан (миллион) асатын еді» [7; 306].

Мұхаммед Хайдардың айтуынша, Қасым ханнан кейін қазақ қауымы зор апатқа ұшырайды. Бұларды, бір жағынан өзбектер мен Рашид ханның бірлескен күші әлсіретсе, екінші жағынан — халық бұқарасы Тайыр мен Мамаш сияқты тоғышар хандардың басшылығына разы болмай, тоз-тоз бола бастайды.

Белгілі ғалым Немат Келімбетовтың пайымдауынша [9; 404], жанрлық тұрғыдан келгенде «Тарих-и Рашидиді» ғылыми еңбек әрі түркі тілдес халықтардың шынайы шежіресі, сондай-ақ тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды деуге болады:

1. «Тарих-и Рашиди — көне түркі, шағатай, араб, парсы, латын, ежелгі грек, үнді тілдерінде жазылған, есімдері әлемге мәшһүр Шығыс пен Батыс ғұламаларының тарихи зерттеулеріне негізделіп жазылған нағыз ғылыми еңбек.

2. Хайдар Дулати еңбегі сан ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ауызша айтылып келген тарихи деректерді, аңыз-әфсаналарды, хандар мен сұлтандардың генеалогиясын (ататегін) өз ішіне қамтыған шынайы шежіре кітап деуге болады.

3. Қазақ зиялылары шежіре кітаптарды тарихи тақырыпқа жазылған көркем туынды ретінде таныған. Тіпті алғашқы ресми тарих ретінде жазылған шежіренің өзін айтушы жыршы-жыраулар оған көркем теңеулер қосып, бірте-бірте шежіре мәтінін тарихи тақырыпқа жазылған көркем туындыға айналдырып жіберетін болған.

Міне, Хайдар Дулати өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін жазу барысында осы жайттарды мықтап ескере отырып, оны жоғарыда айтылған үш талапқа да жауап беретіндей етіп жазған.

«Тарих-и Рашиди» кітабын зерттеу, басқа тілдерге тәржіма жасау жайында бірер сөз

М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін тұңғыш рет Англияның аса көрнекті тарихшысы Э.Денисон Росс (1871–1940) ағылшын тіліне аударып, оны 1895 жылы Лондонда бастырып шығарған. Осы кітап сол күйінде ешбір өзгеріссіз қайтадан 1972 жылы Лондонда жарық көрді.

Орыс ғалымы В.В.Вельяминов-Зернов 1864 жылы Санкт-Петербурда шыққан «Қасым хандары мен ханзадалары жайлы зерттеу» атты кітабының екінші томының Ораз-Мұхаммедке арнаған он екінші тарауында XV ғасырда өмір сүрген Жәнібек пен Әдік хандар тарихын жазғанда, Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» туралы: «Жәнібек пен Әдік хан туралы тапқан деректердің ең нақтысы — «Тарих-и Рашиди». Оны Мұхаммед Хайдар-гурган 948 (1541–42) және 953 (1546–47) жылдар аралығында парсы тілінде жазған. Екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі Тоғылық–Темірден бастап шағатайлықтар жерінің тарихын қамтитын очерктен құралған. Ол Тоғылық–Темір ұрпағының бірі, Жүніс ханның немересі, әйгілі Әбілхайыр ханның немересі, Бұхаралық шейбанилер әулетінің негізін қалаған Шайбани ханмен соғысқан Сұлтан Ахмет ханның (Алаша хан) баласы Саид хан (939 жылдың зұльхиджа айында қайтыс болған. Маусым, 1533 ж.) өліміне дейінгі уақытты қамтиды. Осы бөлімнің аяқ жағында Сұлтан Саид ханның баласы және мұрагері, былайша айтқанда, бұл еңбек соған арналып «Тарих-и Рашиди» деп аталған. Екінші бөлімі «Тарих-и Рашиди» авторының өмірбаянын және оның кезінде болған, ол қатысқан немесе куәсі болған оқиғаларды қамтиды. «Тарих-и Рашиди», әсіресе, оның екінші бөлімі өте керемет. Бұл шағатайлықтардың кейінгі тарихын баяндайтын жалғыз дерек. Мұхаммед Хайдар жазғанының барлығы дерлік жоғарғы тұрғыдан жаңа және қызықты. Оның әңгімесі барлық жерде адал және анық. Осыны «Тарих-и Рашиди» авторынан күту керек еді. Оның қоғамдағы орны бұл оқиғаларды білуге және шын мәнінде қағазға түсіруге қолайлы болды. Мұхаммед Хайдар Шыңғыс хан кезінде аты шыққан, беделі жоғары, ал шағатайлықтар кезінде одан да жоғары көтерілген Дулат руына жататын. Бұл ру мүшелері көп уақыт Қашқар, Жаркент, Ақсу және сол төңіректегі басқа да жерлерге әкім болған. Олардың [Шағатай] хандарымен тығыз қарым-қатынастары мен некелік байланыстары нығайды, бұған дәлел ретінде көптеген Дулаттардың гурган титулын иемденгенін айтуға болады», — деп жазады. Одан әрі ғалым «Тарих-и Рашидиден» Темірмен соғысқан Қамараддин және оның ағалары жайлы қысқаша айта келе, Мырза Хайдар өміріне тоқталады, Мырза Хайдардың балалық шағынан бастап Кашмирді екінші рет жаулап алу кезеңіне дейін баяндайды.

В.В.Вельяминов-Зернов «Тарих-и Рашиди» көшірмесін Шығыстан, соның ішінде Үндістаннан табуға болатыны туралы: «Жалпы, Шығыста «Тарих-и Рашиди» және оның авторы көпшілікке белгілі. Азиялық жазушылар Мұхаммед Хайдарды адам және қолбасшы ретінде мақтайды, тіпті реті келсе, оның кітабына сілтемелер жасайды», — дейді. Сонымен қатар дәлел ретінде Бабырдың «Бабырнамеді» Мырза Хайдар жайлы жазғандары мен оған арнаған өлеңін келтіреді [12].

Ресей және кеңес шығыстанушылары, тарихшыларынан Мырза Хайдар еңбегін жоғары бағалаған академик Василий Владимирович Бартольд (1869–1930). Ол «Шығармаларының» III-томында Хайдар Дулатиге мақала арнаған. Оның атын «Хайдер Мырза» деп қойған. Ал өзінің аса құнды «Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии» (жалпы аты «Тюрки») атты кітабында Мырза Хайдарға қатысты мынадай деректер келтіреді: «Мұхаммед Хайдер считал моголов и киргизов одним и тем же народом и видел всю разницу между ними в том, что моголы приняли ислам, тогда как киргизы оставались в то время язычниками. Потомки Ахмед-хана, во всяком случае, были по языку турками; уже сын Ахмед-хана, Саид-хан, умерший в 1533 г., писал стихи по-персидски и по-турецки. Мухаммед-Хайдер отличает моголов от коренного населения Восточного Туркестана и понимает под Моголистаном преимущественно степи от Балхаша, составлявшего границу между Моголистаном и Узбекистаном, на западе и до страны калмыков на востоке; на севере границу составляли Эмиль и Иртыш, на юге — Фергана и области Восточного Туркестана от Кашгара до Баркуля (собственно, Барс-куль). В XVI в. моголы были вытеснены оттуда калмыками и киргизами, но оставались в Кашгарии, где их, по словам Мухаммед-Хайдера, считалось около 30 000. Условия в Кашгарии неблагоприятны для сохранения кочевой жизни, и после исчезновения, в конце XVII в., ханской династии моголы должны были скоро слиться с местным оседлым населением и утратить свое название» [13].

Қырғызстан ғалымы Н.Н. Туманович (1928–2003) XV–XVI ғасырлардағы қырғыз тарихын толық көрсету үшін «Тарих-и Рашиди» түпнұсқасымен жұмыс істей отырып, В.В.Бартольдтың қырғыздар тарихына арналған зерттеулерін, Хафизидің «Зубд ат-тауарихын», Б.Я.Владимирцовтың «Моғолдардың қоғамдық құрылысын» және Петрушевскийдің «XIII–XIV ғасырлардағы Ирандағы егін шаруашылығы және аграрлық қатынастарын» пайдаланған. Өз еңбегіне Н.Н.Туманович ең басты дерек ретінде Дэнисон Росстың «Тарих-и Рашидиінің» аудармасын пайдаланған. Бірақ В.В.Бартольд секілді ол да Д.Росс аудармасына қанағаттанбаған.

Н.Н.Туманович басқа да шығыстанушы-ғалымдар секілді «Тарих-и Рашидиді»: «Бұл шығарма — түркі халықтарының тарихын зерттеуде аса бағалы дерек. Басқа деректердің арасынан оның ерекше орын алатынының себебі мынада. Біріншіден, Мұхаммед Хайдардың еңбегі — тек Моғолстан тарихына бағышталған бүгінгі күні бізге мәлім шығармалардың жалғызы ғана. Моғолстан XV–XVI ғасырларда Шығыс Түркістан аймағына кірген. Екіншіден, «Тарих-и Рашидиде» қырғыздар жайлы және олардың қоныс тепкен жерлері туралы басқалар бұрынырақ айтпаған деректер келтіріледі. Үшіншіден, көлемі және деректерінің ауқымдылығымен ортағасырлық шығармалардың ешқайсысы да «Тарих-и Рашидимен» теңесе алмайды», — деп жоғары бағалаған [14; 10].

Санкт-Петербург университетінің профессоры, шығу тегі бойынша қазақстандық Т.И. Сұлтанов Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиін» зерттеп, оған қысқаша тарихнамалық талдау жасаған. Жыл сайын шығатын «Шығыстың жазба ескерткіштері» атты тарихи-филологиялық зерттеулер жинағында ол «Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиі» («Ескерткіштің әдеби тарихы») атты ауқымды мақала жариялаған. Онда «Тарих-и Рашидидің» Әлламиден, яғни XVI ғасырдың екінші жартысынан, зерттеле бастауы және кейінгі жүз жылдықта оның Орта Азия, Иран, Үндістан, Еуропа, Кеңес Одағы ғалымдарының еңбектеріне жасаған ықпалына тоқталған.

Т.И.Сұлтанов мақаласында: «XVI ғасырдың парсы тілді тарихи әдебиеті қатарында Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиі» мазмұнының шынайылығы және әдеби тағдырына орай едәуір қызықты еңбек болып табылады. «Тарих-и Рашидидің» мәдени-тарихи және деректанымдық мағынасы еуропалық және үнділік шығыстанушылардың шығармаларында дүркін-дүркін айтылып келген. Әйтсе де бұл күнге дейін тақырыбы осы әдеби тарихи ескерткішке бағышталған басылым жоқ», — деп жазады, яғни мұндай классикалық еңбектің филологтар тарапынан аз зерттелгеніне өкініш білдіреді [14; 11].

Қазақстан тарихы библиографиясында «Тарих-и Рашиди» атты М.Х.Дулатидің кітабын зерттеу Ш.Уәлихановтан басталған еді. Шоқан бастаған игілікті істен соң Қазақстан тарихшылары «Тарих-и Рашидидің» қазақ елі тарихына қатысты бөліктеріне XX ғасырдың басында көңіл бөле бастады. Мысалы, сонау 30-жылдары Қазақстан тарихын жан-жақты жазуға алғаш рет құлшына кіріскен профессор Санжар Асфендияров бұл кітапқа көп көңіл бөлген еді. Сонымен қатар 40-жылдары В.Вяткин өзінің зерттеулерінде «Тарих-и Рашиди» атты кітапты кеңінен пайдаланған.

Дулати туралы әйгілі ғалым Әлкей Марғұланды қалам тартып, оған қазақтың тұңғыш тарихшысы деген атақ беруі де тегін емес.

Мырза Махмұд Жарас атты тарихшы, әдебиетші қаламгер Мырза Хайдардың еңбегін оқығаннан кейін, Саид ханның (1515–1685) 170 жылға жуық Жаркент қаласын астана етіп, Шығыс Түркістанда билік құрған дәуірдің оқиғаларын жазып, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыруға бел буып «Тарих-и Рашиди зейли» («Тарих-и Рашиди жалғасы») атты шығармасын жазды [15].

Профессор Әбсаттар Дербісәлі М.Х. Дулати туралы библиографиялық көрсеткіш құрастырып, ғұламаның «Жаһаннаме» дастанын қазақ тіліне аударып бастырды. Тараз мемлекеттік университетіндегі «Дулаттану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкері Ислам Жеменей 2007 жылы Мұхаммед Хайдар мұрасының әдеби, тарихи саласынан докторлық диссертация қорғады [16; 30].

М.Х.Дулати еңбегінің қазақ тарихына қатысты жерлері 1969 жылы орыс тілінде жарық көрді. Өзбек ғалымдары «Тарих-и Рашидиді» парсы тілінен орыс тіліне аударып, 1996 жылы Ташкентте бастырып шығарды.

2003 жылы «Тарих-и Рашиди» парсы тілінен қазақ тіліне тікелей қотарылды, кітап Алматыда басылып шықты. Бұны жүзеге асырған ирандық қазақ шығыстанушы Ислам Жеменей еді. Ғалымның өмірі мен шығармашылығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар Алматы, Тараз қалаларында өткізілді. 1999 жылы ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша М.Х. Дулатидің Отанына оралуы тәуелсіз мемлекетіміздің мәдени өміріндегі аса бір ірі уақиға еді. Ежелгі, ескі заманның ғұламалары энциклопедист–ғалымдар болған ғой. Сол шок жұлдыздың біреуі М.Х. Дулати екені айдан анық.

*Ш. Уәлиханов Дулатидің еңбектерін алғаш рет ресей ғылымында зерттеп,
ғылыми айналымға кіргізген ғалым*

Тарихта өзіндік орны бар «Тарих-и Рашиди» атты туындыны XVIII ғасырда Үндістанды басып алған ағылшындар тауып, Лондонда екі рет ағылшын тілінде басып шығарса, ал өзімізден алғаш рет қол созған адам Шоқан Уәлиханов болыпты. Ол Қашғарияға барған сапарында «Тарих-и Рашидидің» ұйғыр тіліне аударылған нұсқасын қолына түсіріп, оның он шақты бетін орыс тіліне аударыпты.

Ш.Уәлихановтың белгілі ғылыми еңбегі «Очерки Джунгарии» («Жоңғария очерктері») Петербордағы ОГКМ-ның (Записки Русского Географического Общества) 1861 жылы бірінші кітабында 184–200 беттерде, екінші кітабында 35–58 беттерде басылып шыққан [17].

Осындай аса құнды ғылыми басылымның бірнеше беттері М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабына арналған. Онда Шоқан тарихи еңбектің сол уақытқа дейін Ресей ғылымында белгісіз болып келгенін айтады. Сол кезде Ғылым академиясының мұражайында оның түрікше аудармасы, ал Петербор университетінде түпнұсқасы, яғни парсы тіліндегі нұсқасының, сақтаулы екенін көрсетеді де: «Ғылым академиясының мұражайында бұл кітаптың түрікше аудармасы бар, ал С-Петербург университетінің кітапханасында – парсыша түпнұсқасы сақталған. Өкінішке орай, академиядағы кітап толық емес, ал университеттегі кітаптың қатесі көп, соған қарағанда, оны парсы тілін білмейтін адам көшірген» [18; 352], — деп сол қолжазбалардың кемшіліктерінің көп екенін атап айтады. Осындай жағдайлар қазақ ғалымы Ш.Уәлиханов Петербордағы М. Хайдар кітабының нұсқасымен өте жақсы таныс болғанын және жан-жақты зерттегенін көрсетеді.

Одан әрі қарай қазақ ғалымы «Тарих-и Рашиди» кітабын қысқаша талдап, оның екі бөлімнен тұратынын, бірінші бөлім Қашғар хандығы Тоғылық-Темірден, яғни 1362 жылы Шыңғыс хан ұрпағынан Рашид ханға дейінгі (1554 ж.) тарихты қамтитынын, ал екінші бөлім мемуар түрінде автор естеліктерінен тұратынын көрсетеді. М.Хайдар өз басындағы қиын-қыстау жағдайларды жаза отырып, оған қоса аса қажетті географиялық (Тянь-Шань, Болор, Тибет, Куэн-Лун, т.б. жерлер туралы) және тарихи мәліметтер бергенін Ш.Уәлиханов тебірене жазыпты. Ал автор туралы: «...Өзі атақты Доғлат әулетінен шыққан, оның ата-бабасы, ұлысбектер деген атпен Моғұл ұлысында франктердің Меровинг мажордомдарының рөлінен кем емес рөл атқарған» [18; 353], — деп М.Хайдардың хан тұқымына жатпайтын Дулат руының адамы болса да, әкесінің Моғолстан мемлекетінде шешуші рөл атқарған тарихи тұлға екенін көрсетіп, оларды V–VII ғасырлардағы Францияда шексіз билікке ие болған Меровингтермен салыстырады.

Ш.Уәлиханов «Жоңғария очерктерінде» 1554 жылға дейін Орталық Азия тарихынан көп мәлімет беретін осынау аса құнды кітап Еуропада тек аты ғана белгілі екенін айта келіп, Санкт-Петербургдағы оның қолжазбаларының әлі күнге дейін игерілмегенін қынжыла жазыпты.

Қазақстанда дулаттану саласында тұңғыш үн көтерген — Шоқан Уәлиханов «Тарих-и Рашиди» кітабын оқып шығып, «Из Тарих-и Рашиди» («Тарих-и Рашиди» — ден) деп аталатын құнды зерттеу жасап жарыққа шығарған. Аталған зерттеу Шоқан қолымен жазылған 22 беттен тұрады. Мұнда

«Тарих-и Рашиди» кітабының қысқаша мазмұны былайша берілген: «Тарих-и Рашиди» түпнұсқасының авторы Мұхаммед Хусейынның ұлы Мұхаммед Хайдар көбінесе Хайдар Куркан (*сурган* – монғол тілінде «күйеу бала» мағынасын білдіреді) мырза атымен белгілі және ол қашғарлық хан Абдул-Рашидтің уәзірі болған. Ол хандармен туыстығы бар Дұғлат әулетінің Бұлашы әмірінен шыққан. Хандар әйелдерін осы әулеттен алатын болған. Жетімдіктің ауыр зардабын тартқан автор 13 жасында Сағидхан сұлтанның тәрбиесіне алынған. Ханның оған деген ерекше ықыласы ханның балалары мен ағайындарының қызғанышымен оятады. Ол 24 жыл бойы ханның қасында болып, оның бұйрығымен көркемсөз шығармашылығымен, поэзиямен, сондай-ақ кітап жазумен де, сурет салумен де, ісмер жұмыстар шеберлігімен де айналысып, халықты таң қалдырады, темір жону өнерінің, ұсталықтың, дипломатияның шебері болады. «[Егер] не білетінімді айтар болсам, [онда] [әңгіменің] шегі алысқа кетеді. Жай қарым-қатынаста, сұхбатта, соғыста, садақ ату кезінде, аңшылықта және сондай-ақ басқару істерінде – осының барлығында мен ханның шәкірті болдым. Алайда мен оның балаларынан көп жаманшылық көрдім», — [деп өзі туралы Мұхаммед Хайдар жазады].

Хайдар монғол хандары қимыл-әрекетінің аңыздардан мәлімдігін айтады, алайда оның уақытында аңыздардың ауызша жеткен үлгісін білетін және оларды сақтай алған адамдар да болмаған. Ол өз тарихын Шараф-ад-диннің «Зафарнамесі» баяндауын үлгіге ала отырып, хижраның 951 ж. бастайды. Тарих Моғол ұлысының негізін салушы, әрі исламды бірінші қабылдаушы Тұғлық-Темір ханнан басталады; өйткені Шыңғыс ханнан бастап Тұғлық-Темірге дейінгі жайды барлық тарихшылар жақсы айтады да, солардан кейінгі хандардың тарихы белгілі болмаған. «Тарих-и Рашиди» екі бөлімге бөлінеді: біріншісіне [Тұғлық-Темірден тарайтын Шағатайлықтар тарихы] енеді. Екінші бөлімде автордың өзінің [өмірлік] жағдайынан мәліметтер қамтылады: Шағатай хандары мен сұлтандары туралы не естіді, не көрді; өзбектер жайлы және өз туысқандарының – хандар тарапынан көрген қолайсыздықтар. Сондықтан автор осы хандық алдындағы және басқа тарихшылардан белгілі оқиғаларды қайталауды да ұлы өзен Ефраттың жағалауынан құдық қазғандай жөнсіз деп есептеп, [өз тарихын] Рашид ханмен аяқтайды, соның атымен жылнама «Рашиди» деп аталған. Тарих 962 ж. (1554 ж.) аяқталған, ол өз бойында негізін салушысы Есенбұға болған Шағатай ұлысының шығыс бөлігін иеленген хандар тарихын қамтиды, олар Ақсу, Қашғар мен Яркендті мекен еткен. Автор бұл хандарды монғол (моғол) хандары деп, олардың иелігін Моғолстан, Моғол ұлысы, ал халқын, олар мұсылман болса да монғол деп атайды (яғни, ұйғырлар, дулаттар мен қырғыздар)» [19].

«Тарих-и Рашиди» деректері бойынша Ш.Уәлиханов «Тоғылық-Темір хан, Жүніс хан шежірелерін жасаумен қатар аса құнды XVI ғасыр карталарын жасапты. М.Хайдар кітабының материалдары Ш.Уәлиханов жасаған «Моғолстан картасы» және Моғолстанның батыс бөлігінің картасы аса бағалы дүниелер болғандықтан, Санкт-Петербург ғалымдары, соның ішінде Орыс Географиялық Қоғамы және өзі қызмет атқарған Азия Департаментінде жоғары дәрежеде бағаланған [17].

Ш.Уәлиханов «Тарих-и Рашиди»-ден туралы зерттеуін 1860 жылы жазған. Сол Шоқан жазған қолжазба 1860 жылдан бері талай ғалымдардың қолынан өткен екен. Бірақ дәл осы күйінде жарыққа шықпай қалған. Оған негізгі себеп ғұлама ғалымның қатты ауырып 1865 жылы қайтыс болуы.

Сонымен, қалай айтсақ та, М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты классикалық шығармасын алғаш зерттеп, ғылыми айналымға кіргізген қазақтың кемеңгер ғалымы Шоқан Уәлиханов екені бұл күнде баршаға аян.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Әбдезұлы Қ.* «Жаханнаме» дастаны әсіресе түркілік рухтағы халықтардың жан дүниесіне терең әсер етеді // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551). — 2003. — № 5 (65). — 38-б.
- 2 Қазақтар. — II-т.: Тарихи тұлғалар. — Алматы: «Білік» баспа үйі, 2003. — 56-б.
- 3 *Жалбағай Ә., Рамазан Т.* Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) // Әлем әдебиеті. — 2013. — № 3. — 191–213-б.
- 4 Мұсылман ғалымдары / Баспаға әзірл. Д. Тоқмырза. — Алматы: «Шапағат-Нұр», 2006. — 104-б.
- 5 *Дербісалиев Ә.* Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). — Алматы: Рауан, 1995. — 179-б.
- 6 *Қазыбек М.* Мұхаммед Хайдар Дулати // Ана тілі. — 2012. — № 24 (1125). — 14–20 маусым. — 6–7-б.
- 7 *Дулати М.Х.* Тарих-и Рашиди. — Алматы: М.Х.Дулати қоғамдық қоры, 2003. — 616-б.
- 8 Қазақстан тарихы: Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006. — 768-б.
- 9 *Келімбетов Н.* Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. — Алматы: Раритет, 2011. — 432-б.
- 10 *Қазыбек М.* Тарихи сабақтастық арналары (Төле би Мұхаммед Хайдар Дулатиді білген бе?) // Түркістан. — 2013. — 12 желт. — 14-б.

- 11 Ұмытылмас есімдер / Құраст. Б. Ысқақов. — Алматы: Қазақстан, 1994. — 94-б.
- 12 Қалиева М.М. Х. Дулат және оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі (Ресей және Орта Азия ғалымдарының еңбектерінде) // Қазақ тарихы. — 2009. — №3 (96). — 7–9-б.
- 13 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. — Алматы: Жалын, 1993. — С. 166.
- 14 Қалиева М. М.Х. Дулат және оның «Тарих-и Рашиди» еңбегі (Ресей және Орта Азия ғалымдарының еңбектерінде) // Қазақ тарихы. — 2009. — № 4 (97). — 10–13-б.
- 15 Жеменей И., Әбдіүәлі А. «Тарих-и Рашиди» еңбегінің тарихи әлемі // Қазақ тарихы. — 2009. — № 6 (99). — 13–16-б.
- 16 Мырзахметұлы М. Қазақстанда дулаттану саласында тұңғыш үн көтерген Шокан Уәлиханов // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам: Мұхаммед Хайдар Дулати (1499-1551). — 2013. — № 5 (65). — 52 б.
- 17 Өтениязов С. Шокан Уәлиханов және «Тарих-и Рашиди» // Ана тілі. — 2014. — № 35 (1241). — 4–10 қырк. — 9-б.
- 18 Уәлиханов Ш.Ш. Жоңғария очерктері: Көп томдық шығармалар жинағы. — 3-т. (341–371-б.). — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 424 б.
- 19 Уәлиханов Ш.Ш. «Тарих-и Рашиди»-ден: Көп томдық шығармалар жинағы. — 4-т. (15–29-б.). — 2-бас. — Алматы: «Толағай групп», 2010. — 15–29-б.

Р.С.Каренов

Мухаммед Хайдар Дулати — первый всемирно известный казахский ученый-историк, выдающийся мыслитель средневековья

К 515-летию со дня рождения М.Х. Дулати

Статья посвящается жизни и творческой деятельности Мухаммеда Хайдара Дулати — великого ученого, названного отцом истории казахов. Отмечено, что его труды заняли достойное место в мировой истории, науке и образовании. Автор предпринимает попытку всесторонне исследовать творческое наследие просветителя. Сделан вывод, что его главный научный труд «Тарих-и Рашиди» является книгой, написанной в особом художественном стиле, где ярко и образно выражаются мысли автора. В статье уделяется внимание также поэме гениального мыслителя «Жаханнаме».

R.S.Karenov

Mukhammed Khaydar Dulati — the first world-famous kazakh scientist-a historian, a prominent thinker of the middle ages

To 515-anniversary M.Kh. Dulati

The article is dedicated to the life and creative activity of Mohammed Haydar Dulati — the great scientist, is called the father of Kazakh history and he's occupied their work worthy place in world history, science and education. It's attempt to comprehensively explore the creative legacy of educator. It's concluded that his main scientific work «Tarikh-i Rashidi» is a book written in a particular artistic style that expresses clearly and the figuratively idea of the author, serving as a memoir work. It's attention is given to the poem as the great thinker «Jahan Nama».

References

- 1 Abdezuly K. *Star family. A legendary figure: Mukhammad Haidar Dulati (1499–1551)*, 2013, 5 (65), p. 38.
- 2 Kazakhs. V. II: *Historical personalities*, Almaty: Publ. house Bilik, 2003, p. 56.
- 3 Zhalbagay A. *World Literature*, 2013, 3, p. 191–213.
- 4 *Scientists of muslim / For print prepared D. Tokmurzoy*, Almaty: Shapagat — Nur, 2006, 104 p.
- 5 Derbisaliev A. *Stars of Kazakh steppe (philological-historical research)*, Almaty: Rauan, 1995, p. 179.
- 6 Kazybek M. *Ana tili* 24 (1125), 2012. June 14–20, — p. 6–7.
- 7 Dulati M.Kh. *Tarikh-i Rashidi*, Almaty: Community Foundation of M.H. Dulati, 2003, 616 p.

- 8 History of Kazakhstan. Encyclopedic Reference, Almaty: Aruna Ltd LLP, 2006, 768 p.
- 9 Kelimbetov N. *The ancient literary traditions of Turkic peoples*, Almaty: Rarity, 2011, 432 p.
- 10 Kazybek M. *Turkestan*, 2013, December, 12, p. 14.
- 11 *The unforgettable names* / Comp. B. Iskakov, Almaty: Kazakhstan, 1994, p. 94.
- 12 Kalieikova M. *The history of Kazakhs*, 2009, 3 (96), p. 7–9.
- 13 Bartold V.V. *The history of Kazakhs*, 2009, 4 (97), p. 166.
- 14 Kalieikova M. *The history of Kazakhs*, 2009, 4 (97), p. 10–13.
- 15 Zhemenei I., Abduali A. *History Kazakhs*, 2009, 6 (99), p. 13–16.
- 16 Myrzahmetuly M. *The stars family. A legendary figure: Muhammad Haidar Dulati (1499–1551)*, 2013, 5 (65), 52 p.
- 17 Uteniyazov S. *Ana tili*, 35 (1241), 2014, September 4–10, p. 9.
- 18 Ualikhanov Sh.Sh. *The collection of many volumes*, 3, 2–release, Almaty: Tolagay groups, 2010, p. 341–371.
- 19 Ualikhanov Sh.Sh. *From the «Tarikh-i Rashidi»* / The collection of many volumes. 4, 2–release, Almaty: Tolagay groups, 2010, p. 15–29.

ӘОЖ 94(574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: rkarenov@inbox.ru)

Уақ тайпасының шығу тегі және оның жоңғарларға қарсы күресті ұйымдастырған тарихи тұлғалары

Мақалада Орта жүзге кіретін Уақ тайпасының шежіресіне ерекше көңіл бөлінген. Жазу-сызуымыздың көп уақыт кенже қалып келу салдарынан Уақ тайпасына жататын рулардың шежіресі ұрпақтан ұрпаққа негізінен ауызша жетіп отырғаны туралы айтылған. Уақ тайпасының атақты батырлары жөнінде құнды мәліметтер берілген. Осы тайпаның жеке аталарын тарату Қазақ энциклопедиясының әр томынан алынған деректермен дәйектеліп отырғаны көрсетілген.

Кілт сөздер: тайпа, шежіре, ру, деректер, ұрпақтар, батырлар, тұлға, дастан, ел, жер.

Уақтар — Орта жүздегі саны аз тайпа

Орта жүз құрамына кіретін Уақтың шығу тегі туралы пікірлер әр түрлі.

Уақ бір атадан емес, әр елден аз-аздап жиналған ел, сондықтан Уақ деп аталады. Ол елдер негізінен Керей, Найман тайпасынан құралған, кейінірек Үйсін, Қырғыздар араласқан.

Қазақ арасына кең тараған аңыз бойынша, Уақ Керей тайпасымен туыстас. Уақтың арғы атасының анасы, ері Жаубасар өлген соң, бір жылдан кейін әмеңгерлік әдет бойынша оның ағасы Ойшыбайға (Керейдің әкесі) тиеді. Сондықтан да Уақ Керейдің інісі болып есептеледі.

Тарихи деректер негізінде де Уақ Керейлермен іргелес болып қана қоймай, өзара соғыс одағын құрып, соғыс кезінде әрқашан әскери қолдың оң қанатында болған. Керей мен Уақтың аталастығының тағы бір айғағы, олардың рулық таңбасының ұқсастығы, яғни «Ашамай таңба» екеуіне де ортақ.

Уақтардың алғашқы атамекені Қазақстанның солтүстік-шығысы мен Монғолияның батысы болса керек. Қазақ жеріне жоңғарлардың баса-көктеп еніп, алға жылжуының салдарынан Уақтар өзінің атамекенінен ығысып, солтүстікте Тобыл және Үй өзендеріне, батыста Торғай өлкесіне, ал оңтүстікте Арал теңізінің жағалаулары мен Сыр бойына дейін жеткен. XVIII ғасырдың ортасында Жоңғар шапқыншылығынан Уақтардың негізгі бөлігі Керейлермен қоса өзінің шығыстағы және

солтүстік-шығыстағы атамекеніне қарай ойысқан. Уақтардың жайлауы — Есіл өзені мен Жайылма көлінің жағасында, қыстауы — Ертіс бойы [1].

Академик Ә. Марғұлан ежелгі «Оңғыт тайпасы» Уақ деп көрсетеді [2; 36]. Бұл пікір атақты шежіреші Әбілғазының: «Қытай билеушілері түрік халқының ішінен бірнеше жамағатқа: «Сіздер қорғанның қақпаларын сақтасаңыздар, біз сіздерге жыл сайын керек-жарақтарыңызды беріп тұрайық», — деп ұсыныс жасады. Ол түріктер мұны қабыл алып, қақпаны күзететін болды. Бұл жұмысқа ұлдарын да, қыздарын да жекті. Бұл күзетшілерді оңқұт деп атады. Монғол тілінде оңқұт дегендегі *т*-ның мағынасы түрік тіліндегі *шы*- мен мағыналас, яғни *өркенші, табақшы, есікші* дегендегідей. Қақпаны қорғаған кісілерді оңқұт деді, қақпашы дегені болар» [3], — дегеніне үндес жатқан сияқты.

Оңғыт (оңқұт, онқұт) — түркі тілдес тайпа. Олар – Керей, Найман тайпаларымен қатар өмір сүрген әйгілі ұлыс. Оңғыттардың аты қытай тілінде «Уақ-гу», яки «Ун-гу», парсы тілінде «оңқұт», монғол тілінде «унхууд». Олар қытайдың ұлы қорғанының солтүстігін мекендеген [4; 368].

Шыңғыс ханнан бұрын Оңғыттар (Уақтар) өз алдына жеке ұлыс болып өмір сүрген. Шыңғыс хан күшейген кезінде Оңғыт (Оңғұт, Онқұт) ұлысын қиратып, халқын өзіне бағындырған.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Уақтар отырықшылыққа көше бастады. Олардың өмірінде егіншілік пен пішен шабудың, сауда-саттық және қолөнердің маңызы арта түсті. Уақтардың ұрандары — Жаубасар, Бармақ.

Уақ тайпасының шежіресі

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Уақты Қасымқожадан туғызып, таратады [5].

Уақты таратудағы жан-жақты кесте Жарылқап Бейсенбайұлының зерттеуінде бар [6; 133]. Ол Уақтан — Беткені, Беткеден — Айдарды, Айдардан Қамбар батырды таратады (кестені қараңыздар).

Қамбардан екеу: Ермен, Жусан. Ерменнен — Еркөкше, одан — Еркөсай, одан — Алшағыр, одан — Қылдыбатыр. Қылдыбатырдан төртеу: Жантелі (Жандалы), Сарыбағыс, Әлімбет, Байназар. Жантеліден (Жандалыдан) үшеу: Сибанқазы (Сыбанқазы), Сіргелі, Тоқтамыс. Сибанқазыдан (Сабанқазыдан) — Бәймен, одан — Еренші, Шоға, Сарман.

Жусаннан төрт ата «Ергенекті Уақ» тарайды (Бидалы, Жансары, Баржаксы, Шәйкөз).

Уақ тайпасының ру дәрежесіне жеткен тармақтар

Шежіре деректерінде көрсетілгендей, Уақ тайпасының ру дәрежесіне жеткен тармақтарына мыналар жатады:

1. Ереншіден (Еренші батырдан) үшеу: Былғаншы, Сейіткен, Жайылмыс.

Былғаншыдан төртеу: Есен, Қазы, Малақ, Серек. Сейіткеннен — Боқай, Бөкен. Жайылмыстан – Бәшен, Тілеке аталары өрбиді [4; 350].

2. Шоғадан – Алдаберген, одан — Айдархан, одан — Қамбархан. Қамбарханнан — Бәйімбет, Қасым. Бәйімбет ататек таралымын қытай елінде тұрған Дәйімбек Бұрханбайұлы, ал Қасым таралымын Иісхан Ырғабайұлы ел ішінен жинап, теріп қағазға түсірген [7].

Ж. Бейсенбайұлының еңбегінде көрсетілгендей [6; 133], Шоғаның бірінші баласы Бейімбеттен бесеу: Елкіс, Мүлкіс, Бердібай, Жолшора, Жиенқұл. Шоғаның екінші баласы Қасымнан — Сары, Шақай, Жомарт, Өтеп, Ыдық, Шапанай.


3. Сарманнан, шежіре деректері бойынша, Қарақойлы (Қарақойшы) мен Көкен рулары тараған. Сарманның ұрпақтары Ертіс бойын мекендеген. Олар мал шаруашылығымен, егіншілікпен айналысқан [8; 33].

4. Сарыбағыс — қырғыздың Сарыбағышымен байланысты екендігі әбден кәміл. Сарыбағыстан — Қарабас, Қарақай, Шоқа [9].

5. Байназар. Абырай және Әжібек болып екіге бөлінеді. Кезінде олар Павлодар уезінің солтүстік-батысындағы Құлынды даласын мекен еткен [10; 93].

6. Сіргелі — Ұлы жүздегі Сіргелімен байланысты деген дерек бар. Шежіре бойынша, Мәтен, Меңдіғара, Елібай, Оразай, Қазанқап, Әлібек, Жанқошқар, Байболат деген аталарға бөлінеді [4; 349].

Сіргелі Уақтар ертеректе Петропавл уезін, Көлденең Есілдің күнгей бетін, қазіргі Қостанай облысының Семиозер ауданын, Құсмұрын темір жол стансасын мекендеген [8; 502].



7. Әлімбет ұрпақтары бұрын негізінен Павлодар уезінде тұрып, Ертіс жағасын мекендеген. Қазір де сол арада тұрады [10; 37].

Еренші, Шоға, Сарман, Байназар, Әлімбет аталарын кейде «Уақ-Керей» деп атайды. Бұлардан басқа қырғыздың Сарыбағышынан (Сарыбағыс руы), Үйсіннің Сіргелісінен (Сіргелі Уақтар) бөлінген елдер Уақ ішінде қалып, сіңісіп кеткен.

Ергенекті Уақтар

Уақ құрамында Найманның Сарыжомарт (Ергенекті) атасынан ауысқандар бар. Олар: Бидалы, Жансары, Баржақсы, Шәйкөз. Бұларды «Ергенекті Уақ» деп атайды [2; 36]:

1. Бидалы — Орта жүз Уақ ішіндегі Еркосай руынан тараған ата. Бидалының шешесі Ергенекті-Найман қызы болғандықтан, оның ұрпағы басқа үш туысының (Жансары, Баржақсы, Шәйкөз)

ұрпағымен қоса «Ергенекті Уақ» атанған. Ертеде Петропавл уезінде Есіл өзенінің бойын мекендеген. Ұраны (Жаубасар) мен таңбасы Уақ тайпасына ортақ [10; 326].

2. Жансары — Ергенекті Уақ руынан тараған атаның бірі. А. Левшиннің көрсетуінше, Жансарының таңбасы жалпы Уақ руларының таңбасымен бірдей, ал ұраны — Жаубасар. Ертеде Жансарының ұрпақтары Павлодар, Омбы уездерін мекендеген [11; 268–269].

3. Баржақсының ұрпақтары бұрынғы Петропавл уезінің Есіл өзені бойын мекендеген. Ұраны — Жаубасар [10; 167].

4. Шәйкөзден, шежіре деректеріне қарағанда, Жолымбет, Шайқара, Қашымқұл, Қосай аталары тараған. Ертеде Шәйкөздің ұрпақтары: жазда Тобыл, Үй өзендері алаптарында; қыста Жаңакөл, Тоқсан, Сақалы, Кішкенекөл, Ыстықкөл, Төрөкөл, Жыланды, Көшербай, Жарқайың, Байкөтан көлдері алаптарында көшіп-қонып жүрген. Шәйкөздер жартылай отырықшылықта болып мал өсіріп, егін салған [12].

Т.Қ.Сәдуақастың еңбегінде келтірілген деректерге [4; 368–371] сүйенсек, Ергенекті Уақтан Қарағыз және Қантай туған. Жоғарыда келтірілген кестеге қарасақ, Қантайдан – Баржақсы, Шәйкөз; Қарағыздан — Бидалы (Бидалы Уақ), Жансары (Жансары Уақ).

Бидалы Уақтан — Амантай, Қожантай, Қараман, Қайдауыл, Өтей, Дәуіш.

Жансары Уақтан бесеу: Тоқай, Самай, Қурай, Қытай, Кіндікей. Тоқайдан — Түгел, одан — Жаманай, Жақсығұл, Тоқтаболат, Тотау. Жаманайдан (Жамайдан) — Есет, Көрпе, Байкісі, Жанкісі. Жақсығұлдан — Байгүшік, Оңғар. Тоқтаболаттан — Бабы, Жұматан. Тотаудан — Дүйінбай, Жанықбай.

Самайдан — Қосет, Тоқымбет, Қортай. Қосеттен – Айтқұл, Қозыбай, Жамбай, Есенбай. Тоқымбеттен — Байқоңыр, Жанқоңыр. Қортайдан — Тынысбек, Өтеген, Үмбетай, Амандық.

Қурай, Қытай тараған ел. Олар Пресногорков (Қостанай облысы) маңында Баржақсы, Шәйкөз елдерімен қоныстас отырады.

Кіндікейден туған әулеттер бұрынғы Семей, Павлодар облысында (Ертіс өзенінің бойында) мекендеген.

Баржақсыдан үш ата өрбиді: Баубек, Сәдібек, Жәнібек. Баубектен – Бақтыбай, Нәпібек. Сәдібектен — Өтей, одан – Бәйімбет, Мырзамбет, Малай, Жиенбет. Жәнібектен – Мәмбет, Тортай.

«Жаубасар» деп жауға шапқан Уақ тайпасының атақты батырлары

Уақ руынан шыққан, қазақ қауымына өте танымал батырлар: Еркөкше, Ерқосай, Сары (Ерсары), Баян. Бұл тұлғалар — ел тарихында іздері сайрап жатқан батырлар:

1. Ер Көкше (Еркөкше) — тарихта болған адам. Ерлігімен ел аузында аңызға айналып, дастан-жырға арқау болған. Халық шежіресінде Ер Көкше мен Ер Қосай бір туысқан кісі болып айтылады. Олардың арғы атасы «Манас» жырында айтылатын Қамбар, бергі атасы Айдархан болып аталады.

«Манас» жырында Ер Көкшеге арналған мынандай жолдар бар [13]:

*Гүрілдеп жатқан көк Ертіс,
Толқыны сұлу көрікті,
Алыстан аңсап Алмамбет,
Ата суға келіпті.
Алақанға мөлдірін
Аймалатып көріпті,
Суынан ұрттап алады,
Сағым басқан далаға
Сағынышпен қарады.
Қыл-Ертістің сайында
Көк майсалы жер көрді,
Қонған қалың ел көрді.
Ел шетінде самсаған,
Ереуілді аңсаған,
Қайнаған қалың қол көрді,
Сол бір топтың ішінен,
Жан шошырлық түсінен,
Көк жамылғы жамылған,
Көк аласы сабылған*

*Көкіректі ер көрді,
Көріп соған жөнелді.
Алмамбет жетіп келеді,
Қалмақша тұрып қасқып,
Соған сәлем береді.
Айбаты бар ерекше,
Тұлғасы да бөлекше,
Сәлемін алды алайып,
Айбаты бар Ер Көкше.
Қыл тақия, қызыл шоқ,
Қылымда мұндай батыр жоқ,
Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Көзінде жанып жатыр от.*

Қазақ халқының сана болмысының тарихи негіздері дегенде әңгіме басы сонау замандағы қазақ жеріндегі түркі тілдес тайпалар мен тайпалық одақтардың түркі тіліндегі қалыптасқан дүниетанымына келіп тіреледі. Кез келген халықтың ойлау мәдени кеңістігі болатыны белгілі. Білетініміз, қазақ халқы этнос ретінде тарих сахнасына XIV–XV ғасырларда шықты. Бірақ бұл бұған дейін қазақ жерінде халықтар болмады деген сөз емес. Халық болған, қазақтың арғы ата-бабалары мемлекет болып қазақ жерінде өмір сүрген. Көшпелілер өркениетін жасаған. Белгілі философ Ғ.Есімнің айтуынша, қазақ халқының ойлау мәдени кеңістігінің екі тарихи өлшеммен анықталмақ. Бірінші, «алғашқы мәдени тарихи, бүгінгі қазақ этносын құраушы ру, тайпалардың тарихына, тұрмысына, мәдениетіне қатысты анықталмақ, тарихқа белгілі Ғұндар империясы, Түрік қағанаты, Үйсін мемлекеті, Қыпшақ мемлекеті, Алтын Орда мемлекеті, одан беріде Ақ Орда, Көк Орда құрамындағы тайпалардың түркі тіліндегі қалыптасқан дүниетанымы» [1].

Екінші, «қазақ ойлау мәдени кеңістігі Қазақстан территориясына ислам діні мен мәдениеті арқылы енген араб тіліндегі философиядан нәр алған. Ислам философиясы арқылы Қазақстанға Сократ, Платон, Аристотель ілімдері тарай бастады. Еліміздің даналары грек философиясымен араб тілі арқылы танысты» [1; 3]. Қазақтың ойлау мәдениетінің қалыптасуына негіз болатын рухани қайнарлар осылар.

Дүниетанымсыз халық болмайды дедік. Қазақ халқының дүниетанымы ұлттық тілінің ерекшелігіне, тәлім-тәрбиелік даналығына, ұлттық рухы көрініс табатын сөз өнеріне тікелей байланысты. «Қазақ халқының даналық рухын халықтың аңыз әңгімелері мен ертегілерінен, жыр, қисса дастандары, мақал-мәтелдерінен көруге болады. Бұлар халық дүниетанымының көне заманнан келе жатқан іргетасы іспетті. Бұнда халықтың ғасырлар бойы жинаған бай тәжірибе мен тағылымы, адамгершілік, дүниетанымдық көзқарастары қалыптасқан» [2].

Қазақ халқының дүниетанымының көне жанрының, рухани арналарының бірі — ертегілер. «Ертегі дегеніміз ерте замандарда болған, бірақ халықтың ойлау дәрежесіне, өмір сүру салты мен ой-армандарына орай байытылып, өзіне тән формаға ие болған, бәлкім, өмірде мүлде болмаған, қиялға құрылған оқиғалар десек те болады» [1;19]. Ертегінің функциясы кең, ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық рөл атқарады. Ертегі адамның тұрмыстағы ермегін де, ертеңіне деген тілегін де әңгімеге арқау етеді. Ол халықтың ауызша айтатын көркем әңгімесі. Ертегі жай ғана көркем әңгіме емес, оның негізінде идея, ой бар. Ол ой ертегіде тегін жайды айтпайды, қоғамдық, өмірлік мағыналы сырларды танытады. М. Әуезов ертегінің маңызын былайша көрсетеді: «Ертегілердің бәрінде адам қандай, адамды қоршап тұрған дүние қандай? Ол дүниенің жаратылыс сыры туралы сол күндегі адамның ең алғашқы ұғым-нанымы, түсінік-қиялы қандай? Қандайлық мифтік түсінік жасап еді? Адам жаратылысы мен қуатының өзі адам үшін қандай жұмбақ еді. Және сол адамның күшіне сену, нану қаншалық дәрежеде биік, берік еді? Осының бәрін халықтың ой-қиялын тудырған ғажайып ертегілер, неше алуан түрде өзінше шешіп, ашып береді» [3].

«Қазақтың ертегілері мен аңыздарында дала диалектикасы айрықша орын алған. Сондықтан да бұл аңыздар мен ертегілерде табиғаттағы бар тіршілік көздері адамдармен араласып, біресе олар адамдармен достасса, кейде олардың қас жауы болып шыға келеді. Сондықтан да қазақтың ертегілері өз мазмұны жағынан өмірді суреттегенде оның шындығын әрі батыл, әрі айқын бейнелегенде таң қаласыз. Мысалы, «Еділ мен Жайық» деген ертегіде жалмауыз, жезтырнақ деген залымдар ағайынды екеуін бөліп, біреуін (Жайықты) өлтіреді. Еділ түбінде осы сиқырдың, жалмауыздардың көзін жояды. Содан кейін халық тыныш болып, мал құрап, ел болады. Міне, осы ертегінің саяси астары бар екені өзінен-өзі көрініп тұр. Қазақтың үлкен екі өзені Жайық пен Еділдің бір-бірінен ажырасып басқа жат жұртқа қолды болуы, яғни жалмауыз әйелдің (ол әйел орыс патшасы Екатерина екінші) аузына түсуі, ол өз есінен айрылып Орал атануы тегін емес еді» [2; 17,18].

Қазақ халқының төл сана болмысының қалыптасқан уақытын Ғ.Есім XV ғасырдан бастауды ұсынады. Бұл ойға қонымды көзқарас. Себебі осы ғасыр қазақ этносы әлем халықтары тарихына енген мезгіл.

«Қазақ» сөзі — этностың, халықтың атауы. Қазақ халқының қалыптасуы турасында айтылған ғалымдардың пікірі сан алуан. Тарихтан білетініміз, «қазақ халқының негізгі этникалық топтары мен оның этникалық аймағының XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырда мемлекет болып бірігуі халықтың шоғырлану процесінің аяқталуын тездетті. Әбілқайыр мен Ақ Орда хандықтарындағыдай, сондай-ақ Моғолстандағыдай емес, Қазақ хандығының неғұрлым берік этникалық негізі қалыптасып қалған қазақ халқы болды. Шығыс Дешті Қыпшақтың, Түркістан мен Жетісудың барлық түрік рулары мен тайпалары дерлік монғол шапқыншылықтарынан кейін тұнғыш рет бір мемлекетке бірікті» [4]. Қазақ халқының қалыптасу үрдісі ұзақ уақыттарды алып жатыр. «Қарға тамырлы қазақ» деген түсінік бар. Таулы жерде өсетін қарға деген өсімдік бар көрінеді, өзі аса биік болмаса да, тамыры тереңге және жан-жаққа таралып өседі екен. Қазақ халқының тамыры да қарға өсімдігінің тамыры сияқты тереңде жатыр. Қазақтың тамырына үңілсек, шығу тегінің күрделілігін көреміз. Қазақ халқы көктен түскен жоқ, қазақ халқы қалыптасқанға дейін Қазақстан территориясында байырғы ру-тайпалар, ірі-ірі мемлекеттер өмір сүрген. Қазақ хандығының, яғни Мырза Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде атап көрсетілгендей, Қазақ хандығы 1456 жылы Шу өзені бойында Қозыбасы деген қоныста ту көтеріп, мемлекет атанғаннан кейін ұзаққа созылған қазақ этносының құрылуы аяқталған. Қарап отырсақ, мемлекеттің пайда болуы этностың пайда болуына әкеліп тұр. Қазақ хандығына дейін қазақ деген атау атала бастаса да, нақты қазақ этносы болмаған. «Туыстас тайпалар

азаматтық сана мен әскери одақ ретінде бөлектеніп қазақ деген атауға ие болып, жаңа этнос құраған. Бұл жағдайда мемлекет этнос құрушы фактор болып тұр» [1; 65].

«Қазақ» сөзінің өзі қыпшақтар мекендейтін аймақта пайда болған деп санауға барлық негіздер бар. Зерттеушілердің айтуы бойынша, «қазақ» атауының бастапқы таралған жері Шығыс Дешті Қыпшақпен байланысты болған. «Жазба деректерде «қазақ» термині 1245 жылы мамлюктік Египет мемлекетінің қыпшақтары ортасында жасалған араб-қыпшақ сөздігінде жазбаша деректемелер ішінде бірінші рет қолданылған деп саналып жүр. Онда «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мән беріледі» [4; 304]. Өз зерттеулерінде осы көзқарасты Шоқан Уәлиханов та растайды. Қазақтың еркін, кезбелігі көшпелі өмір салтын ұстанғандығынан болар. Ертіс пен Қараталдан Сырдария мен Жайыққа, Алтай мен Тянь-Шаньнан Каспий мен Аралға дейінгі аралықта емін-еркін, көшіп-қонып өмір сүрген.

Көшпелілік — бұл қазақ халқы рухани мұрагері болып отырған түркітілдес тайпалар мен тайпалық одақтардың дәстүрлі өмір сүру салты. Жазда жайлауға, қыста қыстауға көшу — малжанымен бірге тұрып, бірге жүрген қазақ үшін табиғатқа бейімделу, онымен үйлесімділікте өмір сүру. Қазақ халқы ешқашанда табиғатты өзгертуге, оны игеруге, табиғатқа үстемдігін жүргізуге тырыспаған халық. Бұл түркі дүниетанымынан нәр алған барлық халықтар үшін ортақ қасиет. Табиғаттың мезгілдеріне сай жанға қолайлы, малға қолайлы жерлерге көшу қазақ үшін заңдылық, ата-бабадан келе жатқан дәстүр. Адам мен табиғат арасындағы қалыптасқан дәстүрлі қатынасты алып қаралық. Қазақ қашанда өзін табиғатпен бірлікте санаған және өзін табиғатқа қарсы қоймаған. Себебі қазақ үшін табиғат оның анасы, ал ол табиғаттың төл баласы. Табиғатқа деген балалық көңіл әрқашанда әр түрлі наным-сенімдер, ырымдар арқылы реттеліп отырған. Олар табиғаттың сұлулығына тәнті болып, әнге, жырға, күйге қосып отырған.

Адам табиғатсыз өмір сүре алмайтындықтан, ол табиғатпен қатынасқа түспей отыра алмайды. Табиғат өте қасиетті ұғым, сондықтан адамның табиғатқа қатынасы дұрыс болуы керек. Осы дұрыс қатынасты сақтап тұруда қазақтың дүниетанымындағы «обал», «сауап» деген ұғымдардың орны ерекше. Табиғатпен етене өскен қазақ үшін обал дегеніміз не? Сауап дегеніміз не? «Обал — өзінді айнала қоршаған ортаның табиғи болмысына зиян келтіруге, жамандық жасауға, жандыны жәбірлеуге не өлтіруге, жансызды бұлдіруге не құртуға тыйым салынатын ұғымдар жиынтығы. Мысалы, жәндікті өлтірме, обал болады. Көкті жұлма, обал болады. Ақты төкпе, ағашты сындырма, тағы тағылар. Сауап — өзінді қоршаған ортадағы жанды-жансыздың бәріне бірдей жақсылық жасауға, қамқорлық көрсетуге үндейтін ұғымдар жиынтығы. Мысалы, құстың бұзылған ұясын түзе, сауап болады. Тал ек, сауап болады. Шөлдеген малға уақытылы су бер, сауап болады, тағы тағылар» [5]. Жастайынан обал мен сауаптың не екенін біліп өскен қазақ табиғатқа, адамға, жанды-жансызға жамандық жасаудан, зиян келтіруден бойын аулақ салып, оған қамқорлық танытуға бейім тұратыны хақ.

Кең байтақ далада, табиғат аясында емін-еркін көшіп жүріп табиғаттың бөлек жерлерін жақсы біліп қана қоймай, оны толық сезіне алған қазақтар жерлерге сырлы, мәнді, қайталанбас атаулар таба білген халық. «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады».

*Бір тауда сұлу қыздың бөркі қалған,
Мөлтектеп терең көлде көркі қалған,
Бір тауда моншағы мен домбырасы,
Бірінде ел-жұртының реңкі қылған.
Бір суды жасы тамған «Ақкөл» депті,
Бір тауды камзол қалған «Мақпал» депті.
Бір көлді «Қанжығалы» деп атапты.
Бір суды «Терісаққан» өзен депті [3; 29].*

Жердің қасиетіне, ерекшелігіне, сол жерде болып өткен оқиғаларға қатысты жерге атаулар берілген. Мәселен, «Оқжетпес», «Бурабай», «Шідерті», «Орбұлақ», «Аңырақай» деген сияқты жер аттары. Атаулардың көп болуына кеңістіктегі мал шаруашылығы басым ықпал етті. Көшпелі өмір салты халыққа пана болатын, жері құнарлы, суы тұнық, шөбі шүйгін, жазы жайлы, қысы қолайлы, мал күтіміне сай жердің қыр-сырларын білуді талап етті. Жердің қыр-сырларын білу үшін оны мәтін ретінде оқу керек. Қазақта жерді мәтін ретінде оқыған, әр жерлерге мінездеме берген Асан Қайғыдан асқан адам жоқ. Асан Қайғы жерді жақсы таниды, ол дала төсінде өскен данышпан. Оның Қаратауға, Сайрамға, Сыр бойына, Шуға, Нұраға, Есілге, Ертіске, Баян тауына, Шыңғыс тауына, Алатауға тағы да басқа жерлерге сипаттама бергенін бәріміз де білеміз. Ертіске келгенде Асан ата былай деген екен:

*Көрем деп ұлы Ертісті тура келді,
Байқастап жағасында біраз жүрді.
Күйдім деп бала қарап отырмайтын,
Жер-ау, деп алдын ойлап болжап тұрды.
Сыырдың мүйізіндегі тікірейіп,
Көпірдің құлағындай тұр үртііп.
Күнінде сол кәпірдің жылайды-ау деп,
Кейін бұрды маясын іші кейін [6].*

Шідерті өзеніне келгенде:

*Көргенде тоқтап тұрды Шідертіні,
Жер екен топырағы асыл, суы шыны.
Бір айда майға бітер арық аттар,
Тоқтатар тұсағандай бос жылқыны.
Маясын тұсап біраз жатқан екен,
Шідерті деп атанды сонан, міне [6; 168].*

Сыр бойын көргенде:

*Секілді мынау Сырдың басы байпақ,
Аяғы жайылыңқы болар тайпақ.
Боларлық екі ауылға қонысы бар,
Жер еді бұрында өзі жүрген байқап,
Керек екен деп тұрды басын шайқап [6; 166].*

Бұлар сияқты жерге берілген мінездемелер қазақта жетерлік. Көріп отырғанымыздай, өзін табиғаттың баласы санайтын қазақ халқы анасын құрметтеген, қастерлеген, оның халық үшін маңыздылығын түсіне білген.

Көшпелілікті қазақтардың тек мал шаруашылығын жүргізу салтына қатысты түсіндірумен қатар, көшпелілік өмір сүру салты негізінде қазақтың дүниені түсінудегі ерекшелігі арқылы да түсіндіруге болады. Қазақ дүниетанымында «көш» деген ұғым бар. Бұл ұғымды халықтың танымындағы «дүние» ұғымына қатысты түсіндіріп көрейік.

Қазақта «дүние» ұғымына байланысты «жалған дүние», «опасыз дүние», «сұм дүние», «баянсыз дүние», «жарық дүние», «қиянатшыл дүние», «қу дүние», «мәңгі дүние» деген ұғымдар бар. «Дүние» ұғымы «бұ дүние» және «о дүние» деп екіге бөлінеді. «Бұ дүниенің» қызығы, сән-салтанаты, той думаны, махаббаты мен ләззаты, рахаты мол дүние. Бірақ «бұ дүние» жалған, алдамшы, опасыз, сұм, қиянатшыл, шектеулі. Шектеулі болатыны «бұ дүние» адам үшін туылғаннан кеудесіндегі жаны ұшып кеткенге дейінгі, яғни жаны «о дүниеге» көшіп кеткенге дейінгі, аралықты ғана қамтиды. Адамның өлуі — оның жанының «бұ дүниеден» «о дүниеге» көшуі. «О дүниені» қазақтар мәңгілік, шексіз деп түсінген. «О дүниеге» кеткен адамды «мәңгілік сапарға аттанды», немесе «бақилық болды», дейді. «О дүниелік» болған адамдардың қайтып оралмайтынын, қайта тірілмейтінін қазақтар ертеден білген. «Өтпейтін өмір жоқ, Сынбайтын темір жоқ», «Өткен қайтіп оралмас, Өлген қайтып келмес» немесе «Тумақ бар да өлмек бар», дейді қазақ халқы.

Шалкиіз жырау дүние туралы былай жырлайды:

*Қоғалы көлдер, қом сулар
Кімдерге қоныс болмаған,
Саздауға біткен қара ағаш
Кімдерге сайғақ болмаған,
Жағына жалаң жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған...
...Сақалына сары шіркей ұялап,
Миығына қара шыбын балалап,
Жазыда мал іздеген қазақтың
Басы қайда қалмаған.
Күлелік те, ойналық,
Киелік те, ішелік,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған [7]!*

Жалған дүние жалғандығын қылдырмай қоймайды. Адамның көзін түрлі-түрлі жылтыраған әдемілігімен, әсемдігімен қызықтырып алып, соңында ұшып өткен құстай жоқ болады.

*Дүние қызықтырған қызыл киік,
Бар адам соны қуған көңілі сүйіп.
Көпшілігі далақтап жете алмай жүр,
Азшылығы кенелген қолға тиіп [8].*

Адамды қызықтырған «қызыл киік» көпшілігінің уысына түспесе, кейбірінің қолына түсуі де мүмкін. Бірақ ол адамның қолында тұрақтап тұра алмайды, себебі ол жалған және уақытша ғана, өзеннің суындай әп-сәтте ағып кетеді. Абай айтпақшы:

*Өмір, дүние дегенің
Ағып жатқан су екен.
Жақсы-жаман көргенің,
Ойлай берсең у екен [9].*

Жалған дүние бір қалыпта тұрмайды, үнемі өзгерісте, біресе қарлы, біресе боранды, өлім мен өмір, қуаныш пен реніш, адалдық пен арамдық қатар жүреді дегенді аңғартады. Абайдың дүние ағып жатқан су деуі содан.

*Біздерді алдап келер дүние гаяр,
Сөйтіп жүріп адамға уын жаяр.
Қолыңды жарты сағат босатпайды,
Бірін тапсаң, тұрады бірі даяр [7; 163].*

Гаяр дүниенің алдауына түсіп, уын судай сіміріп, адамның нәпсісін оятатын сұм дүниенің берген ләззаты мен құмарлығының баянсыз екенін түсінбей жүрген пақырлар қаншама. Өзінің тән құмарлықтарын қанағаттандыру жолында «әділеттілікті, арлылықты, махаббатты» ұмытып, түрлі сұмдықтар мен айла-шарғыларды жасауға дейін баратын пенделер де жетіп артылады. Сөйтіп жүріп тапқан «қызыл киіктерінің» адамға ажал жеткенде біреуінің де арашашы бола алмайтындығын және жиған дүниелерінің бірінде «о дүниеге» алып кете алмайтынын түсінбейтін адамдар да бар. Кеудеден жан кеткенде жиған-тергенінді тастап өзін де о дүниеге аттанасың. Себебі адам өмірге «жалаңаш» келеді, «жалаңаш» кетеді. «Жалаңаш» келген адамның өзімен бірге «бұ дүниенің» заттарын «о дүниеге» алып кетуі мүмкін емес, заттар әлемінен адам үшін бұйырылатыны тек төрт қары бөз ахирет қана.

*Дүниеге қызығамыз несін біліп,
Аз күнгі қызығына есерленіп,
Жалаңаш кеп жалаңаш қайтамыз зой,
Мойыңға төрт қары бөз тесіп іліп [7; 179].*

Жан — кеудеге қонақ. Қонақ жанның кеудеден әйтеуір бір күні ұшып кететіні анық. Тіпті, адам дүние жинау, ойнап-күлу, тәннің ләззаты мен рахатын сезіну, тағы тағылар үшін емес, өлу үшін туған. Мейлі жарлы болсын, мейлі дәулеті асқан бай болсын, мейлі ғалым болсын, мейлі сауатсыз надан болсын — барлығының да баратын жері біреу-ақ. Адамдар туылу мен өлудің арасындағы өмірде әр түрлі болса, өлгеннен соң барлығы «топыраққа» айналып теңеседі.

*Адамзат – бүгін адам, ертең – топырақ,
Бүгінгі өмір жарқылдап, алдар бірақ.
Ертең өзін қайдасың, білемісің,
Өлмек үшін туғансың, ойла, шырақ! [9; 48]*

Дүние — жалған, өткінші. Дүниенің жалғандығын түсіне білген қазақ халқы күнбе күнгі «қамшының сабындай қысқа» өмірді бағалап, дүние жолын кумай, «руластарымен бірге у ішуге» дайын тұрған халық. Байлықтан, мал-мүліктен гөрі ар-намысты жоғары ұстаған, «қанағат қарын тойғызады» деп барға қанағат қылған халық. Ата-ананы, үлкенді сыйлауды «баланың әке алдындағы, кішінің үлкен алдындағы парызы» деп түсінген халық. Әр қазақ жеке мүддесінен туған қызығушылықтарын ұжымдық мүддеден жоғары қоймағандықтан, әрдайым қиналғандарға кол ұшын беріп отырған халық. «Бір сырлы, сегіз қырлы» болуды қалаған қазақ өзін шешен сөзбен, даналықпен, тапқырлықпен көрсете білген халық.

Қазақ халқы XIV–XV ғасырларда этнос болып тарих есігін ашты. Осы ғасырларда қазақ халқының төл сана болмысы қалыптасты. Төл санасының қалыптасуына байырғы тайпалардың түркі тіліндегі қалыптасқан дүниетанымы және ислам діні мен мәдениеті арқылы енген араб тіліндегі

философия әсер еткен. Қазақтың ойлау мәдениетінің қалыптасуына негіз болатын рухани қайнарлар осылар.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2006. — 3-б.
- 2 Әбжанов Т.Ы. Қазақ философиясының рухы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. — 9-б.
- 3 Қазақ халық әдебиеті. Ертегілер. — I-т. — Алматы: Жазушы, 1988. — 16 б.
- 4 Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. — II-т. — Алматы: Атамұра, 1998. — 301 б.
- 5 Қойшығара Салғараұлы. Ойлан, қазақ! — Астана, 2009. — 142 б.
- 6 Толысбай Кенжалы. Асан Қайғы. — Алматы: Дайк — Пресс, 2006. — 169 б.
- 7 Мұхтар Мағауин. Алдаспан. — Алматы: Атамұра, 2006. — 71 б.
- 8 Торайғыров С. Қамар сұлу. — Астана: Елорда, 1999. — 20 б.
- 9 Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. — Алматы: Жібек жолы, 2005. — 143 б.

А.С.Сағатова, Е.К.Аринов

Бытие сознания казахского народа и его исторические основы

В статье сделана попытка определить бытие сознания казахского народа и его исторические основы. Отмечено, что совокупность самосознания, языка, мышления, менталитета, обычаев, традиций народа и составляет бытие сознания народа. В его определении авторы опираются на особенности национального языка казахов, мудрость воспитания, ораторское мастерство, которые проявляются в национальном духе.

A.S.Sagatova, E.K.Arinov

The Genesis of consciousness of the Kazakh people and its historical Foundation

The authors seek to determine the existence of consciousness of the Kazakh people and its historical Foundation. It is known that consciousness, language, thinking, mentality, tradition and culture of the people is the Genesis of consciousness. When establishing the existence of the consciousness of the Kazakh people, the authors refer to the peculiarity of the national language and to the wisdom in education, to the art speech, where the national spirit manifested.

References

- 1 Garifolla Esim. *The history of Kazakh philosophy*, Almaty: Kazakh university Publ., 2006, p. 3.
- 2 Abzhanov T.I. *The spirit of Kazakh philosophy*, Karaganda: KSU publ., 2003, 9 p.
- 3 *Kazakh folklore. Tales, I*, Almaty: Zhazushy, 1988, 16 p.
- 4 *The history of Kazakhstan, from ancient times till nowadays*: Five volumes, II v., Almaty: Atamura, 1998, 301 p.
- 5 Koishygara Salgaruly. *Think over, Kazakh!*, Astana: Foliant, 2009, 142 p.
- 6 Tolysbay Kenjaly. *Asan Kaigy*, Almaty: Dike-Press, 2006, 169 p.
- 7 Muhtar Magauin. *Aldaspan*, Almaty: Atamura, 2006, 24 p.
- 8 Toraiygyrov S. *Kamar sulu*, Astana: Elorda, 1999, 20 p.
- 9 *Abai. Poems, translations and words of wisdom of Abai*, Almaty: Zhibek zholy, 2005, 143 p.

Д.Б.Көшербаев

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: kosherbaev_das@mail.ru)

Саяси қатысу зерттеу объектісі ретінде

Мақалада «саяси қатысу» түсінігі ғылыми тұрғыдан қарастырылды. Автор саяси үдерістерге азаматтардың қатысуы жаңа тұғырнамалардың көмегімен бағаланатынын ескертеді. Саяси қатысу саяси зерттеу объектісі бола отырып, демократиялану барысындағы көптеген әлеуметтік-саяси өзгерістерге жауап беруге көмектеседі.

Кілт сөздер: ұлтшылдық, сепаратизм, этникалық қақтығыс, фашизм, ұлттық сезім, патриотизм.

Әр текті ұлттардың, халықтардың қоғамдық құрылыстарының ерекшеліктеріне сәйкес билік жүргізу әдісінде және саяси өмірінде ешбір елде қайталанбайтын өзіндік бір көрініске ие болатындығы жайлы ежелгі фелсафашыларға жақсы таныс болған. Геродот, Тацит, Полибий, Цезарь, Светоний Транквилл скифтердің, германдықтардың, галлдардың, римдіктердің қоғамдық-саяси құрылысы мен билікке күрес барысындағы іс-әрекеттері жайлы көптеген еңбектер мен қолжазбалар қалдырған. Бұл тұстағы саяси қатысу мәселесі шектеулі болды. Тек белгілі бір еркіндіктер мен бостандықтарға ие «Полис» азаматтары ғана қоғам өміріне маңызды болып табылатын шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыса алған.

Аталмыш ғалымдардың саяси құбылыстар жайлы тұжырымдамалары мен ойлары саясаттанудағы көптеген жайттарға көңіл бөлуге жол ашады. Соның ішінде саяси қатысу мәселесі де бар.

Саяси қатысу мәселесін өзекті етіп қарастыруда, оны маңызды ғылыми-зерттеу саласы етіп бедерлеп көрсетуге көптеген атақты ойшылдар да өз үлестерін қосқан. Аристотель, Н.Макиавелли, Дж.Локк, Сенека, А.Смит, Г.Гегель және басқа да көптеген ғалымдар мемлекеттік құрылыс пен саяси «ритуалдарға» қатысу, билікке күрес барысындағы адамдардың іс-әрекеттері жайлы азулы еңбектер мен қолжазбалар қалдырған.

Бүгінгі қоғамдық ғылымдарда саяси қатысудың мазмұны мен формаларына қатысты әркілі пікірлер орныққан. Мәселен, әлеуметтанушы Ф.Теннис саяси қатысу мәселесін қоғамның дамуымен байланыстырады. Ф.Теннистің пікірінше, қоғам дамуы барысында «қауымдастық дәуірі» мен «қоғам дәуірін» өткереді. Бірінші дәуірінде негізгі субъект қауымдастық болады. Екінші дәуірінде субъект мемлекет болып табылады [1]. Яғни, екінші дәуірінде мемлекеттік немесе қоғамдық істерге қатысу «ритуалы» туындайды. Ол тұстағы «ритуалдар», Ф.Теннистің түсіндіруінше, саяси қатысу қызметін атқарған. Мұны әлеуметтанушы Р.Макайвердің сөзімен түсіндіргенде: «Индейц-юрктер мен андаманцтарда шіркеулері болмаса да діншіл болып келеді. Сол тәрізді мемлекеттілігі жоқ, алайда олар белгілі бір деңгейде саяси болып табылады» [2].

Мұндай пікірге әр түрлі дәстүрлі қоғамдарды (Индонезия, Нигерия және т.б.) зерттей келе, К.Герцте келеді. Оның пікірінше, рәсім (церемония) саясатты қозғаушы күш болған және рәсім саясаттың формасы емес, оның мазмұны [1]. Бүгінгі қоғамда да, дәстүрлі қоғамдарда да халық тек «көгермен» ретінде қаралған. Халықтың міндеті — өздеріне тиесілі ритуалдардың бөлігіне қатысулары арқылы басшының билігін легитимді ету. Билікті мойындайтындықтарын белгілі бір көріністер (ритуалдық билер, өзгеде салтанатты іс-шаралар) арқылы бекіту. Осыдан байқайтынымыз, әр дәуірдің өзіндік тіршілік ортасы мен қоғамдық өмір ерекшеліктеріне сәйкес саяси қатысу формалары орнаған.

М.Фуконың пікірінше, қазіргі саяси феномендер Ағарту дәуірінде ХІХ ғасырларда пайда болған [3]. Оның ішінде саяси қатысу мәселесі де бар. Ал, К.Мангейм бойынша, саяси қатысудың саяси тұрғыдан жетіліп, орнығуы — ХХ ғасырдың екінші жартысы. Осы тұстан бастап демократияның мазмұны өзгереді. Азаматтардың саясатқа қатысуының артуы қоғам өмірінің бүкіл дерлік салаларының іргелі демократиялануына әкеледі. Бұған дейінгі демократияны толыққанды демократия деп атауға келмейді. Себебі «тұрмыстық және білімдік салаларда саяси маңызы бар топтардың ғана мүдделерінің басымдылығын білдірген» [4].

Алайда, тек ХVII–ХIX ғасырларда саясаттану ғылымында саяси қатысу мәселесінде жүйелік зерттеу бағыты анықталады. Осы аралықтағы саяси қатысу мәселесіне қатысты тың зерттеулер

демократияның қазіргі теорияларының негіздерін салған батыс ғалымдарының есімдерімен байланысты. Олардың қатарында Дж.Локк, Ш.Л.Монтескье, Ж.Ж.Руссо, Дж.Милль, Т.Джефферсон, Алексис де Токвиль және тағы басқалар саяси қатысу мәселесін демократияның өзегі, негізгі тірегі ретінде қарастырады. Мәселен, Дж.Локк пен Ш.Л.Монтескье либерализмнің басты принципі жеке бас бостандығын алға тартады. «Заң жоқ жерде, бостандықта жоқ», — деп санаған Дж.Локк. Бостандық, Дж.Локк жалғастырады, заң шеңберінде жеке мүмкіндіктерді пайдалану [5]. Азаматтарға саясатқа араласу мүмкіндігі, заң жүзінде бекітіле отырып, берілген. Және де саясатқа қатысу, қатыспау еркі де берілген. Саясатқа қатысу табиғи заңдардың қатарында. Сондықтан азаматтардың мемлекеттік саясатқа араласуына ешкім тыйым сала алмайды. А.Токвиль Американың демократиялық мемлекетке айналуының сырын азаматтардың өз ойларын еркін жеткізе алуы мен мемлекеттік саясаттың ашық талқылау негізде жүргізілуінен көреді.

Саяси қатысу мәселесін қарастырудағы зерттеулер мен ілімдердің жаңа бағыттарының туындауы көрнекті батыстық зерттеушілердің есімдерімен байланысты. Осы мәселеге қатысты қалам тартқан Р.Даль, М.Конвей, Р.Миллс, С.Липсет және тағы басқалардың зерттеулері саяси қатысуды жаңа деңгейге көтерді. Аталған ғалымдардың зерттеулерінде саяси субъектілердің саясатқа тікелей немесе жанама қатысуы (қатыспауы) теориялық және эмпирикалық деңгейде жан-жақты зерттелген.

Дегенмен, батыстық саясаттануда саяси қатысудың орны мен рөлі саяси үдерістерде біржақты анықталмаған. Сол себепті батыстық зерттеулерде орын алған теорияларды украиндық ғалым Э.Клюенко [1] екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топқа саяси қатысуды қоғамға үлкен «конструктивті» әсері бар деп қарастыратын теорияларды жатқызады. Екіншіге саяси қатысуды қоғамның саяси өмірінде шынайы мүмкіндіктерін толық орындай алмай жүр деген теорияларды жатқызады. Оны ғалым «сыни» («критический») деп атайды.

Бірінші топқа құрылымдық функционализм және шиеленіс (қақтығыс) теорияларының жақтастарын жатқызуға болады. Бұл екі теорияда саяси өмірдегі саяси қатысу құбылысын өз қырларынан қарастырады. Функционализм саяси қатысуды әлеуметтік жүйенің тепе-теңдігін ұстап тұратын саяси жүйенің маңызды элементі ретінде қарайды. Мәселен, Т.Парсонстың пікірінше, саясат әлеуметтік жүйенің басты жүйенің бірі, қызметі – бағыт бағдар беру. Ал саяси қатысу — осы жүйешіктің элементтерінің бірі [6]. Р.Мертон үшін саяси қатысу — «саяси машинаның» басты тетіктерінің бірі [7]. Осы тетіктердің көмегімен, С.Липсет жалғастырады, қоғамдағы демократияның тұрақтылығы қамтамасыз етіледі. Яғни әр түрлі әлеуметтік топтар үшін шешім қабылдау құрылымына кіру жолы ашылады [8]. Б.Барбердің пікірінше, «саяси қатысу — жоғарғы әлеуметтік таптардың үстемдігін шектеу тетігі» [9]. Сонымен, бұл бағыттың жақтастарының пікірінше, саяси қатысудың басты функциясы — демократияны жүзеге асыра отырып, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Шиеленістік парадигма шеңберінде саяси қатысу қоғамдық дамуды қоздырушы факторлардың бірі ретінде қаралады [10]. Яғни батыстық шиеленістанушылар үшін саяси қатысу саясаттағы институцияланған шиеленістің бір түрі. Мәселен, Л.Козердің [11] түсіндіруінше, саяси қатысу — қоғамда жинақталған негативті эмоциялар мен наразылықтарды шығару жолы. Шиеленістік теорияны жақтаушылардың пікірінше, саяси қатысу — бағытталатын және басқарылатын конструктивті шиеленіс. Осы орайда Р.Дарендорф [12] демократия жағдайындағы саяси қатысу қоғамдағы әлеуметтік таптардың арасындағы реттелген дискуссиясы деп атайды.

Д.Белл постиндустриализм теориясында саяси қатысу мәселесінің болашағына оң көзқараспен қарайды. Зерттеуші азаматтардың қазіргі таңда саяси қатысуының белсенділіктерінің артқандығын айтады. Алайда бұл болашақта шиеленістік жағдайды тудыруда мүмкін екендігін ескертеді. Д.Белл ескертулерінің жаны бар. Бүгінгі батыс елдерінде орын алып отырған «бейбіт» наразылықтар (соңы көліктерді өртеумен, дүкендерді қиратумен аяқталады) саяси қатысу аясының ұлғайғандығын байқатады.

Супериндустриалды қоғамның төртінші толқынында, Э.Тоффлердің пікірінше, саяси қатысудың аясы тіптен кеңейе түседі. Бұл эволюциялық дамудың нәтижесі. Қоғамның дамуы кезінде туындаған шиеленістердің қоғамда орын алуынан демократиялық қатысу формалары қалыптасады. Осындай дамулардың нәтижесінің бірі — жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы. Телекоммуникациялық технологиялар болашақта «азаматтардың саяси шешімдерді қабылдауға тікелей қатысуының көптеген жолдарын ашады» [13]. Саяси өмірге кезкелген азамат үйінен шықпай-ақ қатыса алатын болады.

И.Масуданың пікірінше, электронды коммуникациялық құралдардың дамуы болашақта демократияның болмысын өзгерте отырып, бүгінгі біздің түсінігіміздегіден өзгеше демократия формасына әкеледі. Электронды коммуникациялық құралдар тікелей демократияның басты құралына айналуына байланысты болашақты «компьютопия» деп атайды [14]. Адамдар өздерін «техникасыз» елесте алмайтын жағдайға келеді. Қоғам өмірінің бүкіл салаларының ақпараттануы Оруел «1984» атты еңбегінде жазған болжамдардың бәрінің шындыққа айналуына әкеледі.

Екінші топқа жататын зерттеушілер саяси қатысуды сыни салқындықпен қарастырады. Бұл бағыттың өкілдерінің пікірінше, саяси қатысу, оның ішінде халықтың саясатқа қатысуы — «болмашы қиял», «иллюзия». Г.Маркузенің [15] пікірінше, бұқара басқарушы саяси элитаға ешқандай қысым жасай алмайды. Ол демократияның басты міндеті «халық билігінің» көрінісін ғана жасайды. П.Сорокин [16] осы пікірді жалғастыра келе, «ерікті азаматтар саясатта «нөлдік» белгіге тең» және «билік халықтың беделін пайдалана отырып басқарады. Соның атынан сөйлейді. Алайда халықтың атынан сөйлей отырып, өздерінің жасырын істерін бүркемелеуге тырысады». Осы тектес пікірлерді Ч.Р.Миллс, Т.Адорно, Ю.Хабермас және басқа ғалымдар білдіреді.

Азаматтардың саяси өмірге қатысуын, оған әсер етуші факторларды С.Верба, Г.Алмонд, М.Каазе, Дж.Ким, Л.Милбрайт, Н.Най, Г.Перри және басқалары жан-жақты қырынан қарастыруға тырысады. Аталған ғалымдар саяси қатысуды саяси жүйенің шеңберіндегі құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық-мәдени дәстүрлер, саяси мәдениет құбылыстарымен байланыстыра қарастырады. Саяси қатысуды, Г.Алмонд пен С.Вербаның пікірінше, «белсенді азамат құндылықтарын терең сезінгендер ұстап тұр» [17]. Ондай сезімдердің басым болуы азаматтарды саяси құрбандыққа немесе қоғамда орын алған өткір мәселелерді шешуге белсене араласуына әкеледі. Ол экологиялық қозғалыстарға, партияларға мүше болу және заңды жолдар арқылы өз ойларын ресми билікке жеткізуге ұмтылудан көрінеді. Ал, неміс ғалымы М.Каазенің пікірінше, «саяси қатысуға саяси жүйенің әр түрлі деңгейлерінде шешім қабылдауға азаматтардың ерікті түрді әсер етуге бағытталған кез келген іс-әрекеттері жатады» [18].

Отандық ғылымда «саяси қатысу» мәселесінің көтерілуі кеңестік ғылым тарихынан бастау алады. Кеңестік ғылыми ортаға «саяси қатысу» ұғымы шамамен XX ғасырдың бас кезінде енді. Алайда жекелеген саяси ұғым ретінде 1950-жылдары ғана бірте-бірте қолданыла бастады. Тек екі он жылдықтардан кейін ғана бұл ұғымға жан-жақты ғылыми талдау жасалды деуге болады.

Осы себепті де 80-жылдардың соңы мен 90-жылдардың басында Ресейде саяси қатысу мәселесіне қатысты еңбектер жарық көрді. Сонымен қатар ресейлік шындыққа сәйкес бейімделген зерттеулер көптеп жүргізіле бастады. Осындай зерттеулердің қатарына Д.Гончаровтың монографиясын жатқызуға болады [19]. Ол саяси қатысу институтын өте күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсіндіруге тырысқан алғашқы еңбектердің бірі. Алайда «саяси қатысу» ұғымының табиғаты мен демократиялық жолдарының мән мағнасын толық ашып көрсете алмады.

Соңғы жылдары саяси қатысу мәселесі Д.В.Макаров, Д.В.Коннычев, Э.В.Чекмарев еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Сайлау үдерісі барысындағы саяси қатысу формалары мен жастардың саяси белсенділіктері С.Н.Захаров, В.В.Инютин, О.М.Карпенко, И.А.Ламанов зерттеулеріне арқау болған. Саяси қатысу ресей ғалымдарымен зерттеліп, ой-түйіндер жасалып жатқан мәселелер санатында.

Қазақстан саясаттану ғылымында саяси қатысу мен саясатқа қатысу жолдары туралы жеке әрі көлемді зерттеулер өте аз. Алайда саяси қатысуды қоғамдағы жекелеген топтардың саяси белсенділігімен, демократиялық жаңарулар үдерістерімен байланыстыра және саяси әлеуметтену мен саяси мәдениет ерекшеліктеріне баса назар аударатын, жалпы теориялық дәрежеде қарастыратын зерттеулер баршылық. Бүгінгі Қазақстан ғылымында саясаттағы жастардың, әйелдердің, саяси немесе қоғамдық ұйымдардың, жалпы азаматтардың орны мен саяси қатысу аспектілеріне қатысты зерттеулер баспаға беріліп, жарық көруде.

Мәселен, саясаттанушы Г.Алтынбекова бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелер санатындағы саяси қатысудың гендерлік аспектілерін жете зерттеумен айналысуда. Г.Алтынбекованың пікірінше, «саяси қатысу дегеніміз — әлеуметтік-саяси қауымдастықтың мүшелерінің жеке немесе топтық негізде саяси шешімнің қабылдануына әсер етуге және әр түрлі деңгейлерде — жергілікті, аудандық, жалпыұлттық, жетекшіні сайлауға, атсалысуға бағытталған іс-әрекет» [20].

Қазіргі саяси ғылымда саяси қатысу табиғатын анықтауда қайшылықтардың орын алуы бекер емес. Ол бүгінгі ғылымда саяси қатысу табиғатын зерттеудегі әдіс-амалдардың сан алуан түрлерінің дамуы мен зерттелу мәселесінің сан қырлылығымен байланысты.

Соның бір көрінісі саяси қатысуды зерттеуде қоғамда орын алған иррационалды құбылыстарға қатысты зерттеулердің көмегі зор екендігі сөзсіз. Әсіресе саяси мәдениеттің саяси қатысудың иррационалды жақтарын түсініп білудегі рөлі зор. Қазақстан ғылымында да саясаттағы иррационалды аспектілерге қатысты зерттеулер жоқ емес. Оларда субъектілердің саясатқа қатысы, мінез-құлқы, саяси мәдениеті, саяси әлеуметтенуі сияқты мәселелер кеңінен талқылануда. Себебі саяси мәдениет нақтылы саяси жүйенің сипатын, қазіргі саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтар ерекшеліктерін, саяси процестердің даму жолын және бағытын түсінуге мүмкіндік береді. Саяси мәдениет адамдардың жүріс-тұрысы мен әр түрлі ұйымдардың қызметіне, олардың ішкі және сыртқы саясат құбылыстарын ұғынуға, саяси болжам жасауына тікелей әсер етеді [21].

Кейінгі еңбектерде ғана саяси қатысудың түпкілікті көріністері айқындалып, ғылыми «мүсіні» біртіндеп кескінделе түседі. Әсіресе бұл мәселе төңірегінде отандық саясаттанушы Г.Нұрымбетованың қазақстандық шындыққа сәйкес жүргізген ғылыми зерттеуінде саяси қатысу мәселесіне жан-жақты талдау жасалған [22]. Саяси ілімдер тарихында, саяси тәртіптер шеңберінде саяси қатысуға қатысты тұжырымдар жете зерттелген. Және де Қазақстан азаматтарының саяси қатысуы қолданбалы зерттеулер көмегімен дәлелдене қарастырылған.

Сонымен қатар аталмыш ғалымдар саяси қатысуды зерттеу қиындығымен қатар, оны этимологиялық жағынан да анықтаудың оңай еместігін айтады. Себебі батыстық саясаттанушылар саяси қатысуды «демократия», «менталитет», «идеология», «сенім», «құндылық», «белсенділік» сияқты ұғымдардың аясында немесе солармен байланыстыра қолданады. Оның үстіне отандық және ресейлік зерттеулердің басым көпшілігінде «саяси қатысу» ұғымы моральдық-саяси сипаттағы «саяси сана», «саяси мәдениет», «саяси әлеуметтену» мәселелерімен мәндес немесе олармен бұркемелене қолданылуда. Осы тектес құбылыстар саяси қатысуды анықтауда өзіндік кедергілерін келтіруде.

Саясатқа қатысу табиғатын нақтылы саяси қатысудың қандай түрлері болатындығына тоқталмайынша, ашып көрсетуге болмайды.

Саяси қатысу ретінде индивидтің саясаттағы іс-әрекетін немесе оған қатысты қатынасын қарастырады. Және де мұндай қарым-қатынас пен іс-әрекеттердің шеңберлері айқын анықталған. Осыған сәйкес саяси қатысудың екі түрін бөледі: тікелей және өкілдік. Тікелей азаматтардың өздерінің саяси шешім қабылдауға қатысуын айтамыз. Өкілдік өзі емес, өзінің атынан сөйлейтін адамды тағайындауы.

Алайда саясатқа қатысудың мазмұны, себептері, жолдары саяси тәртіпке, территория көлеміне, халық санына және т.б. жайттердің әсерінен өзгеріп отырады.

Батыстық әлеуметтік-саяси ғылымдарда саяси қатысудың екі түрін бөледі: біріншісі — «конвенционалды», екіншісі — «конвенционалды емес». Олардың әрқайсысының өзіндік құрылымы болады.

1. «Конвенционалды» саяси үдерістерге тұрақты саяси жүйе жағдайында легитимді түрде қатысуы. Яғни, демократиялық саяси үдерістерге кедергі келтірмейтін іс-әрекеттерді айтамыз. Американдық саясаттанушылар К. Джанда, Дж.Берри және Дж.Голдман конвенционалды қатысудың екі түрін бөледі:

Біріншісі, билік пен саяси жүйені қолдайтындықтарын білдіруге бағытталған іс-әрекеттер – белгілі бір оқиғаларға қатысты өткізілетін мерекелік іс-шараларға қатысу, сайлау науқанына бақылаушы есебінде қатысу. Тіпті мемлекеттік нышандар белгіленген төс белгіні тағу, байрақты көтеруге қатысу. Бұл мемлекетті, жалпы саяси жүйені жанама түрде болсын қолдайтындығын білдіреді.

Екіншісі, билікке қысым жасауға немесе қоғамдық өмірдің белгілі бір жақтарын өзгертуге бағытталған іс-әрекеттер. Бұған мынадай қатысу түрлері топтастырылады: а) белгілі бір сайлаушылар тобының мүддесін білдіретін партияға немесе үміткерге дауыс беру; ә) қоғамдағы белгілі бір өткір мәселелерге назар аударту мақсатында ресми билік өкілдерімен байланыс құру; б) инициативтік қозғалыстар (референдум өткізуге қол жинау, билік өкілдеріне немесе БАҚ-қа хат жолдау); в) ресми рұқсат етілген шерулерге, наразылық жиындарына қатысу; г) сайлау науқанын қаржыландыру және т.б.

2. «Конвенционалды емес» саяси дағдарыс жағдайында саясатқа қатысу. Бұл не заңды, не заңсыз түрде болуы мүмкін [1; 47].

Конвенционалды емес саяси қатысу «бейбіт» және «күш қолдану» жолдары арқылы жүзеге асады. Алғашқысы шерулерге қатысу, наразылық шараларын өткізу сияқты ресми рұқсат етілмеген іс-шараларға қатысу. Бұлар бейбіт жолмен өтеді. Себебі мұндай іс-шараларға жиналғандардың басым көпшілігінің мақсаты — ресми билік өкілдерінің назарын қоғамда орын алған әлеуметтік,

экономикалық, саяси мәселелерге аудару. Мұндай бейбіт азаматтық бағынбаушылық іс-шаралары өз бастауын М.Ганди мен М.Л.Кингтен алады. Ал, екінші «күш қолдану» түрінде азаматтар шерулерге белгілі бір мақсат қоя отырып шығады. Ол, жоғарыда айтылғандай, жалпы қоғамға ортақ мәселелерді шешу емес, тәртіпсіздік шараларын өткізу. Автокөліктер мен дүкендерді қирату, ресми билік орналасқан ғимараттарды әр түрлі «құралдардың» (жұмыртқа, бояу және т.с.с.) көмегімен ластау, қаралау. Мұндай саяси қатысу түрі бүгінгі Еуропа елдерінде кең етек алған. Және де жыл санап мұндай іс-әрекеттердің жақтастары мен көшіріп алушыларының қатары артып, саяси «ауа райы» мамыржай саналып келген өзге елдерге де таралуда.

Н.Най мен С.Верба саяси қатысу легальді болу керектігіне баса назар аударады. Легальді өлшемімен қатар легитимді өлшемінде қолданған орынды. Көптеген батыстық зерттеушілер еңбектерінің негізі ретінде Н.Най мен С.Верба ұсынған «конвенционалды» саяси қатысудың он екі түрін қарастырады: 1) президенттік сайлауларға үзбей қатысу; 2) жергілікті сайлауларға әрдайым қатысу; 3) белгілі бір ұйымның қоғамдық қызметтеріне атсалысу; 4) қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге белсенді атсалысу; 5) өзгелерді сайлауға үгіттеу шараларына қатысу; 6) ара-тұра болсын сайлау барысында партияның немесе үміткердің мүддесі үшін жұмыс жасау; 7) жергілікті билік өкілдерімен белгілі бір мәселелер бойынша байланыс құру; 8) жоқ дегенде бір рет саяси жиындарға немесе съездерге қатысу: соңғы үш жыл ішінде; 9) облыс немесе мемлекет басшылығымен қоғамдағы өткір мәселелерге қатысты байланыс құру; 10) аймақтық деңгейдегі мәселелерді шешуге бағытталған топ немесе ұйым құруға мұрындық болу; 11) сайлау науқанында үміткерге немесе партияға қаржылай демеушілік жасау; 12) саяси клубқа немесе ұйымға мүшелік ету [23].

Н.Най мен К.Верба өз зерттеулерінің негізінде конвенционалды саясатқа қатысудың төрт ерекше тұрпаттарын ажыратады, олар: 1) сайлауға қатысу; 2) сайлауалды күреске қатысу; 3) топтық белсенділік; 4) жекелеген саяси байланыстар [20].

1988 жылы американдық зерттеуші Х.-М.Уэлингер қатысудың жаңа құрылымын құрады. Ол мынадай түрлерін көрсетеді: 1) сайлауға қатысу; 2) ерекше мәселелерді шешуге қатысу; 3) партия қызметіне қатысу; 4) азаматтық бағынбаушылық іс-шараларына қатысу; 5) қарсылық, наразылық білдіру [24].

Ағылшын ғалымы А.Марш саяси қатысудың екі негізгі түрін ажыратады: ортодоксалды және ортодоксалды емес. Ортодоксалды түріне саяси жүйенің тұрақтылығы мен қызмет етуін қамтамасыз ететін және заңды жолдар арқылы қойылған талаптар жатады. Ортодоксалды емес түріне саяси жүйенің тұрақтылығы мен қызмет етуіне қарсы бағытталған талаптар мен іс-шаралар жиынтығы жатады [25].

А.Маршпен ұқсас пікірді Л.Милбрайтта ұстанады. Ол саяси қатысуды конвенционалды (легальді, заңды) және конвенционалды емес (заңсыз) деп екіге бөледі.

Интенсивтілік деңгейіне тұрақты және эпизодты, жүйелі және периодикалық деп ажыратады. Л.Милбрайт саяси қатысудың үш негізгі түрін ажыратады: «белсенді» (мемлекеттік немесе партиялық аппаратты басқару, сайлауға түсу және т.б.), «аралық» (саяси жиындарға қатысу, саяси іс-шараларға қатысу және т.б.), «бақылаушылық» (шерулерде ұран тақтайшаларын ұстау, саяси пікірталастарға өзгелерді тарту), «апатиялық» – азаматтардың саясатқа аудармауы.

С.Хантингтон іс-әрекеттердің себеп-салдарына қарай саяси қатысуды екіге бөледі: автономды (саясатқа өз еркімен араласу, батыс елдеріне тән) және жұмылдырушылық (мемлекеттің қысымының әсерінен саясатқа қатысу, дәстүрлі қоғамдарға және тоталитарлы, авторитарлы тәртіптерге тән) [26]. Соңғысы посткеңестік елдерде де кең тараған. Себебі 70 жыл тоталитаризм шырмауында болып, «тәртіп» не айтса, соны істеп үйренген адамдар бірден ерікті азаматтарға айнала алмайды.

М.Вебер «Политика как призвание и профессия» атты еңбегінде саяси қатысудың үш мүмкін деңгейін ажыратады: а) саясатпен кәсіби айналысу; ә) саясатқа «қосалқы» қатысу; б) «жағдайға» байланысты қатысу.

Кәсіби деңгейге өмірлерін саясатқа арнаған саяси жетекшілер мен саяси жетекшілерге кәсіби қызмет көрсетушілер: партия жетекшілері, шенеуніктер, саяси технологтар, тілшілер және т.б. жатады.

Екінші деңгейге қоғамдық ұйымдар мен партиялардың белсенділері жатады. Саяси шерулерге, сайлауларға бақылаушылар ретінде қатысса да, саясаттан өзге мүдделерінің жоғарылығынан осы деңгейге жатқызылады.

Үшінші деңгейге басым көпшілік азаматтар жатады. Олардың саяси қатысуы сайлау мен билікке қолдау, не қарсылық білдіруден аспайды. Н.Ильиннің сөзімен айтқанда, «адамдар төрт жылда бір рет демократия жағдайында өмір сүреді» — парламент немесе президентті сайлау күні [27].

Бүгінгі күні мойындалған және кең тараған саяси қатысудың түрлеріне мыналар жатады:

- 1) заңшығарушы, атқарушы және сот орган-субъектілеріне өкілдерді сайлауға қатысу;
- 2) референдум, маңызды мемлекеттік құжаттарды талқылауға;
- 3) саяси партияларға, кәсіподақтарға, клубтарға және өзге қоғамдық-саяси бірлестіктерге мүше болу;
- 4) әр түрлі саяси шараларға, кампанияларға қатысу;
- 5) саяси шерулер, ереуілдер, пікірталастар және т.с.с. атсалысу [28].

Азаматтардың саяси қатысуында объективті жағдайлармен қатар (саяси мәдениет, елдегі саяси ахуал) субъективті жағдайларда үлкен роль ойнайды, яғни, азаматтардың саясатқа қатысу себептері, құндылықтары, білімі, қажеттіліктері [20].

Саяси қатысуды белсендендіретін факторлардың қатарында азаматтардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі (білімі, кәсібі, табысы), сонымен қатар жас ерекшеліктері мен жынысы да үлкен рөлге ие.

Сонымен байқағанымыздай, саяси өмірге қатысу мәселесі ғалымдарды ертеден бері ойландырып келе жатқан саяси мәселелердің қатарында екендігі. Саяси қатысу мәселесіне қатысты пікірлер мен ұстанымдар әр дәуірде орын алған саяси тәртіптер мен саяси ғылымдағы тұғырнамаларға сәйкес өзгеріп, әр текті талқыланып отырылған. Бүгінгі таңда саяси қатысу — демократияның басты өзегі. Сол себепті де, демократияға бет бұрған мемлекеттердің басты мақсаттарының бірі азаматтардың саяси өмірге қатысу тетіктерінің заңды жолдарын құрып, оны қамтамасыз ету болып отыр.

Қорыта айтқанда, саяси қатысу дегеніміз — азаматтардың мемлекеттік істерге демократиялық жолдар арқылы атсалысуы және өз ойларын немесе қоғамда орын алған мәселелерге қатысты өз ұстанымдарын бейбіт түрде жеткізулері.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Клюенко Э. Политическое участие: теория, методология и измерение с применением метода шкалограммирования по Гутману // Социология: теория, методы, маркетинг. — 2005. — № 4.
- 2 Макайвер Р. Реальность социальной эволюции // Американская социологическая мысль / Под ред. В.И.Добренкова. — М.: Изд-во МУБП, 1996. — С. 80.
- 3 Фуко М. Воля к истине: по ту сторону знания, власти и сексуальности / Пер. с фр. С.Табачниковой. — М.: Касталь, 1996. — С. 237–246.
- 4 Манхейм К. Человек и общество в эпоху преобразования // Манхейм К. Диагноз нашего времени / Пер. с нем. и англ. М.И.Левина, С.В.Карпушиной, А.И.Миллера. — М.: Юрист, 1994. — С. 289.
- 5 Локк Джон. Сочинения: В 3 т. Т. 3 / Пер. с англ. и лат. / Ред. и сост., авт. примеч. А.Л.Субботин. — М.: Мысль, 1988. — С. 293.
- 6 Парсонс Т. О структуре социального действия / Под общ. ред. В.Ф.Чесноковой и С.А.Белановского. — М.: Акад. проект, 2002. — 877 с.
- 7 Мертон Р.К. Явные и латентные функции // Американская социологическая мысль / Под ред. В.И.Добренкова. — М.: Изд-во: МУБП, 1996. — С. 451–461.
- 8 Липсет С. Политическая социология // Американская социология / Пер. с англ. В.В.Воронина и Е.Е.Зиньковского. — М.: Прогресс, 1972. — С. 213.
- 9 Барбер Б. Структура социальной стратификации и тенденции социальной мобильности // Американская социология / Пер. с англ. В.В.Воронина и Е.Е.Зиньковского. — М.: Прогресс, 1972. — С. 237.
- 10 Коллинз Р. Теория конфликта в современной макроисторической социологии // Философская и социологическая мысль. — 1993. — № 6. — С. 81–99.
- 11 Козер Л. Функции социального конфликта / Пер. с англ. О.А.Назаровой. — М.: Идея-Пресс, 2000. — 203 с.
- 12 Дарендорф Р. Элементы теории социального конфликта // Социологические исследования. — 1994. — № 5. — С. 143.
- 13 Тоффлер Э. Третья волна. — М.: ООО «Изд-во АСТ», 2002. — С. 672–686.
- 14 Масуда Е. Компьютопия. — М.: Идея-Пресс, 1998. — С. 347, 348.
- 15 Маркузе Г. Одномерный человек / Пер. с англ. А.А.Юдина. — М.: ООО «Изд-во АСТ», 2003. — С. 146–165.
- 16 Сорокин П. Социальная и культурная мобильность // Сорокин П.А. Человек. Цивилизация. Общество: Пер. с англ. / Сост. ред. А.Ю.Согомонов. — М.: Политиздат, 1992. — С. 343.
- 17 Алмонд Г., Верба С. Гражданская культура и стабильность демократии // Политические исследования. — 1992. — № 4.
- 18 Marsh A., Kaase M. Measuring Political Action // Barnes S.H., M.Kaase et al. Political Action: Mass Participation in Five Western Democracies. Beverly Hills, CA: Sage Publications, 1979, Ch. 3. — P. 57–96.

- 19 Гончаров Д.В. Теория политического участия. — М.: Юрист, 1997. — 206 с.
- 20 Алтынбекова Г. Гендерное измерение политического участия: новые концепции и подходы. — [ЭР]. Режим доступа: <http://giacgender.narod.ru/n6m1.htm>
- 21 Джаппарова Р. Саяси мәдениеттің қалыптасуы // Саясат. — 2003. — № 8. — 46–48-б.
- 22 Нұрымбетова Г. Қазақстан қоғамын жаңартуға азаматтардың саяси қатысуы: Саяси ғыл. д-ры ... дис. — Алматы, 2006. — 277 б.
- 23 Verba S., Nue N. Partizipation in America: Political Democracy and Social Equality. — NewYork., 1972. — P. 73.
- 24 Словарь по политологии / Под ред. проф. В.Н. Коновалова. — Ростов н/Д.: Изд-во РГУ, 2001. — С. 43.
- 25 Шестопал Е.Б. Очерки политической психологии. — М.: ИНИОН, 1990. — С. 29.
- 26 Зарубежная политология: Словарь-справочник / Под ред. А.В.Миронова, Г.А.Цыганкова. — М.: Независимый открытый университет, 1998. — С. 239–241.
- 27 Фабрики мысли и Центры публичной политики. Международный и первый российский опыт / Под ред. А.Ю.Сунгурова. — СПб.: Норма, 2002. — 176 с.
- 28 Абдиева Г. О некоторых особенностях становления политической субкультуры в Казахстане // Евразийское сообщество. — 2003. — № 4. — С. 20, 21.

Д.Б.Кошербаев

Политическое участие как объект исследования

Статья посвящена вопросу актуальных научных подходов к анализу концепта «политическое участие». Автор рассматривает политику как сферу политической деятельности граждан, социальных общностей и групп. Выделены основные подходы к использованию понятия «политическое участие» и понимания природы явлений, обозначенных этим понятием: исторический, философский, политологический, социологический. Автор заключает, что политическое участие есть нормативно оформленное действие, контролируемое властью.

D.B.Kosherbayev

Political participation as object of research

According turkic shamanic costume was exclusively female. Suppose that a new social organization arose where the resistance of the village community and women's cults were broken. This is the scenario of "Oedipus Rex." In our opinion this is a sure sign that the fundamental difference between shamanism from other sacred practices is its feminine nature. Thus, gender differences have much deeper roots than the normal position of women and men in the family or the state. Division of labor, apparently, was of a sacred character. The first shaman-man is a blacksmith (blacksmith Gogol - the character is not random). And its sphere of activities is strictly limited.

A gender perspective is found in the story written by science fiction. This is no coincidence. Story as a genre is much closer to the utopian than we can imagine. They both (re) created reality (re) produced. Among them is the work Suleimenov on historical linguistics «Language letters». In her ancient signs also have gender marking. We are talking about a causal binary nature inherent in both language and culture throughout. And the Word, and God were the result of the negation. Studying the origin of proto-language, it makes a stunning conclusion. «In an era of matriarchy woman is» man. «If not then there is a basis protoroman uman — «people», from which humanus — a human, humane (lat.)» [8; 70].

According Suleimenov O. the binary language engenders opposition male — female. This opinion does arguable, but in this case the search for the author of gender-based culture is not a priority. It is more important to show the possibilities of linguistics in the task of the historian and cultural studies. However, we have experienced a tremendous sense of gratitude and satisfaction for the fact that he found it possible to reflect the drama of gender relations at the marginal level of the sacred.

Developing the theme of the binary basis of culture, you must specify a known idea Eliade M. about the two types of the sacred masculine and feminine. Analyzing the list of «forms a binary antagonism», such as the earth — the sky, the light — the darkness, and so he concludes that it is not just about the antagonism secular — sacred, but about «the antagonism of the two types of sacredness - sacredness, intended for men, on the one hand, and the inherent women, on the other hand» [9; 167].

Special attention is given ancient Greek literature. Known, achievements of the Alexandrian school preceded the flowering of Hellenic literature. We present an excerpt of Aeschylus. In his Oresteia is asked about the maternal and paternal law. If we turn to the Book of Songs of Ancient China first lines dedicated to all the same gender relationships.

Recognition of gender predetermination culture can be carried out in such independent directions of social knowledge such as history, linguistics, religious studies. Thus, the relations between the sexes are related to forms of social. In connection with the recognition of same-sex marriage and the practice of surrogate motherhood sound like the words of Aeschylus never topically:

Not the mother child, born from her,
Parent: No, it's nurse perceived seed.
Sown - Direct parent. Her mother,
like a gift, a pledge Another guest
to deposit – raise up conceived,
since not ruin God [10; 147].

Certainly when we talk about women in the early religious beliefs we could not ignore the Vedic texts. In India there was a cult of the feminine so they inspired the all things. Most famous female deity Goddess is Shakti and her incarnation Kali. Shakti as the Women's impersonal absolute rules the world. Also female deities is not enough known. They worship and perform various rituals. The main purpose of the ritual to open the inner strength of each person.

A more detailed study can see the fundamental difference between the ancient Indian teachings and Christian theology, between Western and Eastern world view as a whole. The first to have this distinction were the ancient Greeks. Today the world is experiencing this opposition in own way. It is not always peaceful and do not know when it will end. As far as our country it is located in the center of Eurasia.

This means that we are in contradiction of East and West most strongly. We are closer to the east of their social order but in their outlook are committed to the west. Do not forget that the great thinker Al Farabi was a pupil of Aristotle and thus to some extent conductor ideas of Hellenism. We know that Aristotle has given women a well-defined role and important position in the society takes a man.

Develops an idea that Kazakhs are quick to accept new ideas and just as quickly to part with them — it may be not so, we hope for the best.

Perhaps wearing a headscarf Muslim tries in his own way to express their ancestral rights. Though not in quite the usual way for him.

Список литературы

- 1 Пименов А.В. Возвращение к Дхарме. — М.: Наталис, 1998. — 415 с.
- 2 Сулейменов О.О. Аз и Я. Книга благонамеренного читателя. — А.: Жазушы, 1975. — 304 с.
- 3 Азимов А. Египтяне. От древней цивилизации до наших дней: Пер. с англ. Л.А. Игоревского. — М.: ЗАО Центрполиграф, 2006. — 284 с.
- 4 Пропт В.Я. Исторические корни волшебной сказки. Семиотика: Антология / Сост. Ю.С. Степанов. — М.: Академ. проект; Екатеринбург: Деловая книга, 2001. — 702 с. — С. 461.
- 5 Бадж Э.А.В. Египетская книга мертвых / Пер. с англ. К. Корсакова. — СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2012. — 528 с.
- 6 Крюгер Р. Китай. История страны / Рейн Крюгер [пер. Д. Воронина, Ю. Гольдберга; предисл. К. Королева]. — М.: Эксмо; СПб.: Мидгард, 2008. — 544 с.
- 7 Мэмфорд Л. Миф машины. Утопия и утопическое мышление: антология зарубежн. лит.с разн. яз. / Сост., общ. ред. И предисл. В.А. Чаликовой. М.: Прогресс, 1991. — 405 с.
- 8 Сулейменов О. Язык Письма. Взгляд в доисторию – о происхождении письменности и языка малого человечества. Алматы — Рим, 1998. — 499 с.
- 9 Элиаде М. Ностальгия по истокам. — М.: Ин-т общегуманитарных исследований, 2006. — 216 с.
- 10 Эсхил. Орестея. Прикованный Прометей: Трагедии: Пер. с др.-греч. Вяч. Иванова, А.Пиотровского, пер. с фр. Н.Лихаревой. — СПб.: Азбука-классика, 2006. — 224 с.

Д.А.Жақыпбекова

Гендерлік саясаттарды талдау

Бұрынғы Кеңес жеріне исламдық дәстүрлердің кеңінен жайлып кетуі гендерлік қатыныстарға байланысты. Мақалада сол себепті отбасындағы қатынастардың өзгергендігі туралы жазылған. Жынысты — *gender*, яғни әлеуметтік жыныс, деп білеміз. Автор гендерлік қатынастардың тарихи түрлерін әрі олардың саяси тарихын жан-жақты қарастырды. Алдымен гендерлік қатынастар өзінің сакралдық мәнін білдіреді. Сондықтан гендердің әлеуметтік дамуға әсерін зерттеуге болады.

Д.А.Жакупбекова

Анализ гендерных политик

В статье отмечено, что процесс исламизации постсоветского пространства затрагивает сферу гендерных отношений. Как меняются отношения в семье, каковы главные приоритеты семейной жизни — именно эти вопросы стали предметом исследования. В качестве теоретического обоснования рассмотрены труды исторических политиков гендерных отношений. На основе проведенного анализа сделано предположение, что гендерные различия отражают представления о сакральном. Автор прослеживает механизм воздействия гендера на вектор социального развития.

References

- 1 Pimenov A.V. *Return to the Dharma*, Moscow: Natalis, 1998, 415 p.
- 2 Sulejmenov O. *Az Ya. Well-intentioned book reader*, Almaty: Zhazushy, 1975, 304 p.
- 3 Azimov A. *Egyptians. From ancient civilization to the present day* / Per. Translated from English. LA Igorevskaya, Moscow ZAO: Tsentrpoligraf, 2006, 284 p.
- 4 Propp V.Ya. *The historical roots of the fairy tale. Semiotics: An Anthology* / Comp. Y.S. Stepanov, Moscow: Academic Project; Ekaterinburg: Business Book, 2001, 702 p.
- 5 Budge E.A.S. *The Egyptian Book of the Dead* / Per. Translated from English. K. Korsakov, Sankt Petersburg: ABC, ABC-Atticus, 2012, 528 p.
- 6 Krueger R. *China. History of the country* / Rhine Kruger [trans. D. Voronin, J. Goldberg; foreword. K. Queen], Moscow: Eksmo; Petersburg: Midgard, 2008, 544 p.
- 7 Mumford L. *Myth machine. Utopia and utopian thinking: anthology foreign*. lit.s different. lang. / Comp., P. Ed. And the foreword. V.A. Chalikova, Moscow: Progress, 1991, 405 p.
- 8 Suleimenov O. *Language Letters. Looking into prehistory - the origin of the writing and language of small humanity*, Almaty–Rome, 1998, 499 p.
- 9 Eliade M. *Nostalgia for the basics*, Moscow: Institute of humanities research, 2006, 216 p.
- 10 Aeschylus. *Oresteia. Prometheus Bound: Tragedy* / Per. s. ancient Greek. Viacheslav. Ivanov, A. Piotrowski, trans. with fr. N. Likhareva, Sankt Petersburg: ABC-Classic, 2006, 224 p.

Е.Р.Ысқақов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: iskakov_elmurat@mail.ru)

Қазақстандық патриотизм идеясын дамытудың негізгі бағыттары

Мақалада Қазақстандағы патриотизм мәселесінің дамуына және қазақстандық патриотизмдік идеяны қалыптастырудың бағыттары мен тиімді жолдары қарастырылды. Ұлы, көрнекті ойшылдар мен мемлекеттік қайраткерлердің «патриотизм» түсінігіне берген анықтамалары келтіріліп, патриотизм жан-жақты зерттелді. Автор патриотизм мәні, ерекшелігі, патриоттық сана түсініктерін сипаттай келе, ұлтшылдық идеясы мәселесін ашып көрсетті.

Кілт сөздер: патриотизм, ұлтжандылық, науқаншылдық, ұраншылдық, Атамекен, кеңестік патриотизм, тоталитарлық режим, интернационализм, ақыл-парасат, салт-сана, экономикалық негіз, плюрализм, шовинизм.

Бүгінгі таңда айырықша маңызды әрі аса өзекті мәселелердің бірі болып табылатын патриотизм, әсіресе осы күндер қазақстандық патриотизм мәселесі, тәуелсіз еліміздің ғаламдық өркениет ортасынан өзінің лайықты орнын алуына бірден-бір себеп болатын маңызы ерекше өлшемнің біріне айналып отыр. Осыған байланысты, кейінгі жылдары патриотизм мәселелері ғылыми тұрғыдан сарапталып, оның толық мәнін айқындау мақсатында, бұл мәселенің теориялық және практикалық тұрғыдан зерттелуі керектігіне назар аударылды. Патриотизм аса күрделі мәселе болғандықтан, оның бар болмысын бір жұмыста толығымен қарастырып шығу мүмкін емес. Сондықтан патриотизмнің саясаттану ғылымында әлі зерттеле қоймаған кейбір тың тұстарына тоқтала кеткеніміз дұрыс деп есептейміз.

Патриотизм тақырыбы саясаттану ғылымында ерекше орын алатын тақырыптардың бірі екендігі даусыз. Саясаттану ғылымының елеулі нысанына айналып отырған осы «патриотизм» ұғымы, соның ішінде «қазақстандық патриотизм» ұғымы да ұғым ретінде ертеректе пайда болғандығы өткен тарихтан белгілі. Бұдан байқайтынымыз, патриотизмнің қалыптасуының жолдарын жете, барынша толық зерттеу, бүгінгі күннің кезек күттірмес өзекті мәселесіне айналып отыр.

Патриотизм, ұлтжандылық (елжандылық) мәселелері қоғамдық дамудың өткен кезеңдеріне де тән болғандықтан, бұл проблемаларды тек қана соңғы жылдардағы оқиғалармен, өзгерістермен шектеуге болмайды. Өткен кезеңдерде патриотизмді, ұлтжандылықты дамытуды әр түрлі қоғамдық ұйымдар мен саяси институттар қатысқаны белгілі. Айтар болсақ, кеңестік идеологияның ұраншылдық, науқаншылдық салдары патриотизмді белсенділіктің құралына айналдырып, бұл ұғымды тым жадағайландырып жіберуі. Сондықтан бүгіндей бұл проблеманың саяси мәні мен жаңа қоғамдағы алар орнын мұқият зерттеу қажеттігі туындады.

Патриотизм – Отанға, туған жерге, өзінің мәдени ортасына деген сүйіспеншілік. «Патриотизм – дегеніміз (гр. *patriotes* — отандас, *patrio* — отан, туған жер) Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мүддесіне жұмсау, туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды», — деп атап көрсетеді [1]. «Патриотизм» ұғымының мазмұнын түсіндіруде саяси сөздіктерде әр түрлі өлшемдер қабылданған. Патриотизмнің әлеуметтік, тарихи, саяси құбылыс болғандығында жатыр және заманына орай әр түрлі әлеуметтік мәнге ие болуына байланыстылығында. Кеңестік патриотизм Отанына, халқына сүйіспеншілікпен қатар интернационализмді, Кеңес Одағы халықтары мен бүкіл дүние жүзі ұлттарына деген достықты қамтыған. Тоталитарлық режим құлап, саяси құндылықтар өзгерген тұста «патриотизм» ұғымын жаңаша ұғындыру саясаттану ғылымының басты мәселесіне айналып отыр. Мұндай үрдісті қазақстандық сөздіктерден де байқауымызға болады. Онда патриотизмге адамгершілік, саяси принцип, әлеуметтік сезім, Отанның өткені мен бүгінгісін мақтан тұту, өзіндік және топтық мүддені елдің ортақ мүддесіне бағындыру, Отанға қызмет ету және оны қорғау өлшем бірліктерінің негізінде анықтама берілген. Алайда патриотизм өлшемдері бұнымен ғана шектелмейтіні белгілі.

Отан деген — сүйіспеншілік, өзінің бар болмысынды елімнің мүддесіне арнап, бойындағы қабілет пен күш-қуатты, білім мен білікті, ақыл-парасатты ел игілігіне жұмсау патриотизмнің басты

ерекшелігі ретінде сипатталады. Бұл қасиет қоғамдық ой-сана қозғалысының ерекше бір бөлігі іспеттес болғандықтан, ол қоғамдық ортаның даму үрдісіне сай әр түрлі мазмұнда көрініс береді. Сондықтан патриотизмнің тарихи кезеңдеріне назар аударып, табиғи тамырларына тереңірек үңілуіміз керек. Патриотизм табиғатының тіні саналатын патриоттық сана ерекшелігін, оның қалыптасу үрдісіне назар аудара отырып, бұдан «патриотизм» ұғымының тарихи эволюциясы қандай үрдістерден өткенін көреміз.

Өзіндік салт-санасы қалыптасқан әр тайпаның осы үрдістегі әлеуметтік құндылықтары олардың колөнерлік, көркем өнерлік дәстүрінен көрініс тауып отырған. Патриоттылық ұғымының бастауы болған алғашқы қауымдық құрылыстағы, патриоттық сана болмысын үш негізге бөліп қарастырамыз, олар: тайпалық дәстүрдегі патриоттық, сананың экономикалық негізі, әлеуметтік негізі және рухани негізі. Экономикалық негізге — жерге және өндіріс құралына деген жалпы тайпалық меншік алынса, әлеуметтік негіз жекелеген тайпа көсемдерінің бедел-билігі мен адамдар арасындағы қауымдастық қатынастар ерекшелігімен сипатталады. Ал рухани негіз бастауына тайпалық мифологиядан басқа адамдардың туған жерге деген сүйіспеншілігі, аруақтарды ардақтау, тайпа көсемдеріне шексіз берілгендігі, қауымдастықты өзгелерден қорғау, түйінді мәселелерді әділ шешуге күш салу секілді ерекшеліктерін жатқызамыз.

Тайпалық дәстүрдегі патриоттық сана сипаты ұжымдық пікірлердің ұқсастығынан көрініс тауып және ол интегративті, нәтижелі қызметін атқарғандықтан, қоғамдық прогрестің өрістеуіне себеп болды. Яғни алғашқы қауым өкілдері бұл кезеңнің өзінде-ақ, тайпалары, жері үшін жанын пиде етуге даяр болған. Өз тайпаларына деген мақтаныш сезімін бойларына ұялатқан тайпаластар арасында жауынгерлік рух басым болған. Олар соғысқа әзірлік алдында би-билеп, тайпа көсемдерінің алдында ерік-жігер дәлелдегі күштілігін көрсетуге тырысты.

Қоғамның дамуына, техникалық прогрестің өріс алуына, капиталистік қатынастардың орнығуына, өндірістік күштер мен өндірістік қатынас ара салмағының өзгеруіне байланысты қоғамның болмысына сай патриоттық сана да жаңа деңгейге көтеріліп, жаңа мазмұнға ие болды. Бұдан бай қоғамымыз, кез келген мемлекеттегі үстемдік етуші саясат пен идеология патриотизмнің мазмұнынан, санасынан көрініс тауып отырды. Адамзатты өркениетке жетелейтін, ізгілікке үндейтін, елжандылыққа баурайтын патриоттық сана қашанда жоғары бағаланып отырған. Сонымен қоса патриотизмді, билікті барынша нығайтудың құралы ретінде шебер пайдалана білген тоталитарлық жүйелердің мысалын тарихтан көптеп кездестіруге болады.

Ал қазақ халқының патриотизмі, қазақстандық патриотизм мәселесіне келетін болсақ, ата-бабаларымыздың аманат еткен жерін қорғау, туған жерді сүю халықтық болмыстан бойға дарыған, ой-сананы жетілдіретін құбылысқа айналып отыр. Елжандылық, отансүйгіштік қасиетті сақтай білу және ел, халық, мемлекет мүддесі үшін қызмет етіп, оның дамуына үлес қосу — әрбір иісі қазақтың, Қазақстан азаматтарының басты парызы.

«Патриотизм» ұғымының мәнін ашып, оның Қазақстан тарихынан алар орны хақында зерттеулер жүргізген ғалымдар елімізде аз емес. Бұл кезекте қазақстандық ғалымдар А.Айталының, Р.Айтқалиевтің, Л.Ахметованың, Б.Әбдіғалиевтің, Р.Әбсаттаровтың, А.Бижановтың, Б.Берлібаевтың, К.Ғабдуллинаның, Ә.Қалмырзаевтың, С.Қозыбаевтың, Ғ.Меңлібаевтың, Д.Раевтың, тағы басқалардың еңбектерін тілге тиек етпей, кете алмаймыз.

Осы мәселемен шұғылданып жүрген ғалымдардың бірі Ә.Қалмырзаев былай дейді: «Патриотизм, отаншылдық сезім априорлық құбылыс емес, ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық саяси-әлеуметтік құбылыс [2].

Қазақстандық патриотизм туралы айтар болсақ, ол тек қазақтардың ғана өз Отанына сүйіспеншілігі емес, онда мекендеген бүкіл ұлт пен ұлыс өкілдерінің бәріне қатысты дүние» [3]. Оның тұжырымы бойынша, патриоттық сезім адамның туа біткен қасиеті емес, ол белгілі бір әлеуметтік, саяси, тарихи ортада ұзақ жылдар бойында қалыптасатын құбылыс. Өйткені ешкімді де осы елді сүй деп мәжбүрлеп, қолдан патриотизм жасай алмайды. Саяси-әлеуметтік, экономикалық негіздері толық қаланбаған жасанды отансүйгіштіктің ғұмыры қысқа, ертеңі бұлыңғыр. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру процесінде осы ерекшеліктерді есте ұстай отырып, «Қазақстаным — қара шаңырағым!» деген ұғымның мәніне терең бойлауымыз керек. Бұл сөз ел иесі қазақтардың ғана емес, жерімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстардың айтар сөзі болуға тиіс. Бұл тұрғыдан келсек, қазақстандық патриотизм сөз бен істің ажырамас диалектикалық бірлігінің баламасы болуға тиіс. Үлкен мінберлерден сөз алып, уәдені үйіп-төгіп, кейін сол уәдеден тайқып шығатындардан патриоттық қасиет күту бос әурешілік. Олардың осындай іс-әрекеті халық

патриотизміне кері ықпал тигізуі. Қазақстанның дамуы жолында әркім өз мүмкіндігіне қарай үлес қосып, іс-әрекет етсе, онда оның нағыз патриот деп қабылдағанымыз дұрыс болады.

Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру үрдісінде әрбір адамның мүдделілік сезімі факторына ерекше назар аударуымыз керек. Бұл орайда ғалым Ғ.Меңлібаевтың ой топшылаулары назар аударарлық. Ол патриотизм мен ұлтаралық қатынас мәдениетін саралап келіп, әрбір жеке адамның қоғамдық мүдде мен жеке мүдде арасалмағына қатысты пікірін білдіреді. «Адам бойына сіңген әлеуметтік және рухани құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың, ізгіліктің бастауы бола отырып, Отан алдындағы борыш пен міндетті орындауда кездескен қиындықтарды батыл жеңуге құлшындырады. Ол үшін қоғам мүддесі, ұлттық мүдделер әркімнің өзінің, жеке басының мүддесі дәрежесінде қабылдануы керек» [4].

«Патриотизм» ұғымын бүкіл әлемдік ғылыми мәдениеттегі терең өзгерістер тұрғысынан алатын болсақ, патриоттық тұжырымдама «Батыстық» және «Шығыстық» дәстүрдегі ағымдардың қақтығысы жағдайында өмір сүруде. Батыс демократиясының негізгі белгісі және ең беделді ұстанымы — плюрализм.

Плюрализм индивидтердің өзін-өзі көрсетуінің қоғамдық формаларының көп жақтылығын, әр түрлі мүдделердің, құндылықтар мен бағалардың, көзқарастардың қатар өмір сүру құқы бар дейтін нанымды білдіреді. Қазіргі әлеуметтік әрекет кеңістігінде плюрализм әр адам үшін негізгі әлеуметтік бағдарға, өмір сүру стилінің эталонына айналды. Сондықтан кешегі рухани өмірдегі аномалды құбылыстар бүгін легитимдік мәртебеге ие болуда. Сайып келгенде, плюрализм қоғамдағы патриоттық сезімдер мен гуманистік қатынастарға өзінің елеулі ықпалын тигізуде. Осының салдарынан халықтағы ерекше бұқаралық көңіл-күйдің әдеттегіден де көтеріңкі болуын, осыдан туындайтын тобырлық сананың басымдығын, патриоттық сезімнің орнына космополитизм, «пендешілік» пиғылдардың үстем болуын байқауға болады» [4].

Плюрализм көптеген идеялардың, қызығушылықтардың және қауымдардың жиынтығын құрай отырып, адамдарды жоғары күрделі интеллектуалды режимінде өмір сүргізеді және социомәдениеттік елестетудің басқа масштабын мұқтаж етеді. Плюралистік жүйе қоғамдық құрылымның күрделі түрі болып келеді. Біздің еліміз жалпықазақстандық патриотизмнің негізі бола алатын кең теңестірудің қалыптасқанын мұқтаж етеді. Осындай теңестіру біздің әлеуметтік және этномәдениеттік әр түрліліктің жалпы қорытындысы болу керек [4].

Парасатты сананың жалпы адамзаттық іргелі түсініктеріне негізделуге тиіс болған жаңа идеялардың кей ұшқындары, өкінішке орай, кісілік, ар, адамгершілік, отансүйгіштік, қарттарды сыйлап, әйел затын құрметтеу сияқты қасиеттер кемуіне себепші болып отыр.

Патриотизмнің мәні туралы сөз еткенде, оның идеяларының ежелгі дәуірден бері қарай қалыптасып келе жатқанын және патриоттың тәрбие ісінде маңызды орны бар екенін білеміз. Патриотизм идеясының идеялар мен құндылықтар жүйесі ретінде пайда болуы және дамуы Аристотель мен Платонның, Цицеронның, XVIII ғасырдағы француз материалистерінің есімдерімен тығыз байланысты. Кейінірек бұл идеяларды неміс философтары мен орыстың ойшылдары дамытты.

Әлемнің бірінші ұстазы атанған данышпан Аристотель өзінің «Риторика» атты еңбегінде дәстүрлер мен заңдардың жекелік және жалпылық сипатын ашып көрсеткен екен. Әр халықтың өзі үшін жасап қалыптастырған дәстүрлері мен заңдарын жекелік деп, адамзат баласы қабылдаған дәстүрлер мен заңдарды жалпы және ортақ деп таниды. Жеке дәстүрлер мен заңдарды ұлы ойшыл жазылған және жазылмаған деп екіге бөліпті.

Ол жазылмаған дәстүрлер мен заңдарды жеке қарастырып, оларды жазылғандардан айырып қана қоймай, жазылмаған дәстүрлер мен заңдардың адамдар тәрбиесіне тигізетін игі әсерін баса көрсеткен. Рухани дәстүрдің аса маңызды қасиеттері мен белгілері ретінде ізгілікті, әділдікті және басқа да қасиеттерді Аристотель атадан балаға ауысып отыратын, әрбір пенденің адамгершілігінің негізі, өмірдің мәні ретінде түсіндіреді.

Цицерон өзінің еңбегінде, патриоттық сана Отанға деген көзқараспен өлшенбек деген пікір айтып, «Мемлекет туралы» тілдесуінде: «Ең ізгі ойлар — отанның игілігі үшін», — деп тұщымды ой айтады. Оның ойынша, Отан дегеніміз — ең алдымен, саяси орта, құқықтық қатынастармен маталған адамдардың бірлестігі және мемлекет». Ежелгі ойшылдардың пайымдауынша, отан алдындағы қарыз дегеніміз — оны тек соғыс жағдайында қорғау ғана емес, сонымен бірге мемлекетті басқару ісіне белсене қатысу.

Патриотизм идеялары ұлтшылдық элементтерден арылғанда ғана қоғамдық процеске игі әсерін тигізеді және халықтардың туыстық әрі тілектестік идеяларымен қабысып жатады. Патриотизм мен

ұлтшылдықтың арақатынасы проблемасының күрделі екендігі сонша, бұл мәселені өткендегі ұлы ойшылдар да оңай шеше алмаған. Мысалы, патриотизм туралы Фихтенің пікірлері қарама-қайшы. Философтардың арасында тұңғыш рет ол патриотизмді ғылыммен байланыстырады. «Патриот, — деп жазады Фихте, — адамзаттың мүддесі ең алдымен сол ұлтта шешілуі керек. Ал бұл мақсатқа тек ғылым арқылы жетуге болады. Демек, ғылым және оның неғұрлым кең таралуы адамзат баласы армандаған мақсаттардың ең таяуы болып табылады» [5].

Гегель патриотизмді абсолют мемлекет құрумен байланыстырады да неміс үлгісіндегі мемлекеттегі өзі айтқан абсолюттік рухқа жүгінеді.

Орыс ойшылдары түрлі халықтар патриотизмі ортақтығы идеясын «адамзатқа деген сүйіспеншіліктің жеке көрінісі ретінде» бағалайды. Олардың түсіндіруінше, патриотизмнің іргесі ұлтшылдықтан аулақ жатыр.

Орыстың ақ жүректі адал қайраткерлері патриотизмнің тарихи тамырларын нақты тарихтан іздеп, халықтардың бір-бірімен жақындасып, туысуында белгілі бір заңдылықтардың бар екендігін анықтаған. Олар патриотизм түсінігіне қайшы шовинизм, нәсіл артықшылығы, ерекше ұлт деген түсініктердің зиянын ашып көрсеткен. Олардың пайымдауынша түрлі халықтардың өкілдерінің патриотизмі «адамзат баласына деген сүйіспеншіліктің жеке көрінісі. Демек, патриотизм мен ұлтшылдық қоңсы қонбайды [6; 363].

XIX ғасырдағы орыс ойшылдарының шығармалары орыс халқының ұлттық санасын қалыптастырудың құралы болды. Олар Отанға деген сүйіспеншілікті ұлттық тар мағынада емес, жалпы адамзат баласына деген сүйіспеншілікпен балама түрінде түсіндірді. «Отанға деген махаббат, — деп жазды В.Г.Белинский, — адамзат атаулыға деген махаббаттан, жалпыдан жалқының туатынындай пайда болады. Өз Отанын сүю дегеніміз — жалпы адамзаттық идеалды құштарлықпен көксеу және шама келгенше соған жетуге көмектесу». Патриотизмнің халықтарды жақындастыру және олардың арасындағы рухани байлықтар алмастыру ісіндегі рөлін көрсетуде Белинский көрегендік танытты. «Халықтар, — деп жазды ол, - өздерінің адамзаттың ұлы әулетінің мүшелері екендігін түсіне бастайды, өз ұлттарының рухани қазыналарымен ағайынша бөліседі. Бір халықтың әрбір жетістігін басқа халықтар тез игереді» [5;153].

Патриотизм мен халықтар бауырластығының бұл идеясын Н.Г.Чернышевский одан әрі жалғастырып: «...орыстың әрбір ұлы адамының тарихтағы орны оның Отанға сіңірген қызметімен, ал адамгершілік парасаты – патриотизмінің қуатымен өлшенеді», — деп тұжырымдады. Оның пайымдауынша, «Отан дегеніміз — ең алдымен халық». Белгілі бір жерде тарихи қалыптасқан халық, сол жерді өзінің терімен суарып, гүлдендіреді, бостандық пен тәуелсіздік үшін күресте қан төгіп, сол жерді қорғайды, өз жерін әлеуметтік мазмұнмен байытып, түрлендіретін, Отан мағынасына енгізетін де дәл сол халық [6; 253].

Патриотизм және халықтар арасындағы достық байланыстар туралы Н.А.Добролюбовтың да қызықты ойлары бар: «Жанды, өміршең патриотизм халықтар арасындағы қандай да өшпенділікті болдырмайды. Мұндай патриотизммен рухтанған адам бүкіл адамзат үшін, оған пайда келтіруге қызмет қылады. Ол өз қызметін туған елінің шегінде ғана атқарса да, неғұрлым пайда тигізетін орны осы екендігін сезінгендіктен... Адамзатқа деген сүйіспеншіліктің жеке көрінісі ретіндегі патриотизм бөгде халықтарды жек көруге жол бермейді» [7].

Украин халқының ұлы перзенті Т.Г.Шевченко жалған патриотизмді айыптап, былай деген болатын: «Туған елін сүймейтін, жарымжан жүрек жандар бар...» [8].

В.Г.Белинский патриотизмнің халықтарды жақындататын, олардың арасындағы рухани игіліктерді алмастыратын күшін анықтауда ғылыми жаңа дәрежеге көтерілді. «Халықтар, — деп жазды ол, — өздерінің адамзаттық ұлы қоғамның мүшесі екендігін түсіне бастады, әрқайсысы өз ұлтының рухани қазынасымен жомарт бауырларша бөлісе бастады. Бір халықтың әрбір олжасын басқа халықтар қуана еншілей бастады...» [5;168].

Ол жеке ұлт өкілдерінің кінәмшіл, бақай есеп өзімшілдігі келмеске кетіп, «ақыл-ой сәулесімен көзі ашылған халықтардың бауырлық құшағы айқасатын күнді армандады.

Халықтардың қалтқысыз достығы мен отансүйгіш идеясын Н.Г.Чернышевский одан әрі дамытып: «...орыстың әрбір ұлы адамының тарихтан алатын орыны Отанға сіңірген еңбегімен, ал, адамдық қадірі оның патриотизм қуатымен өлшенеді», — деп жазды [6; 158].

Ал, патриотизм мәселесін басқаша да қарастырғандар бар. Мысалы, В.И.Ленин патриотизм мен интернационализмді айырылмас жұп ретінде түсінеді. Оның мәнісі — қоғамдық құбылыстарға таптық тұрғыдан қарауда жатыр. «Отан, немесе белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік орта,

пролетариаттың тап күресінің аса қуатты факторы болып табылады... пролетариат өзінің күресінде саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайларға, яғни өз елінің тағдырына, енжар қарай алмайды» [9; 323].

В.И.Ленин патриотизмді нақты тарихи жағдайға байланыстырып сипаттайды. Мысалы, 1916 жылы әлем елдерін үш түрге бөліп алып, әрқайсысын тарихи даму деңгейіне қарай талдады.

Бірінші түрге буржуазиялық-прогрессивті ұлттық қозғалыстар аяқталып, «үлкен» ұлттар мемлекет ішіндегі отарлардағы басқа ұлттарды езіп-жаншып отырған Батыс Еуропа мен Америка Құрама Штаттарының державаларын жатқызады. Бұл елдердегі пролетариаттың міндеті құл болып отырған ұлттардың миллиондаған адамдарының мүддесімен байланысты деп түсіндіреді.

Шығыс Еуропаның мемлекеттерін, әсіресе Ресейді В.И.Ленин екінші түрге жатқызады. Өйткені ХХ ғасырда бұл аймақта буржуазиялық-демократиялық ұлттық қозғалыс өршіп, ұлттық күрес асқынып кеткен болатын. Демек, ол езгідегі ұлттардың жұмысшыларының таптық күресін езуші ұлттардың таптық күресімен ұштастыру жөнінде қиын мәселені қиыстыруға ұмтылды. В.И.Лениннің пайымдауынша, ұлттардың үшінші түрі — отар және жарты отар елдерде тұратындар. Бұл елдердің бірінде буржуазиялық-демократиялық қозғалыстар жаңа басталған, өзгелерінде бұл қозғалыстар жүріп жатыр. Олай болса, марксистердің міндеті бұл елдердегі буржуазиялық-демократиялық ұлт-азаттық қозғалыстың неғұрлым революциялық элементтерін қолдап, империалистік мемлекеттердің езгісіне қарсы бағыттау болып табылады [9; 254].

Бұл үш түрлі елдердің бірінен-бірінің айырмашылығын ашып көрсете отырып, ол: «Отан — тарихи ұғым. Ұлттық езгінің кезіндегі немесе осы езгіге қарсы күрес кезіндегі «Отан» түсінігі басқаша. Ал, ұлттық қозғалыс аяқталған кезде тағы басқаша» [9; 257].

Өзінің «Ұлы орыстардың ұлттық намысы туралы» (1914 ж., 12 желтоқсан) деген мақаласында Отанға, ұлтқа деген қатысын В.И.Ленин былай сипаттаған: «Біздерге, ұлы орыстың саналы пролетарларына, ұлттық намыс сезімі жат па? Әлбетте, жат емес. Біз өзіміздің тілімізді, отанымызды сүйеміз. Біз еліміздің еңбекші қауымын (яғни, халықтың 9/10 бөлігін) демократтар мен социалистердің саналы деңгейіне дейін көтеруге күш салып жүрміз» [9; 259].

Зерттеуші-ғалымдардың басқа бір тобының пікірінше, «Отан» және «патриотизм» түсініктері адамдар қауымдастығының тарихи формасы ретінде халықтың қалыптасуымен байланысты. Мысалы, профессор М.Н.Росенко былай дейді: «Халықтың пайда болуына қарай адамдардың үлкен топтарының әлеуметтік-этникалық, экономикалық, тілдік және рухани ортақтасығы негізінде әлеуметтік, саяси және мәдени орта ретінде «Отан» ұғымы пайда болады» [10].

Әлеуметтік-этникалық, экономикалық, тілдік және рухани ортақтық элементтері сонау алғашқы қауымдық қоғамның өзінде-ақ пайда болып, отан және патриотизм элементтері де қалыптаса бастады деген қорытындыға келуге болады. Ал, қазақ этносындағы патриоттық идеяға келетін болсақ, көне дәуірдегі түркі-қазақ рулары мен тайпаларында көшіп-қону аймақтары, экономикалық қарым-қатынас, саяси басқару, тіл және рухани мәдениет ортақтығына қарай Отан және патриотизм элементтері қалыптаса бастады. Ал, қазақ этносының ортақ Отаны мен патриотизмінің толық қалыптасуы қазақ халқының толық тұтасуымен тұстас келеді. Нәтижесінде біртұтас экономиканың, саяси тұрақтылықтың, ортақ жер, тіл, мәдениет, салт-дәстүрдің қалыптасуына әкеледі.

Жеке адамның санасында «Отан» түсінігінің қаншалықты терең және саналы орнығуына қарай патриотизмді екіге бөліп қарастыруға болады. Біріншісі, Отан туралы жалпы түсінік. Оған халықтың тарихы, дамуы, қорғаныс тәсілдері, патриоттық пікірлер, көңіл-күйі, дәстүрлері мен саналы сезімі кіреді. Екіншіден, патриотизмнің теориялық деңгейі де бар. Атап айтқанда, Отанның құрылуы, дамуы, сақталуы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі туралы ғылыми білімдерді жете меңгеру, Отанға қызмет ету жөніндегі патриоттық идеялар, патриоттық мінез-құлық нормалары осы теориялық деңгейді сипаттайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, патриотизм — әртекті түзілімдерден тұратын күрделі қоғамдық құбылыс. Ең алдымен, ол Отанды сүю, оған берілгендік, тарихы, мәдениеті, тілі т.б. ортақ халық немесе халықтар тұратын мекен-аймаққа қатынасты білдіреді. Патриотизмнің ерекшелігі — оның адамның рухани әлемінен орын алатындығында. Басқаша айтқанда, Отанға деген сүйіспеншілік әлеуметтік ерекше құбылыс ретінде әрбір адамның «ішінде», жан дүниесінде болады.

Адамдар өз санасына патриотизм идеялары мен сезімдерін сіңіріп, саналы түрде рухани қажеттілікке айналдырғанда ғана патриот болады. Демек, тәрбие жұмысының қандай да түрлерінің пәрменділігі жалаң түсіндіре беруде емес, адамдарға ас пен ауа қандай керек болса, патриотизм сезімі сондай қажет болатындай табиғи қажеттілікке жеткізуде деп санаймыз. Ол үшін Отан, туған жер,

туған ел деген қастерлі ұғымдарды нақты өмір мысалдарымен әрі қарапайым, әрі түсінікті етіп, пайымдай білу керек.

Жас ұрпақ тәрбиесі Қазақстанның егемендік алып, тәуелсіздік жағдайына ие болғанда өз мемлекеттілігін қалыптастыруға байланысты бала тәрбиесін қайта қарау маңызды міндеттердің бірі болып отыр. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің елімізді, өзіміздің өмірімізді сынауды білер болсақ, осы жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір тал шыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік», — деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақты осы бастан Отанына, атамекеніне шын берілгендік рухында тәрбиелеуден артық борыш жоқ екендігін атап көрсетті [11].

Патриоттық сана ұлттық және жалпы адамзаттық мүдделер тұрғысынан қарағанда Отанға деген көзқарас құндылықтарының жиынтығы болып табылады.

Құндылық дегенде біз жеке адамның, адамдар тобының, этностың өз Отанының бүкіл табиғи және әлеуметтік элементтеріне қатысына негізделген әлеуметтік сипаттаманы айтамыз. Бұл сипаттама жүйесі жеке адамның, әлеуметтік топтардың өзін қоршаған ортамен байланысының негізгі желілерін айғақтай отырып, тәрбиелік ықпалдың бағдарлары мен әлеуметтік мәнін білдіреді. Яғни пәрменді тәрбие нәтижесінде адамдардың белгілі бір көзқарасы, мінез-құлқы, қоршаған ортаға қатысының тәртібі қалыптасады.

Тұтас алғанда патриоттық сана дегеніміз Отан ұғымын құндылық тұрғысында сезіну, санаға сіңген бұрынғы ұрпақтардың озық дәстүрлеріне ұмтылу болып табылады.

Идеялар мен құндылықтарды жоғалту, жаңа идеялардың жүйесі ретінде идеологияның болмауы, мемлекеттік саясаттағы күңгірттік теріс жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін. Себебі, өкімшіл-өміршіл социалистік жүйенің ыдырауына байланысты адамдар санасының толқулы жағдайында ұлтшылдық-патриоттық, ұлыдержавалық сана, жікшілдік пиғыл белең алуға ұмтылады.

Бұрынғы зерттеулерде патриотизм құбылысында таптық сипатты әсірелеп, ұлттық, жалпы адамзаттық сипаттарды әлсіретіп, адамдардың өз Отанына деген адами сезімін кемітіп көрсету белең алып келді. Ұзақ жылдар бойы Кеңес Одағының ресми насихатында патриотизм түсінігінен ұлттық белгілер ығыстырылып келді. Сөйтіп, патриотизм іргетасы жоқ, көпірме сөз ретінде насихатталды. Мұның өзі тәрбие жұмысына зор нұқсан келтірді. Тап тұрғысынан қарағанда пролетариаттың белгілі бір ұлтқа тән еместігі жөнінде қағида паш етілді, ұлттық патриотизм жоққа шығарылды. Соның нәтижесінде қандай бір ұлттық белгі-дәстүрлерден ада тобырлық мәдениет деген пайда болды. Әр халықтың өзіне тән ғасырлар бойы жинаған рухани мұрасы — дәстүрлері, тәлім-тәрбие үрдістері, өзіндік ерекше салттары аяққа басылды.

Жоғарыда айтқанымыздай, патриотизм жалпыұлттық және ұлттық бөліктерден тұрады. Ұлттық патриотизм әдетте адамдардың белгілі бір ұлтқа тән екендігімен, өз тілімен, мәдениетімен, сол аймаққа тән дәстүрлерімен тығыз байланысты. Патриотизм орыстада, украиндықтарда, белорустықтарда, қазақтарда, өзбектерде, эзербайжандықтарда, грузиндіктерде, армяндықтарда бола алады.

Әйгілі шығыстанушы В.В.Бартольд мұсылман Шығысының ортағасырлық және жаңа тарихы арасындағы жікті айыра отырып, былай деп жазды: «Мұсылмандықтың жаңа тарихына қарап отырсақ, біз оның орта ғасырлардағы ислам тарихынан айырықша өзгешелігін байқаймыз. Орта ғасырлардағы әулеттердің тез алмасып отыруы, шағын мемлекеттердің саяси жағынан тұрақсыз биліктер жағдайында қандай да бір патриотизм болмаса, енді сол аймақта құрылып отырған мемлекеттердің бірлігіне куә болып отырмыз» [12].

Жалпыұлттық патриотизм жағдайында әрбір адам өзін сол мемлекет халқының бір бөлігі ретінде сезініп, түрлі ұлттық қауымдастық өкілдерінің ортақ Отанына деген сүйіспеншілігі мен шын берілгендігін көруге болады.

Жалпықазақстандық патриотизм дегеніміз — өзінді республика халқының ажырамас бөлігі, ортақ Отан ретінде Қазақстан Республикасына сүйіспеншілік сезімі мен берілгендік, азамат ретінде халық пен елдің мүддесін, қажет болса, қару алып қорғайтын борышты сезіну. Шовинизм мен ұлтшылдыққа қарағанда, жалпықазақстандық патриотизм басқа халықтарға деген сыйластық, бүкіл адамзатты құрметтеу тұрғысында көрінеді.

Мемлекеттің сенімді тиянағы болып табылатын, ұлттардың бауырластығы жағдайында ғана шын мәнінде ұлттық патриотизм қалыптасады. Ұлттың біріне-бірі алакөз (себебіне қарамастан) топтарға бөлініп, жіктелуі шын мәніндегі патриотизмге себеп бола алмайды, керісінше, мемлекеттің өміріне

қауіп төндіреді. Демек, қазақтар арасындағы жүздік, рулық, жершілдік пиғылдарға жол беруге болмайды. Бұл жөнінде Президент Н.Назарбаев өзі үлгі көрсетіп, үнемі айтып келеді.

Біздің қоғамымыздың патриоттық санасына үніле қарасақ, үш жағдайды байқаймыз:

- біріншіден, ұлттық-этникалық элементтер бар;
- екіншіден, жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлеу көріністерін көреміз;
- үшіншіден, әлеуметтік-таптық пиғылдар да жоқ емес.

Патриотизм жеке адам санасына белгілі бір экономикалық, әлеуметтік-саяси, мінез-құлық, эстетикалық және басқа да құндылықтарды дарыта отырып, оларды сенім дәрежесінде қалыптастыруға, осылайша, Отанның бүгінгі мен келешегі үшін белсенді қызмет етуге баулуға бағытталған. Әрбір адам игерген әлеуметтік және ұлттық құндылықтар рухани табандылықтың, ерлік пен батырлықтың қайнар көзі, қиын жағдайда Отан алдындағы борышты адал атқаруға бастайтын рухани күш болуға тиіс.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. — 5-т. — Алматы: Қазақ энцикл., 1998. — 168-б.
- 2 Қалмырзаев Ә. Қазақстандық патриотизм қалай қалыптасады // Егемен Қазақстан. — 10 қаңтар. — 1998. — 25-б.
- 3 Раев Д. Қазақстандық патриотизм мен гуманизм // Ақиқат. — 2000. — №89. — 8-б.
- 4 Есенғараев Е.Ж. Плюрализм и патриотизм // Индустриальная Караганда. — 2002. — № 183–185. — 25 окт.
- 5 Белинский В.Г. Избранные педагогические сочинения. — М.: Педагогика, 1982. — 287 с.
- 6 Чернышевский Н.Г. Полное собрание сочинений: В 15 т. Т. I–XVI. — М.: Госполитиздат, 1939–1953. — 575 с.
- 7 Добролюбов Н.А. Избранные педагогические сочинения / АПН СССР. — М.: Педагогика, 1986. — С. 123.
- 8 Шевченко Т.Г. Собрание сочинений: В пяти томах // Под ред. М. Рылского и Н. Ушакова. — М.: Гослитиздат, 1948–1949. — С. 83.
- 9 Ленин В.И. Полное собрание сочинений. — Т. 37. — М.: Госполитиздат, 1965–1975. — 738 с.
- 10 Росенко М.Н. Патриотизм и общенациональная гордость советского народа. — Л.: Лениздат, 1977. — С. 68.
- 11 Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде. — Алматы: Қазақстан, 1993. — 33-б.
- 12 Бартольд В.В. Киргизы. Исторический очерк / Соч. Т. II. Ч. 1. — М.: Госполитиздат, 1963. — С. 65.

Е.Р.Исқақов

Основные направления в развитии идеи казахстанского патриотизма

В статье рассмотрены эффективные пути становления идеи казахстанского патриотизма и развитие патриотизма в Казахстане. Приведены определения великих мыслителей и государственных деятелей понятия «патриотизм» а также разносторонне изучена идея патриотизма. Описывая сущность, особенности и понятия патриотического сознания, автор раскрывает проблему идеи национализма.

Ye.R.Iskakov

The main directions in the development of the idea of Kazakhstani patriotism

This article investigates effective ways and trends of the formation of Kazakhstani patriotism and the development of patriotism in Kazakhstan. It also provides the quotes of the great thinkers and statesmen on the term of «patriotism» and studies the idea of patriotism. The problem of the idea of nationalism is revealed through the description of the nature, features, and concept of patriotic consciousness.

References

- 1 *Kazakhstan national encyclopaedia*, Almaty: Kazakh encyclopaedia, 1998, 5, p. 168.
- 2 Kalmyrzaev A. *Egemen Kazakhstan*, 1998, January 10, p. 25.
- 3 Rayev D. *Kazakhstan patriotism and humanism // Akikat*, 2000, 89, p. 8.

- 4 Esengaraev E.Zh. *Pluralism and patriotism* / Industrial Karaganda, 2002, Oktober, 25, p. 183–185.
- 5 Belinskyi V.G. *Chosen pedagogical compositions*, Moscow: Pedagogika, 1982, 287 p.
- 6 Chernyshevskiy N.G. *Complete works*: In 15 т. Vol. 14, Moscow: Gospolitizdat, 1939–1953, I–XVI, 575 p.
- 7 Dobrolyubov N.A. *Chosen pedagogical compositions* / APN USSR, Moscow: Pedagogika, 1986, p. 123.
- 8 Shefchenko T.G. *Complete works: 5 тоms* / Ed. of M. Rylsky and N. Uschakov, Moscow: Goslitizdat, 1948–1949, p. 83.
- 9 Lenin V.I. *Complete works*. 37 vol., Moscow: Gospolitizdat, 1965–1975, 738 p.
- 10 Rosenko M.N. *Patriotism and national pride of the Soviet people*, Leningrad: Lenizdat, 1977, p. 68.
- 11 Nazarbaev N.A. *Future of Kazakhstan - on ideological unity my society*, Almaty: Kazakhstan, 1993, p. 33.
- 12 Bartold V.V. *Kyrgyz. Historical sketch* / Complete works. II (Vol. 1), Moscow: Gospolitizdat, 1963, p. 65.

УДК 297:101.14

S.Akhmetkul

*E.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: seke-88@mail.ru)*

A literature review on Islamic fundamentalism

The article investigates the existing knowledge of Islamic fundamentalism. A literature review on the phenomena of Islamic fundamentalism includes the debate over the term and three main theoretical frameworks (Middle Eastern and Islamic studies, conflict analysis and resolution, social movement theory) and problem areas within these concepts.

Key words: Islamic fundamentalism, a literature review, politicization of Islam, Middle Eastern and Islamic Studies, globalization, conflict analysis and resolution, discourse ethics, Islamic activism, social movement theory, salafism, Wiktorowicz).

Introduction

Islamic fundamentalism is a growing threat across the world. The spread of globalization and open borders have made countries vulnerable to religious radicals who are trying to get revenge for their failures in dealing with modernity. Started as a resistance against colonialism and Western cultural domination in the Middle East, nowadays Islamic fundamentalism is gradually taking an offensive form being able to destabilize any state and trying to establish an alternative global order. In this regard Islamic fundamentalism is perceived as an absolutist universalism. The politicization of Islam as a new global phenomenon had been recognized by scholars long before the end of the Cold War [1]. However, it has been put into the core of scholarly debate after the breakdown of Soviet Union because the West needed a new enemy to replace communism, and Islamic fundamentalism seemed to have all qualifications [2]. Barber's [3] "Jihad vs. McWorld", widely shared by journalists and commentators, is one of many other works proposed to view Islamic fundamentalism as the next major threat to Western civilization. Despite the fact that a lot of works have been published about Islamic fundamentalism over the last three decades, there exists no systematic overview of research on Islamic fundamentalism. The goals of this paper are to present a systematic review of Islamic fundamentalism research and provide suggestions for future research efforts. The investigation of the existing knowledge of Islamic fundamentalism includes the debate over the term and three main theoretical frameworks (Middle Eastern and Islamic studies, conflict analysis and resolution, social movement theory) and problem areas within these concepts.

The debate over the definition

Initially, the term fundamentalism coined in the USA in 1920s and was used in the Christian context to refer to certain Protestant churches and organizations opposed to "modernism" [4]. Only fifty years later, after the 1979 Iranian Revolution, Islamic fundamentalism came into widespread usage by American mass media. The term spread rapidly, and by 1990s *Concise Oxford Dictionary of Current English* defined it not

only as “the strict maintenance of traditional Protestant beliefs,” but also as “the strict maintenance of ancient or fundamental doctrines of any religion, especially Islam” [5]. However, there is considerable disagreement among scholars with regard to the use of the term Islamic fundamentalism. While some scholars oppose that the term is less explanatory, others argue that every Muslim believes in the fundamentals of Islam, so it has positive implication in the Islamic context [6, 7].

The difference between Islamic fundamentalism and Islamism is another problem area disputed by scholars. According to Martin Kramer “to all intents and purposes, Islamic fundamentalism and Islamism have become synonyms in contemporary American usage” [4]. Graham Fuller [8] and Olivier Roy [9] distinguish between Islamic fundamentalism and Islamism in describing fundamentalism as a strict return to early Islamic state while implications of Islamism ideology are thoroughly modern. John Esposito prefers to use Islamic revivalism and Islamic activism instead of Islamic fundamentalism for its association with “political activism, extremism, fanaticism, terrorism, and anti-Americanism” [7; 8]. Whereas a few scholars defended the term fundamentalism, “the use of this term is established and must be accepted” [6; 117]. As we see, different authors have different points of view regarding the usage of the term Islamic fundamentalism. However, what they do agree about is that Islamic fundamentalism or Islamism as a political phenomenon is an aggressive politicization of Islam for political ends.

Middle Eastern and Islamic studies on Islamic fundamentalism

The debate about Islamic fundamentalism has developed generally within Middle Eastern studies and Islamic studies in the U.S., and most scholarly work have coincided with current U.S. policy and its strategic interests in the Middle East. In the early years, the rise of Islamic fundamentalism was associated with such names as Khomeini, Quaddafi, Hizballah, and Muslim Brotherhood. The emergence of Islamic fundamentalism was explained as the crisis of Islam [10], and scholars like Ernest Gellner [11] did not make distinction between Islam and Islamic fundamentalism. Along similar lines, Barber calls all Islam as Jihad when it is Islam that “nurtures conditions favorable to parochialism, anti-modernism, exclusiveness and hostility to “others” — the characteristics that constitute what I have called Jihad” [3; 205].

Said argues that some scholars tend to explain the violent actions of Islamists by a long and abstract account of Islamic history until the Middle Ages rather than analyzing current debate between nationalists and followers of Islamic tendencies, or between different groups within Islamic tendency itself [12]. In his opinion, government’s incapability to provide basic human needs is the main cause of the rise of Islamic fundamentalism in most Middle Eastern states. Said suggests that “Islamic fundamentalism begins as a protest and then takes on a life of its own” [12; 275].

